| <p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері</p> | <p>1. Денешынықтыру Мақсаты: (ҮК) Кеглилер арасымен допты көтеріп жүру. Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру. Ұйымдастыру кезеңі. Балалармен амандасу Шеңберге тұру.Шеңбермен жүру -Түрлі бағытта жүру -Тапсырмамен жүгіру - Жай жүріспен жүру Жалпы дамытушы жаттығулар: 1.Б.қ.Тік тұру.Қол төменде. Қолды жоғары көтреу- «Міне біз үлкенбіз» Отыру,қолды тізеге қою-«Міне біз кішкентаймыз» Б.қ.келу. (3-4рет) 2.Б.қ.Еденге отыру, аяқтарды бірге қою,қолымызды артқа тіреп отыру. Тізені бүгіу, қолымызбен тізені құшақтау. Б.қ.келу. (3-4рет) 3.Ишпен жату,алдыға қару,Қол иек астынада. Қолды алға созу,тәрбиешіге көрсету. Қолдарын арқаға қою-балықтар жүзеді.</p> | <p>1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Менің Қазақстаным Мақсаты Балаларға отан,Тәуелсіз Қазақстанымыз жайлы мағлұмат беру. Отанын,елін шексіз сүюге тәрбиелеу, еліміздің рәміздерін құрметтеуге баулу. Ұоқ өтілу барысы Шаттық шеңбері. Мына аспан астында Жақсы дос көп табылар Мен де соның бірімін, Сыйлығымды қабыл ал II. Ой дамыту -Отан жайлы әңгіме жүргізу. -Отан туралы түсінік беру. Сұрақ-жауап. -Балалар отбасы дегеніміз не? -Неге отан отбасынан басталады? Сергіту сәті. Біз кішкентай баламыз Өсіп-өніп толамыз Күнге қарай талпынып Көкке қолды созамыз Қанат қағып ұшамыз Орнымызды табамыз Педагог жетекшілігімен ойын: « Мен жақсы көремін»(отанды,табиғат-ты, ауылды, отбасымды, гүлді,</p> | <p>1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Астана-бас қалам» Мақсаты: Астана туралы білімдерін қалыптастыру. Өз елінің рәміздеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. ҰОҚ өтілу барысы Шаттық шеңбер Е. Өтетілеуұлының «Бала, бала, баламыз»өлеңі Бала, бала, баламыз Бала, бала, баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз! Қызығушылықты ояту. Өлең оқу. «Астанам» Болашаққа бастаған, Шарықтайды асқақ ән. Елордасы Отанның, Мақтанышымы – Астанам. Сұрақ –жауап Өлең не туралы айтылған? Өлеңнің ішінде қандай сөздер бар? II. Ой дамыту. Акт технологиясын пайдаланып астананы , тамашалу. Астана жайлы мәлімет беру. Сұрақ жауап Педагог жетекшілігімен ойын: «Кім тапқыр?» -Бәйтерек қайда орналасқан? -Астанаға немен барамыз? -Астанада кімдер тұрады?</p> | <p>1.Сенсорика Тақырыбы: «Мұнара» Мақсаты: Балаларға мұнара туралы түсінік бере отырып, түстері бойынша пирамида құрастыруды үйрету. ҰОҚ өтілу барысы Әдіс –тәсілдер: бақылау, көрсету, түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелесу Ресурстар: ойыншық аю, текшелер Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт. Аю келеді. Балаладан мұнараға тұрғызуға көмек сұрайды. Ой қозғау. Балалар,сендер мұнара тұрғыза аласыңдар ма? Біз оны неден тұрғызамыз? Үлгі көрсету,түсіндіру. текшелердің түстерін сұрап, ең алдымен қандай түсті текшені қоямыз, оның үстіне қандай түсті текшені қоямыз, қызыл түсті текшенің үстіне қандай түсті орналастырамыз, ең үстіне қандай текше қойылады. Балалардан сұрай отырып, орналастыру, көрсету.</p> | |
|---|---|--|--|---|--|

| | | | | | |
|--|---|--|--|---|--|
| | <p>Б.қ.келу. (3-4рет) 4.Б.қ.Тік тұру.Торғайлар сияқты секіру.Б.қ.келу. 5.Жәй жүру. 1.Музыкалық-ырғақты қимылдар (айналу, орнындасекіру).</p> <p>Негізгі қимыл-жаттығулары: -Кеглилер арасымен допты көтеріп жүру. -Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру. Қимылды ойын: «Ұстап ал!» Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.</p> <p>2. Сурет салу Тақырыбы: «Пирамида» Мақсаты: Балаларға пирамида туралы түсінік бере отырып, трафарет арқылы сурет салуды үйрету. Қолданылатын</p> | <p>балабақшамды т.б) АҚТ пайдаланып астананы тамашалу. III. Ой қозғау. Өлең оқу. «Астанам» Болашаққа бастаған, Шарықтайды асқақ ән. Елордасы Отанның, Мақтанышым – Астанам. Өлеңді қайталау Қорытындылау. Сұрақ жауап арқылы аяқтау Балаларды мадақтау.</p> <p>2.Музыка Педагог жоспарымен</p> | <p>-Астанада күн қандай? Қортынды Балаларды мадақтау.</p> <p>2.Денешынықтыру Мақсаты: (БК) Кеглилер арасымен допты көтеріп жүру. Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру. Ұйымдастыру кезеңі. Балалармен амандасу Шеңберге тұру.Шеңбермен жүру -Түрлі бағытта жүру -Тапсырмамен жүгіру - Жай жүріспен жүру Жалпы дамытушы жаттығулар: 1.Б.қ.Тік тұру.Қол төменде. Қолды жоғары көтреу- «Міне біз үлкенбіз» Отыру,қолды тізеге қою- «Міне біз кішкентаймыз» Б.қ.келу. (3-4рет) 2.Б.қ.Еденге отыру, аяқтарды бірге қою,қолымызды артқа тіреп отыру. Тізені бүгіу, қолымызбен тізені құшақтау. Б.қ.келу. (3-4рет) 3.Ишпен жату,алдыға қару,Қол иек астынада. Қолды алға созу,тәрбиешіге көрсету. Қолдарын арқаға қою-</p> | <p>Балалардың жұмыстырын бақылау Жеке көмек көрсету. Сергіту сәті: Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен, Теріп-теріп алайық Қалтамызға салайық. Балаларға бағыт- бағдар беріп отыру. Қорытынды: - Балалар сендер бүгін не құрастырдыңдар? -Қандай текшелерді пайдаландыңдар? Аю қуанып балалармен қоштасу. Мадақтау. 2.Денешынықтыру Мақсаты: (ҮК) Бір бағытта шеңбер бойымен жұптасып жүру. Доға астынан допты домалатып өту. Ұйымдастыру кезеңі. . Балалармен амандасу Тәрбиешінің артынан шеңбермен жүру. «Орман аңдары» 1. «Аю» Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру. 2. «Түлкі» Қолды жанға ұстап, (қуланып) бір сызықпен жүру. 3. «Көжсек»</p> | |
|--|---|--|--|---|--|

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|--|
| | <p>көрнекі құралдар: түрлі түсті карандаштар. үлгі</p> <p>Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Өлең айтып, ән салдым, Асыр салып, қуандым. Бақшадабіз жүреміз, Досымызбен шаттанып ! (Г. Бектұрова) «Кубизм» әдісі Жыл мезгілі. Қызығушылықтар-ын ояту. Түрлі түсті ойыншық. Көздің жауын алады. Ол не ? Ой қозғау. Балалар, маған пирамидалардың төменнен жоғары, содан кейін жоғарыдан төмен қарай орналасқан түстерін айтып беріңдерші. Балаларды мадақтау Балалар, енді осындай пирамидаларды өзіміз жасап көрейік. Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру. Жеке көмек. Сергіту сәті. Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз.</p> | | <p>балықтар жүзеді. Б.қ.келу. (3- 4рет) 4.Б.қ.Тік тұру.Торғайлар сияқты секіру.Б.қ.келу. 5.Жәй жүру. 1.Музыкалық-ырғақты қимылдар (айналу, орнындасекіру). Негізгі қимыл- жаттығулары: -Кеглилер арасымен допты көтеріп жүру. -Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру. Қимылды ойын: «Ұстап ал!» Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.</p> | <p>Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру. 4. «Қасқыр» Баяу жүгіру, жылдам жүгіру. 3.Жалпы даму жаттығулары: (Доптармен). 1.Б.қ.: тік тұру, аяқ бірге, доп кеудеде. Допты алға созу. Жоғары көтеру. Алға созу. Б. қ. келу. 2.Б. қ.: аяқ иық көлемінде алшақ, қол төменде. Допты алға созу.Отыру, тұру.Б. қ. келу 3. Б. қ.: Аяқ арасы иық көлемінде алшақ, доп кеуде тұсында. Допты алға созу. Еңкею, допты тізеге тигізу. Б. қ. келу. 4. Қос аяқпен секіру. . Б. қ. келу. Тыныс алу жаттығулары: «Алақандағы допты үрлеу». Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулар. Допты себетке салу. Қимылды ойын: «Кішкентай мысықтар» 1.Ойын шартын түсіндіру. 2.балалармен бірлесе</p> | |
|--|--|--|---|--|--|

| | | | | | |
|---|---|--|--|--|---|
| | <i>Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір. Қорытынды. Балалардың салған суреттерін бағалау, мадақтау. 3 шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.</i> | | | <i>ойнау. Бір біріне кедергі жасамай жүгіруге дағдыландыру Балаларды мадақтау.</i> | |
| Серуенге дайындық | <i>Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</i> | | | | |
| Серуен: | <i>Картотека № 8 Мұзды бақылау. Мақсаты: Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.</i> | <i>Картотека № 9 Қырауды бақылау. Мақсаты: Қырау туралы түсінік қалыптастыру. Талға, сымға тұрған қырауды көрсете таныстыру.</i> | <i>Картотека № 10 Шыршаны бақылау. Мақсаты: Шыршаның тікенекті, оның қысы-жазы бір түсте болтынын көрсете түсіндіру.</i> | <i>Картотека № 16 Аязды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз туралы түсіндіру.</i> | <i>Картотека № 12 Қыстап қалатын құстарды бақылау. Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат беру</i> |
| | <i>ҚЫСҚЫ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген</i> | | | | |
| Серуеннен оралу | <i>Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.</i> | | | | |
| Түскі ас | <i>ӘНГІМЕ ЖҮРГІЗУ. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып, тамақтануға, нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</i> | | | | |
| Ұйқы | <i>Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.</i> | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары | <i>№11. Ояну Қандай газжап керемет, Әсем есік ашылды. Түрлі - түсті бояулар, Аспанда жайылып шашылды</i> | <i>№2.1. Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.</i> | <i>№3 1. Ояну Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылыпбірайық.</i> | <i>№41. Ояну Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық.</i> | <i>№51. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақтыұрайық Орнымыздан тұрайық.</i> |

| | | | | | |
|---|---|--|--|--|---|
| | Ұйқымайдайашылды | | | | |
| Бесін ас | <i>Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</i> | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | Картотека № 22 «Қыстап қалған құстар?» <i>Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.</i> | Картотека №13 «Мамандықтың бәрі жақсы» <i>Мақсаты: Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру</i> | Картотека № 10 «Отбасы» <i>Мақсаты: Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету.</i> | Картотека №9 «Жануарларға қамқор боламыз» <i>Мақсаты: Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу.</i> | Картотека № 7 «Гүлдерді күтеміз» <i>Мақсаты: балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін қалыптастыру.</i> |
| Әлеумет саласы дидактикалық ойындар картотекасынан. Картотека қосымша тігілген | | | | | |
| Серуенге дайындық | <i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.</i> | | | | |
| Серуен | Картотека № 8 Мұзды бақылау. <i>Мақсаты: Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.</i> | Картотека № 9 Қырауды бақылау. <i>Мақсаты: Қырау туралы түсінік қалыптастыру. Талға, сымға тұрған қырауды көрсете таныстыру.</i> | Картотека № 10 Шыршаны бақылау. <i>Мақсаты: Шыршаның тікенекті, оның қысы-жазы бір түсте болтынын көрсете түсіндіру.</i> | Картотека № 16 Аязды бақылау. <i>Мақсаты: Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз туралы түсіндіру.</i> | Картотека № 12 Қыстап қалатын құстарды бақылау. <i>Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат беру</i> |
| Серуеннен оралу | Таңертеңгі серуен бақылауын бекіту. | | | | |
| Кешкі ас | <i>Балалардың назарын тағамға аудару</i> | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | <i>Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.</i> | <i>Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.</i> | <i>Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.</i> | <i>Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.</i> | <i>Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.</i> |

**«Балбөбек» кіші тобы балаларының өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы
«Балдырған бөбекжайы» КМҚК**

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Уақыты: 20.12-24.12.2021 IV апта

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 20.12.21. | Сейсенбі 21.12.21 | Сәрсенбі 22.12.21. | Бейсенбі. 23.12.21. | Жұма 24.12.21. |
|--|---|---|---|---|--|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу. Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) | Балаларды қабылдау барысында дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату. Ата-аналармен амандасу. Баланың денсаулығы, көңіл- күйі туралы білу. | | | | |
| | Картотека №5 «Өзім және отбасым» | Картотека № 3 «Құстар біздің досымыз» | Картотека № 7 «Гүлдердікүтеміз» | Картотека № 9 «Дұрыс көрсет, ажырат» | Картотека № 11 «Бізгекүз не әкелді?» |
| | ӘЛЕУМЕТ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН. (картотека қосымша тігілген) | | | | |
| Таңертеңгі гимнастика | Желтоқсан айының 4 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшандыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету | | | | |
| Таңғы ас | Сауықтыру шаралары: Ауызды жуу, жылы сумен шаю. Ас мәзіріне отыру. Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу. | | | | |
| Ойындар, ҰОҚ дайындық | ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу.. Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу. Асапан ашық, көгілдір Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр | | | | |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері | 1. Денешынықтыру Мақсаты: (БК) Кеглилер арасымен допты көтеріп жүру. Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру. Ұйымдастыру кезеңі. . Балалармен амандасу Тәрбиешінің артынан шеңбермен жүру. | 1. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Туған өлке» Ө. Тұрманжановтың Мақсаты. Өлеңді зейін қойып тыңдауға үйрету. Өлең жолдарының мағынасын түсіндіру ҰОҚ өтілу барысы | 1. Жаратылыстану Тақырыбы: Біздің Рәміздер Мақсаты: Мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін кеңейту, берілген сұрақты тыңдау және оны түсіне білуді жетілдіру. Қолданылатын көрнекі | 1. Құрастыру. Тақырыбы: «Үй және қақпа» Мақсаты: Балаларды құрылыс блоктарымен үй жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыра алуға дағдыландыру. Ресурстар: лево ойыншықтары, құрылыс | 1. Музыка. Педагог жетекшісінің жоспары бойынша. 2. Жапсыру. Тақырыбы: Әдемі жалаушалар Мақсаты: Жалаушалардың қолдану қасиеттері туралы түсіндіру. Мерекелерде |

| | | | | |
|--|--|---|--|--|
| <p>«Орман аңдары» 1. «Аю» Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру. 2. «Түлкі» Қолды жанға ұстап, (қуланып) бір сызықпен жүру. 3. «Көжек» Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру. 4. «Қасқыр» Баяу жүгіру, жылдам жүгіру. 3.Жалпы даму жаттығулары: (Доптармен). 1.Б.қ.: тік тұру, аяқ бірге, доп кеудеде. Допты алға созу. Жоғары көтеру. Алға созу. Б. қ. келу. 2.Б. қ.: аяқ иық көлеміндей алшак, қол төменде. Допты алға созу.Отыру, тұру.Б. қ. келу 3. Б. қ.: Аяқ арасы иық көлеміндей алшак, доп кеуде тұсында. Допты алға созу. Еңкею, допты тізеге тигізу. Б. қ. келу. 4. Қос аяқпен секіру. . Б. қ. келу. Тыныс алу жаттығулары: «Алақандағы допты үрлеу». Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулар.</p> | <p>Шаттық шеңбер Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз. Барша жанды құрметтеп, Бас иеміз біз. II. Ой дамыту Суретпен жұмыс Тақтаға ауылдың таныс жерлері мен ғимараттардың суреттерін іліп,балалардың назарларын суретке аударып, сұрақтар қою. - Мынасуреттерсендергетаныс па? -Бізтұратын ауыл қалайаталады? Балалардыңжауаптарынмұқияттындап толықтыру. . Ө.Тұрманжановтың «Туған өлке» өлеңін оқып түсінік беру. Туған өлке Көгінде күн нұрын төккен, Жерінде гүл жұпар сепкен. Неткен сұлу,неткен көркем, Осы менің туған өлкем! Ой қозғау.:</p> | <p>құралдар: ҚР-ның рәміздерінің бірі-тудың суреті Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Біз ақылды баламыз, Айтқан тілді аламыз. Үлкенге де, кішіге Сәлем беріп тұрамыз. II. Ой қозғау. -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Қыста күн қандай болады? Сендер қыста қандай киім киесіңдер? Бүгінгі ауа райы қандай? Ой дамыту. Түсінік беру,бақылату. Суретпен жұмыс. Балалар назарын рәміздер суретіне аудару. Әрқайсысын жеке-жеке таныстырып, қайталану. Тосын сәт. Осы кезде есік қағып, бөлмеге қуыршақ Әйгерім келеді. Балалармен амандасады. -Балалар, бүгін қуыршақ Әйгерім келді. Сендердің ойнағыларың келе ме? Дидактикалық ойын: «Тауып көр» Мақсаты: Әр түрлі жалаушалардың ішінен Қазақстан жалауын таба білу. Сергіту сәті.</p> | <p>материалдары. Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Біздің топтың ұл- қыздары, Тату тәтті ойнайды. Әлемдегі бар адамға, Тек жақсылық ойлайды. II. Ой дамыту. Суретпен жұмыс: -Балаларға суретті көрсетіп, талдау жасау. III.Ой қозғау. Балалар сендер мына суретте не көріп тұрсыңдар? Үйлер қандай екен? Үйді жасау үшін қандай құрылыс материалдары керек ? Үйді кім салады? Құрлымдалған ойын. «Құрлысшылар үй салады» Топқа бөлу. Лего ойыншықтары және құрлыс ойыншықтары арқылы топқа бөлу. 1-топ Лего ойыншықтарынан бір қабатты үй құрастыру 2-топ құрылыс материалдарынан қақпа құрастыру. Үй құрастырудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру. Бір қабатты үйге төрт текше,екі үшбұрыш керек және оны қалай қою керек екенін түсіндіру. Ал көп қабатты үй жасау</p> | <p>сәндеу жұмыстарында қолданылатын жалаушаларды көрсете отырып, қиылған дайын жалаушаны қағаз бетіне ұқыпты жапсыруға үйрету Қауіпсіздік ережелерін ескерту. Шаттық шеңбері. "Бала,бала,баламыз" Е.Өтетілеуұлы. Бала,бала,баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамызда қаламыз! II.Қызығушылықтарын ояту. Жұмбақ жасыру. Әр мереке сайын, Желбірейді әсем. Қызыл – жасыл әртүрлі, Түстері де көркем. (Жалаушалар) 2.1Ой дамыту 1.Жалаушалар туралы түсінік беру. Сұрақ – жауап. -Жалауша дегеніміз не? - Әдемі жалаушаларды қай кезде көресіңдер? Сөздік жұмыс. 2. .Балаларды топқа бөлу 1-топ Қызыл 2-топ Сары 3-топ Жасыл</p> |
|--|--|---|--|--|

| | | | | |
|--|---|---|---|---|
| <p>Допты себетке салу. Қимылды ойын: «Кішкентай мысықтар» 1.Ойын шартын түсіндіру. 2.балалармен бірлесе ойнау. Бір біріне кедергі жасамай жүгіруге дағдыландыру Балаларды мадақтау.</p> <p>2.Сурет салу Тақырыбы: Күлімде күн (ұжымдық жұмыс) Мақсаты:Алақанмен сурет салу қабілеттерін бекіту. Күннің шуақтарын түсіне сәйкестендіре жылдам басып салуға үйрету. Күн шуағын әсем бейнелей отырып, табиғатты аялау тәрбиелеу.</p> <p>Шаттық шеңбері. Табиғат ана. Н. Жанаев Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз.</p> <p>II.Қызығушылықтарын ояту. Жұмбақ жасыру. Таңертең көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. (Күн)</p> <p>2.1Ой дамыту -Күн туралы түсінік беру. -Сұрақ – жауап . - Табиғат нешеге бөлінеді? -Тірі табиғат өсіп – өну үшін не керек?</p> | <p>- Балалар,өлеңүнадыма ? Не туралыжазылған? Мадақтау Сергіту сәті. Орнымыздан тұрайық, Алақанды ұрайық Оңға қарай бұрылып, Солға қарай бұрылып, Бір отырып, бір тұрып Бой сергітіп алайық.</p> <p>«Бөлшектерді құрастыр» дидактикалық ойын Қиынды суреттерден ауылдың суретін құрастырады.</p> <p>Қорытынды. Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау. Не туралы 2.Музыка Педагог жоспарымен.</p> | <p>Бір қадам әдісі арқылы Ту туралы тақпақты қайталайды. Қуыршақ Айгерім балалармен қоштасады. Балалар, менің енді кетуім керек.Сендерге тағы да келіп тұрам ғой. Келесі кездескенше сау болыңдар. Қорытынды. Көздеріңді жұмып, терең дем алыңдар. Туған жеріміздің таза ауасының өн бойымызға қалай тарап жатқанын сезініңдер. Бізге қонаққа кім келді? Қандай ойын ойнатты? Балаларды мадақтап, аяқтау</p> <p>3.Денешынықтыру. Мақсаты: (ҮК) Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіру. Допты қос қолдап лақтыру. I.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру Негізгі бөлім:</p> | <p>үшін бірнеше текшелер, бірнеше кірпіштер қажет болады. Ол үшін текшелерді түстеріне сәйкес орналастыру керек,екі қызыл текше, оның үстіне ұзын сары түсті кірпіш қойылады,оның үстіне екі жасыл түсті текше қойып, сары кірпішті орналастырып, оның үстіне көк түсті үшбұрыштарды қоямыз, сонда көп қабатты үй дайын болады.</p> <p>Өз беттерінше жұмыс. Бақылау, жеке көмек көрсету. Балаларды мадақта Педагог жетекшілігімен ойын: «Бұл қай пішінге ұқсайтын зат?» Пішіндер қандай болады? Олар бір -біріне ұқсайды ма? Қорытынды: Балалардың жасаған жұмыстарын қорытындылау. Балаларды мадақтау. Көңілді смайктер беру.</p> <p>2.Денешынықтыру Мақсаты: (БК) Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіру. Допты қос қолдап лақтыру. I.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру.</p> | <p>Жұмысқа қатысты материалдарды атау, көрсету. Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін түсіндіру. Тазалық, ұқыптылық , қауіпсіздік туралы ескерту.</p> <p>3. Өз беттерінше жұмыс. Қадағалау, көмек көрсету Дид ойын: «Біздің көрме» Балалардың жұмысын мадақтау.</p> |
|--|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|--|--|--|--|--|
| <p>- Жарық, жылу, су, ауа. –Олар жылуды қайдан алады. –Күннің шуағы деген не? 2. Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету Дид ойын: «Қандай түс» 3. Ұжымдық жұмыс жасау. Қадағалау, көмектесу Саусақ жаттығуы: «Дос болайық» Торғайлармен дос болайық Көңілдірек қанекей. Жем береміз, бәріміз. Егер жаңбыр жауа қалса, Тығыламыз бәріміз. күн шуағын шашса бізге, қуанамыз бәріміз. Сергіту сәті: «Біз кішкентай баламыз» Біз кішкентай баламыз, Өсіп-өніп толамыз. Көкке қолды созамыз, Құстай қанат қағамыз. Қарлығаш боп ұшамыз, 1-2-3 өсеміз де, толамыз. Дид ойын: «Біздің көрме» Балалардың жұмысын мадақтау.</p> | | | <p>Жалпы дамыту жаттығулар: (гүлдермен) 1. Қол мен иыққа арналған жаттығулар: «Тербелу» Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде. а) қолдарды жоғары көтеру. ә) екі жанға тербелу, оңға тербелу. б) солға тербелу. 2. Денеге арналған жаттығулар: «Бағыттаушы» Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде. а) қолдағы гүлдерді жоғары көтеру. ә) алға созу. б) екі қолдағы гүлдерді кеуде тұсына әкелу. в) екі қолды жанға созу. г) б.қ. келу. 3. Аяққа арналған жаттығулар: «Алақай!» Б.қ: тік тұру, қол төменде. а) екі қолдағы гүлдерді кеуде тұсына әкеліп, тізені сәл бүгіп отыру. ә) бір орында секіріп, қолды жанға созу. б) б.қ. келу. Тыныс алу: «Әдемі гүлдің иісі, Гүл ашады қауызын» (қолдарындағы гүлдерді иіскеу) . Бастапқы қалыпқа келу.</p> | <p>Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді, қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: (гүлдермен) 1. Қол мен иыққа арналған жаттығулар: «Тербелу» Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде. а) қолдарды жоғары көтеру. ә) екі жанға тербелу, оңға тербелу. б) солға тербелу. 2. Денеге арналған жаттығулар: «Бағыттаушы» Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде. а) қолдағы гүлдерді жоғары көтеру. ә) алға созу. б) екі қолдағы гүлдерді кеуде тұсына әкелу. в) екі қолды жанға созу. г) б.қ. келу. 3. Аяққа арналған жаттығулар: «Алақай!» Б.қ: тік тұру, қол төменде. а) екі қолдағы гүлдерді кеуде тұсына әкеліп, тізені сәл бүгіп отыру.</p> | |
|---|--|--|--|--|--|

| | | | | | |
|--|--|---|--|---|--|
| | | | <p>Негізгі қимыл-жаттығулары: 1. Тепе-теңдікті сақтап жүру. 2. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу.</p> <p>Қимылды ойын: «Қасқырмен қояндар» ойыны: Ойын шартымен таныстыру. Балаларды мадақтау</p> | <p>ә) бір орында секіріп, қолды жанға созу. б) б.қ. келу. Тыныс алу: «Әдемі гүлдің иісі, Гүл ашады қауызын» (қолдарындағы гүлдерді иіскеу) . Бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>Негізгі қимыл-жаттығулары: 1. Тепе-теңдікті сақтап жүру. 2. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу.</p> <p>Қимылды ойын: «Қасқырмен қояндар» ойыны: Ойын шартымен таныстыру. Балаларды мадақтау</p> | |
| Серуенге дайындық | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| Серуен: | Картотека № 17 Қар аралас жаңбырды бақылау. Мақсаты: Қыста қар аралас жаңбыр да жауатыны туралы түсінік беру. | Картотека № 12 Қыстап қалатын құстарды бақылау. Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың түрлерімен тан-ыстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат беру | Картотека № 11 Күнді бақылау. Мақсаты: Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. | Картотека № 9 Қырауды бақылау. Мақсаты: Қырау туралы түсінік қалыптастыру. | Картотека № 8 Мұзды бақылау. Мақсаты: Мұзды көрсете отыра сипаттау. |
| ҚЫСҚЫ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫ. (картотека қосымша тігілген) | | | | | |
| Серуеннен оралу | Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. | | | | |
| Түскі ас | ӘНГІМЕ ЖҮРГІЗУ. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып, тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| Ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. | | | | |
| Біртіндеп | Жаттығу кешені №6 Балалар тұрайық | Жаттығу кешені №7 | Жаттығу кешені №8 Ұйқыдан біз тұрамыз | Жаттығу кешені №9 Ұйқыдан біз тұрайық | Жаттығу кешені №10 |

| | | | | | |
|--|--|---|--|--|---|
| Ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары | Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық. | Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. | Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық | Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық | Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық, Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық |
| Бесін ас | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | Картотека №6 «Сикырлы қапшық» Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету. | Картотека №7 Мынау қай пішін? Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. | Картотека №9 «Үлкен-кіші» Мақсаты: Түстер туралы білімдерін бекіту, заттарды көлеміне қарай айыра білуге үйрету. | Картотека №10 «Не жоқ?» Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. | Картотека № 20 «Қай жануар артық» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту |
| Серуенге дайындық | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенгешығу. | | | | |
| Серуен | Картотека № 17 Қар аралас жаңбырды бақылау. Мақсаты: Қыста қар аралас жаңбыр да жауатыны туралы түсінік беру. | Картотека № 12 Қыстап қалатын құстарды бақылау. Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың түрлерімен тан-ыстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат беру | Картотека № 11 Күнді бақылау. Мақсаты: Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. | Картотека № 9 Қырауды бақылау. Мақсаты: Қырау туралы түсінік қалыптастыру. | Картотека № 8 Мұзды бақылау. Мақсаты: Мұзды көрсете отыра сипаттау. |
| Серуеннен оралу | ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕШЕНІН БЕКІТУ. | | | | |
| Кешкі ас | Тауысып жеу, тазалық, мәдениет ұстамдарын бекіту | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | Кеңес: мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру |

| | | | | | |
|--|--|---|--|--|--|
| | | әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет. | | | |
|--|--|---|--|--|--|

«Балбөбек» кіші тобы балаларының өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы
«Балдырған бөбекжайы» КМҚК

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Уақыты: 27.12-31.12.2021 V апта

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 27.12.21. | Сейсенбі 28.12.21. | Сәрсенбі 29.12.21. | Бейсенбі 30.12.21. | Жұма 31.12.21. |
|--|--|--|---|--|-------------------|
| <p>Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу</p> <p>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)</p> | <p>Балалардың көңіл-күйін бақылау, дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.</p> <p>Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.</p> <p>«Астанаммен мақтанам!» Астан және оның көрікті жерлері туралы балалармен әңгіме. Ой пікірлерін тыңдау. Суреттер қарау.</p> <p>Үстел үсті ойыны. Логикалық тапсырмалар. «Бөліктерін тап»Мақсаты: балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету.</p> <p>Суретпен әңгіме «Менің Қазақстаным» Мақсаты: балалармен әңгімелесу.</p> <p>Суретпен жұмыс «Суретші қай жыл мезгілін салды?» Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру</p> <p><i>Менің Қазақстаным әңгіме жүргізу. Сұрақ – жауап.</i></p> | | | | |
| <p>Танертеңгі гимнастика</p> | <p>Желтоқсан айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау</p> | | | | |
| <p>Таңғы ас</p> | <p>Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз</p> <p align="center">Ойын- жаттығу Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.</p> | | | | |
| <p>Ойындар, ҰОҚ дайындық</p> | <p align="center">ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.</p> <p align="center">Шаттық шеңбер Отан деген - Атамекен, Отан деген - туған жер. Отан - ана, Отан - үлкен, Қазақстан - туған ел.</p> | | | | |
| <p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған</p> | <p>Денешынықтыру Мақсаты: (ҮК) Бағытты өзгерте отыра жүру, әр түрлі бағытта жүгіру. Жіңішке арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру</p> | <p>1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Қош келдің, Жаңа жыл!" Мақсаты: Әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу Сурет бойынша әңгіме құрастыру арқыл ойлау</p> | <p>1.Жаратылыстану Тақырыбы: Қош келдің, Жаңа жыл! Мақсаты: Жаңа жыл мерекесі туралы әңгімелеуді үйрету. Жаңа жыл қонақтары</p> | <p>1.Сенсорика Тақырыбы «Пішіндер әлеміне саяхат» Мақсаты: Балаларға пішіндерді атауға және салыстыра білуге үйрету. Түстерді ажыра білуге үйрету.</p> | |

| | | | | | |
|------------------------------|--|--|---|--|--|
| <p>оқу қызметтері</p> | <p>ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ: Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру. Қол жанда, өкшемен жүру. Ұшақ болып ұшу. Шеңбер бойымен еркін жүру. 1 сапқа тұру. / сапқа тұрарда себеттен екіден жалауша алу/ 1 саптан 4 звеноға тұру. 1. Жалпы даму жаттығулары. Жалаушамен, 6-бөлім. 1. Аяқтары иық мөлшерін-де. Жалаушаны кеуде тұсына ұстау. Алға созу, жоғары көтеру, екі жанға созу, төмен түсіру.- рет 4-5 рет қайталау 2. Аяқтары бірге, жалаушаланы омырауға ұстау. Екі қолды оң жаққа созу, қайта омырауға ұстау. Екі қолды сол жаққа созу, жалаушаны омырауға ұстау. /5 рет қайталау/ 3. Аяқтарын алшық қою, жалаушалар төменде ұстау. Еңкею жалаушаны артқа көтеру, түзулену. 5-рет қайталау. Б.қ.: «Отыр-тұр»</p> | <p>қабілетін, сөйлеу тілін дамыту,сөздік қорларын дамыту. Қыс мезгіліндегі мерекелер жайлы білімдерін кеңейту 1.Ұйымдастырушылық кезеңі/ - Сәлеметсіздер ме, балалар! - Қазір қай мезгіл? - Қыстың күзден айырмашылығы неде? - Қыста адамдар қалай киінеді? - Қыстап қалған құстарға қалай көмектесеміз? - Қыста балалар қандай ойындар ойнайды? - Қысты неліктен көңілді деп айтады? 2.Негізгі бөлім Жұмбақтар шешу. Қоймасын қыс ақтарып, Жерді жапты ақ мамық. (Қар) Көзіңе көрінбейді, Тондырып қызартады. Күні - түні ерінбейді, Өзенге мұз артады.(Аяз) «Көңілді қыс» суреті бойынша әңгіме құрастыру. Қысқы ойын, аязды күн, қысқы табиғат, жылы киінген балалар бейнеленген сурет арқылы жұмыс жүргізіледі. — Қыста қандай ойындар</p> | <p>мен ертегі кейіпкерлері туралы түсініктерін бекіту. Бақылау жасау, зерттеу жұмыстарын жүргізу іскерліктерін жетілдіру. Мерекені өткізуге дайындыққа қатысу ниетін тәрбиелеу. Көрнекіліктер: мерекелік фотосуреттер, қардан, пенапластан жасалған аққала мүсіндері Қажетті құрал-жабдықтар: жұмыс дәптері, түрлі түсті қарындаштар, Өдіс-тәсіл: сөздік, көрнекілік, ойын, практикалық. ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ. Шаттық шеңберіне тұрғызу. Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын күн келді. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Балалар шаттық шеңберін құрып, өлең жолдарын айтады. Ұйымдас тырушылық ізденістік Қоңыраудың дыбысы алыстан естіледі де жақындай түседі. Қонаққа Сайқымазақ келеді. Сайқымазақ балалармен амандасып болғаннан кейін өзінің мерекеге кетіп бара</p> | <p>Балалардың ес,логикалық ойлау қабілеттерін, қолдарының ұсақ моторикаларын қалыптастыру, дамыту. Тапсырма орындау барысында достыққа,бірін-бірі тыңдауға,эстетикалық талғамға тәрбиелеу. Тосын сәт Қане балалар қараңдаршы бізге шар ұшып келді. Шар бізді пішіндер әлеміне саяхатқа шақырып жатыр. Барамызба? Жақсы олай болса, пойызға билет алып, атанайық Балалар біз бүгін пойызбан пішіндер әлеміне саяхатқа барамыз -Қараңдаршы мына жер қандай тамаша Балалар мен сіздерді бүгін пішіндер әлеміне саяхатқа шақырымын. Қане мына жолақшалармен жүре қойыңдар! Балалар! сикырлы шар бізге мынандай түрлі,түсті қорапшалармен тапсырмалар дайындап қойыпты . Тапсырмаларды орындаймыз ба? 1 ші тапсырма: «Шыршаны безендір» (пішіндер) 2ші тапсырма: «Беттестіру» (үлкен,кішкентай, түс) 3 ші тапсырма:</p> | |
|------------------------------|--|--|---|--|--|

| | | | | | |
|---|---|--|--|--|--|
| <p>5. Аяқтарын біріктіреді. Жалауша белде. 1- жалаушаны алдыға созады, 2- отырады. 3- б.қ. (6 рет қайталау.)</p> <p>6. Секіру. Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша төменде Орнында секіріп аяқты жанға созу, жалаушаны жоғары көтеру. Б.қ. 6 рет қайталау/</p> <p>Тыныс алу жаттығулары: Шар үрлеу мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>2. НЕГІЗГІ ҚИМЫЛ- ҚОЗҒАЛЫС ЖАТТЫҒУЛАРЫ</p> <p>2. Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығу-лары. 2- бөлім Түрлері: - Жіңішке арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру - Обручтан, обручка секіру.</p> <p>Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр» Бір – бірінің артынан жүру, әр түрлі қимыл-мен айналып өту, ұзындық бойынша тұру. ҰОҚ қортынды. Сұрақ – жауап. Балаларды мадақтау.</p> <p>2. Сурет Тақырыбы/Тема: «Орманда шырша туылды» (ән бойынша</p> | <p>ойнаймыз? — Қыс мезгілінде ойналатын ойындарды атаңдар. - Конькиді қай жерде тебеді? Шаңғыны ше? Аққаланы қалай жасайды? Сергіту сәті: «Жаңа жыл» «Аққала» дидактикалық ойыны. Шарты: тақтаға жартылай қиылып жасалған аққала бөліктері ілінеді. Үстел үстінде қалған бөліктері: мұрны, басына киетін шелегі сияқты суреттер жатады. Балалар осы бөліктерді алып, көздерін жұмып тұрып, тақтаға жабыстырады. Аққала сөзін қатыстырып, сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастыру. Мысалы: аппақ аққала, әдемі аққала, үлкен аққала. Біз аққала тұрғыздық. Жеке жұмыс: Мединамен сурет бойынша сөйлем құрастырып сөйлеуге үйрету.</p> <p>3. Қорытынды: Балаларға жаңа тақырып бойынша сұрақтар қойылады. Сабаққа белсенді қатысқан балалар мақталып, мадақталады</p> | <p>жатқандығын айтады. Педагог Сайқымазақтан қандай мерекеге бара жатқандығын сұрайды. Сайқымазақ ары-ойланып, бері ойланып таба алмайды. Балалардан өзінің қандай мерекеге бара жатқандығын сұрайды. Балалар, Сайқымазаққа көмектесейік. Мен сендерге сұрақ қоямын сендер жауап беруге тырысыңдар, мүмкін сонда Сайқымазақтың есіне түсер. Сендер жақында қандай мерекені тойладыңдар? Ол мереке жылдың қай мезгілінде болды? Жарайсыңдар, балалар, қазір мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер шешуін табыңдар. Ақ таяғын таянып, Таңмен бірге оянып. Келе жатыр бір кісі Ақ күпіге ораны</p> <p>2. Денешынықтыру Мақсаты: (БК) Бағытты өзгерте отыра жүру, әр түрлі бағытта жүгіру. Жіңішке арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру ҰОҚ ӨТІЛУ</p> | <p>«Кеңістікті бағдарлау» Біз қайда саяхатқа бардық? Қандай тапсырмалар қызықты болды? Қызықты болса, несімен қызықты болды? Тәрбиеші оқу қызметіне жақсы қатысып отырған балаларды мадақтайды.</p> <p>2. Денешынықтыру Мақсаты: (ҮК) Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру. Арқанның астымен еңбектеп өту. I. Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) . Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: Құралсыз. Б.қ қол төмен 1. Қол жоғары көтеріп, шапалақтау. (5-6 рет) Б.қ. , қол белде 2. Оң жаққа бір адым, қол шапалақтау. -Б.қ. Сол жаққа бір адым, қол шапалақтау. 3. Отыру тізені құшақтау. Басты тізеге тигізу. Тұру. 4. Б.қ. аяқты кең ашып тұру, қол белде -Алдына еңкейю, қол артта</p> | | |
|---|---|--|--|--|--|

| | | | | | |
|--|---|--|---|---|--|
| | <p>сурет салу)</p> <p>Мақсаты: «Жаңа жыл» мерекесіне деген қызығушылықтарын ояту. Бір-біріне қуаныш сыйлап, көтеріңкі көңіл-күймен жүруге тәрбиелеу. эстетикалық қабылдауын және қиял, байқағыштық сезімдерін дамыту.</p> <p>Балаларды музыкалық шығарма негізінде сурет сала білуге үйрету. Балаларды «граттаж» техникасы үшін негіз дайындауға үйрету. Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін тереңдету.</p> <p>ҰОҚ өтілу барысы</p> <p>Қызықты сәт: Балалар бізге қандай мереке жақындап келеді?</p> <p>Жаңа жыл – әлемдегі қуанышқа толы ең ғажайып мерекелердің бірі. Бәріміз келе жатқан Жаңа жылдан жарқын ертегі, жаңа бақыт күтеміз. Адамдар бір біріне жақсы тілектер тілейді. Жаңа жыл мерекесі - отбасылық мереке. Жаңа жылдың өз ерекшелігі болады. Жаңа жыл мерекесін бүкіл әлем халқы тойлайды.</p> <p>2.Негізгі бөлім Алдыңғы сабақта балаларға граттаж техникасында орындалған жұмыстарды көрсету. Балалар, өткен сабақта мен сендерге көрсеткен сиқырлы қағаздар естеріңде ме? Бұл қалай деп аталады? Ол</p> | <p>2.Музыка. Педагог жетекшісінің жоспары бойынша.</p> | <p>БАРЫСЫ: Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру. Қол жанда, өкшемен жүру. Ұшақ болып ұшу. Шеңбер бойымен еркін жүру. 1 сапқа тұру. / сапқа тұрарда себеттен екіден жалауша алу/ 1 саптан 4 звеноға тұру. 1. Жалпы даму жаттығу-лары. Жалаушамен, 6- бөлім. 1. Аяқтары иық мөлшерін-де. Жалаушаны кеуде тұсына ұстау. Алға созу, жоғары көтеру, екі жанға созу , төмен түсіру.- рет 4-5 рет қайталау 2. Аяқтары бірге, жалаушаланы омырауға ұстау. Екі қолды оң жаққа созу, қайта омырауға ұстау. Екі қолды сол жаққа созу, жалаушаны омырауға ұстау. /5 рет қайталау/ 3. Аяқтарын алшық қою, жалаушалар төменде ұстау. Еңкею жалаушаны артқа көтеру, түзулену.</p> | <p>жоғары. (5-6 рет) 5.Б.қ. қол белде. Қос аяқпен секіру. (6 рет) Тыныс алу жаттығу «Сорғыш» - аяқтарын қосып, тік тұрып қолдарын кеуде тұсында ұстау; демін ішке жұтып, демін сыртқа шығару, дауыстап (ССССС) деп дыбыс шығарып, қолдарын жылжыту; тік тұру Негізгі қимыл-жаттығулары: 1. Арқанның астымен еңбектеп өту. 2.Қатар қойылған жіптерден аттап өту. Қимылды ойын: «Құстар» Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.</p> | |
|--|---|--|---|---|--|

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | <p>сендерге ұнады ма?</p> <p>Міне, бүгін біз сендермен осындай техникада сурет саламыз. Бұл сабақ екі бөлімнен тұрады:</p> <p>I – бөлім: Ол үшін ең алдымен қағазды дайындау керек. Мен қазір оны қалай жасауға болатынын көрсетемін.</p> <p>Маған тығыз ақ қағаз және балауыз шам қажет. Мен шамның бір бөлігін аламын және қағаздың бәрін сүртемін. Бізге ол көрінбейді, сондықтан оны тек ұстап сезе аламыз. Парақ тегіс емес жерде балауыз бар. Тексергеннен кейін, оны бояумен бояу керек. Бояу шамға жабысу үшін біраз сабын қосу керек. Мен қақпақты аламын, оған қылқаламмен бояу (көп) аламын және енді сабын тамшылап, араластырамын, содан кейін бүкіл парақты бояй аламын.</p> <p>Балалар сендерге бұл техника ұнады ма? Жасайсыңдар ма?</p> <p>Балалардың өзіндік жұмысы. Ұқыпты жұмыс жасауды ескертемін.</p> <p>Жеке жұмыс: Нұралиға ұқыпты бояуды үйрету.</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>Жасыл шырша орманнан, Бізге арнайы келіпті.</p> | | <p>5-рет қайталау.</p> <p>Б.қ.: «Отыр-тұр»</p> <p>5. Аяқтарын біріктіреді. Жалауша белде. 1- жалаушаны алдыға созады, 2- отырады. 3- б.қ. (6 рет қайталау.)</p> <p>6. Секіру.</p> <p>Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша төменде Орнында секіріп аяқты жанға созу, жалаушаны жоғары көтеру. Б.қ. 6 рет қайталау/</p> <p>Тыныс алу жаттығулары: Шар үрлеу мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.</p> <p>Бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>2. НЕГІЗГІ ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС ЖАТТЫҒУЛАРЫ</p> <p>2. Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары. 2- бөлім Түрлері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жіңішке арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру - Кеглилер арсымен жүріп өту. <p>Қимылды ойын:</p> <p>«Қояндар мен қасқыр» Бір – бірінің артынан жүру, әр түрлі қимылмен айналып өту, ұзындық бойынша тұру. ҰОҚ қортынды. Сұрақ – жауап. Балаларды</p> | | |
|--|--|--|--|--|--|

| | | | | |
|---|--|-----------|--|--|
| <p>Ойыншығын балалар, Шыршаға әсем іліпті.</p> <p>II – бөлім:</p> <p>Біз сендермен қағаз дайындадық, енді сурет салатын боламыз.</p> <p>Балалар біз бүгін жай сурет емес, әнді тыңдап, оның суретін саламыз.</p> <p>Сурет салу үшін алдымен әнді тыңдау керек. («Орманда шырша туылды» әнін тыңдаймыз)</p> <p>-Басты кейіпкер не?</p> <p>-Қалай ойлайсыңдар, шырша қайда өсті? Орманда немесе шұңқырда?</p> <p>-Шырша қандай, жаңа ғана өсіп шықты ма, әлде үлкен бе?</p> <p>- Әнде ауа райы қандай болды?</p> <p>-Орманда қар көп болды ма, әлде аз ба?</p> <p>-Шыршаның жанында тағы нені кездестіруге болады?</p> <p>Қазір мен сендерге қағазға сурет салу ережелерін еске саламын.</p> <p>Тәрбиеші балаларға жоспар береді: алдымен не салатынымызды ойланып алуымыз керек.</p> <p>Содан кейін парақты тік (егер шырша біреу болса) немесе көлденең (егер шырша орманда болса) қоямыз.</p> | | мадақтау. | | |
|---|--|-----------|--|--|

| | | | | | |
|--------------------------|--|--|--|--|--|
| | <p>Суретті тіс тазалағышпен салатын боламыз. Біз өткір нәрсемен артық бояуды алып тастаймыз сонда сурет шығады. Егер саған жұқа сызық қажет болса-тігінен ұстау керек. Егер қалың болса, онда дөңес ұстау қажет. Қолмен араластырмауға тырысыңдар. Ең бастысы-сақ болыңдар, өйткені мұнда кателерді түзетуге болмайды.</p> <p>Балалардың өзіндік жұмыстары.</p> <p>3.Қорытынды/итоговая часть:</p> <p>Біз бүгін ненің сурет салдық</p> <p>Сендер мұны қалай жасадыңдар?</p> <p>Біз алдымен не істедік?</p> <p>Бірнеше баланың ең жақсы жұмыстарын мадақтау.</p> <p>«Жаңа жылдық тілек» ойыны.</p> <p>Бірнеше бала мерекелік тілектер айтады</p> | | | | |
| Серуенге дайындық | Серуенге киіндіру. Киімдерін шкафтан бітіндеп шығарып,киінуге үйрету. Далада күннің салқын екенін, қыс мезгілі болғанын балаларға түсіндіру. Балалармен серуенге шығу. | | | | |
| Серуен: | Картотека № 20 Қарды бақылау Картотека қосымша тігілген | Картотека № 16 Аязды бақылау. Картотека қосымша тігілген | Картотека №1 3 Суық торғайды бақылау. Картотека қосымша тігілген | Картотека № 5 Бұршақты бақылау. Картотека қосымша тігілген | Картотека № 12 Қыстап қалатын құстарды бақылау. Картотека қосымша тігілген |
| Серуеннен оралу | Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, сырт киімдерін кептіруге ілу, су болған қолғаптарын тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, | | | | |

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|---|
| | Тағамға қол созамыз. | | | | |
| Түскі ас | Ойын- жаттығу : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. "Астарыңыз дәмді болсын!" | | | | |
| Ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары | №4 1. Ояну Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық. | №5 1. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық. | №3 Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық. | №61. Ояну Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып біралайық | №81. Ояту Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық |
| | «ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН. (Картотека қосымша тігілген) | | | | |
| Бесін ас | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | Картотека № 4 «Бұны қай кезде киеді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып, ауыз екісөйлеуге баулу. | Картотека № 17 Сиқырлы суреттер Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. | Картотека № 21 «Бұл қай мезгіл?» Мақсаты: қыс мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Ойын түрлерін түсіндіру. Сөздік қорын байыту. | Картотека № 22 «Қыстап қалған құстар» Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу. | Картотека №16 «Суретші қай жерде кателесті?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету. |
| | ӘЛЕУМЕТ САЛАСЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН Картотека қосымша тігілген | | | | |
| Серуенге дайындық | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенгешығу. | | | | |
| Серуен | Картотека № 20 Қарды бақылау Картотека қосымша тігілген | Картотека № 16 Аязды бақылау. Картотека қосымша тігілген | Картотека №1 3 Суық торғайды бақылау. Картотека қосымша тігілген | Картотека № 5 Бұршақты бақылау. Картотека қосымша тігілген | Картотека № 12 Қыстап қалатын құстарды бақылау. Картотека қосымша тігілген |
| Серуеннен оралу | СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ | | | | |
| Кешкі ас | Алдарындағы тамақты таза, шашпай жеуін үйрету, нан қықымын шашпауын, нанмен ойнамауын қадағалау | | | | |

| | | | | | |
|-------------------------------|---|---|---|---|---|
| Балалардың үйге қайтуы | Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу | Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу. | Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға) | Ата-ана мен балаларының тамақтануы жайында кеңесу | Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру |
|-------------------------------|---|---|---|---|---|

«Балбөбек» кіші тобы балаларының өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы
«Балдырған бөбекжайы» КМҚК

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Уақыты: 04.10-08.10.2021 I апта

| Күн тәртiбi | Дүйсенбi 04.10.21 | Сейсенбi 05.10.21 | Сәрсенбi 06.10.21 | Бейсенбi 07.10.21 | Жұма 08.10.21 |
|---|--|--|--|---|---|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. | | | | |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) | «Қажет суретті тап» Ойынға қажет заттар: Үлкен және кішкене суреттер немесе қуыршаққа арналған ыдыстар, пластилиннен жасаған заттар, конфет, бауырсақ, т. б. | Құрылыс ойындары «Үй жиназдары» «Қуыршақтарға үй құрастырамыз». | «Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру. | Әдемі кілемшелер Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | Үстел үсті ойындар: «Үйшік» құрастыр. .Балалармен достары туралы әңгімелесу. |
| Танертенгі гимнастика | Қазан айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шындау | | | | |
| Таңғы ас | «Ас – адамның қуаты» М-ы: Астың денсаулыққа пайдалығын жеткізу. Көркем сөз: «Асың болса, досың көп» Ойын жаттығу: Білсін мұны балалар, Сусыз құрғақ далалар. Сусыз қараң қалалар, Ескертеміз бар ұлға, Ескертеміз бар қызға Суды босқа ағызба. | | | | |
| Ойындар, ҰОҚ дайындық | Шаттық шеңбері: «Арайлы таң» Арайлап таң атт, Алтын сәуле таратты Жарқырайды даламыз Жарқырайды қаламыз Қайырлы таң достарым, Қайырлы таң бақшамыз | | | | |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдаст | Денешынықтыру /жалаушамен, әуенмен/ Үйрету Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік | 1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің отбасым »Мақсаты: Отбасы туралы түсінік беру және отбасы мүшелері туралы | 1.Жаратылыстану Тақырыбы: Күзгі еңбек. Мақсаты: Балаларға күзгі еңбек туралы түсіндіру. Үлкендердің еңбегіне құрметпен | 1.Сенсорика Тақырыбы: Жемістерді жинаймыз Мақсаты: Балаларға жемістер туралы түсінік беру. | |

| | | | | |
|--------------------------------------|--|---|--|---|
2-топ Суретке сөйлем құрау.



Қортынды
Мнемо кесте арқылы ұоқ қортындылау.

2-топ сарғалдақ
 Сарғалдақ гүлін құрастыру
3-топ Сирен
 Сирень гүлін құрастыру.
 Өз бетінше жұмыс жасау.
 Қадағалау, көмектесу
Дид ойын: «Көктем гүлін тап»
Шарты: Педагогтың жетекшілігімен құрастырған гүлдердің ішінен көктемде шығатын сирень гүлін табу.
Қортынды
Қим ойын: «Гүл жинау»
Шарты:Жердегі гүлдерді түсі бойынша үш жерге жинау.
 Балаларды мадақтау.

2.Денешынықтыру
Мақсаты: (Ү.К)
 Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру.
 Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу.
/құралсыз, сылдырмақпен/
Кіріспе бөлімі:
 Бірінің артынан бірі сапқа тұру.
 Қол бүйірде, аяқтың

ойын:«Өрнегіне қарай анықта»
 Кесені қазақтың ұлттық ою-өрнегімен әшекейлеу.
Сергіту сәті:
 Ал балалар тұрайық
 Ою-өрнек сызайық,
 Қошқар мүйіз,қызғалдақты
 Сәндеп тұрып салайық.
Жапсырудың әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру.
 Назарларын тақтаға аудартып,кесенің түсі,өрнектері ,үлкен – кішісі туралы сұрау.
 Дайын қиылған қошқар мүйіз өрнегін кесеге жапсыруды үйрету.
Балалардың өз бетінше жұмысы
 Қошқар мүйіз өрнегін жапсыру арқылы кесені әшекейлеу.
П/Ж ойын: «Біздің көрме»
 Балалардың жұмысын бағалау.
 Кесені Ақ әжеге сыйға тарту,әже балаларға рахметін айтып,сыйлығын беру.
 Балалар Ақ әжемен хоштасу.
 Топқа оралу.
 Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.

әр балаға ақ қағаз, бояу,
мақта таяқшасы.

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбер

Күнім күліп арайлы,
Тереземнен қарайды.
Достарыммен шеңберге,
Тұрғанымды қалайды

1. Ой шақыру

Ақ қар еріп, су көбейіп,
Сай–салаға толады.
Ағаш басы бүршік шашып,
Гүл, бәйшешек толады.
Бөбектерім, айтыңдаршы.
Бұл қай кезде болады?
– деп ойлайсыңдар.
– Неге көктем мезгілі деп
ойлаймыз?
– Көктем мезгілінің қыс
мезгілінен қандай ерекшелігі
бар?



Бақылау.

-Далаға қарайық не көріп
тұрсыңдар?

-Қар бар ма?

- Көктемде ағашта нелер
пайда болады?

Ой дамыту

Үлгіні талдау.

Ағаштардың діні жуан
болады, бұтақтары жоғары
қарай өседі.

Сурет салудың әдіс
тәсілдерін көрсету, түсіндіру.



Балаларды мадақтау.

3. Денешынықтыру.

Мақсаты: (Ү.К)

Заттардың арасымен қолды
белге қойып, аяқтың
ұшымен жүру.

Ауданы 50*50см, биіктігі
10см мінбеге өрмелеу.

/құралсыз,

сылдырмақпен/

Кіріспе бөлімі:

Бірінің артынан бірі сапқа
тұру. Қол бүйірде, аяқтың
ұшымен жүру. Табанмен
қалыпты, жұмсақ жүру.
Шеңбер бойы
тұру, арақашықтықты
сақтау

Негізгі бөлім:

Б.қ.: «Құстар ұшты»

1. Аяқты алшақ қоямыз,
қолымыз жанға созып
құстың қанатын жасау,
басты оңнан солға қарай,
төмен- жоғары бұру; «Чип-
чирик» деп айту.

Б.қ.: «Мотор»

2. Аяқты алшақ,
қолымызды кеуде тұсына
қоямыз, қолымызды
дөңгелек қозғалысқа

ұшымен жүру.

Табанмен қалыпты,

жұмсақ жүру.

Шеңбер бойы

тұру, арақашықтықты

сақтау

Негізгі бөлім:

Б.қ.: «Құстар ұшты»

1. Аяқты алшақ қоямыз,
қолымыз жанға созып
құстың қанатын жасау,
басты оңнан солға қарай,
төмен- жоғары бұру;
«Чип- чирик» деп айту.

Б.қ.: «Мотор»

2. Аяқты алшақ,
қолымызды кеуде
тұсына қоямыз,
қолымызды дөңгелек
қозғалысқа келтіреміз.
«р-р-р» деп айту. /6 рет
қайталау/

Б.қ.: «Гүлдің ашылуы»

3. Аяқтары бірге
қойылған. Отыру.
Алақанды біріктіріп
ұстау, орнынан тұрарда
қолды жоғару созып
алақанды ашу. (6- рет)

**Б. қ.: «көңілді
пингвин»**

4. Өкшелерін беттестіру
арқылы пингвиннің
жүрісін көрсету.
Қолдары жанда
пингвиннің қанатын
жасау. Орнында тұрып
жүру, айналып жүру. /10-
15/

Тыныс алу

| | | | | | |
|---------------------------------|---|--|---|--|--|
| | <p>Ағаштың бұтағындағы бүршікті мақта таяқшасымен салу жолдарын түсіндіру.</p> <p>Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір. Балалрдың өз бетінше жұмысы Қадағалау, көмектесу.</p> <p>П/Ж ойын: «Біздің көрме» Балалардың жұмысын бағалау. Қорытынды. Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау.</p> | | <p>келтіреміз. «р-р-р» деп айту. /6 рет қайталау/ Б.қ.: «Гүлдің ашылуы» 3. Аяқтары бірге қойылған. Отыру. Алақанды біріктіріп ұстау, орнынан тұрарда қолды жоғару созып алақанды ашу. (6- рет) Б. қ.: «көңілді пингвин» 4. Өкшелерін беттестіру арқылы пингвиннің жүрісін көрсету. Қолдары жанда пингвиннің қанатын жасау. Орнында тұрып жүру, айналып жүру. /10-15/ Тыныс алу жаттығулары: «Ботқа пісты» мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары. 1.Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру. 2. Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу Қимылды ойын: «Өрмекші мен шыбын» Мақсаты: балалардың қимыл-қозғалыс, бақылағыштығын дамыту. Қорытынды: Шеңбер бойы маршпен жүру. «Құлыншақ» - тізені жоғары көтере жүгіру.</p> | <p>жаттығулары: «Ботқа пісты» мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары. 1.Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру. 2. Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу Қимылды ойын: «Өрмекші мен шыбын» Мақсаты: балалардың қимыл-қозғалыс, бақылағыштығын дамыту. Қорытынды: Шеңбер бойы маршпен жүру. «Құлыншақ» - тізені жоғары көтере жүгіру.</p> | |
| <p>Серуенге дайындық</p> | <p>Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</p> | | | | |

| | | | | | |
|--|--|---|--|--|---|
| Серуен: | Картотека №8 Сүңгілерді бақылау. | Картотека №9 Өзендегі мұздың еруін бақылау. | Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау | Картотека №14 Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау. | Картотека №16 Бұталарды бақылау. |
| КӨКТЕМ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫ. (картотека қосымша тігілген) | | | | | |
| Серуеннен оралу | Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. | | | | |
| Түскі ас | ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып, тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| Ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары | Жаттығу кешені №6 Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық. | Жаттығу кешені №7 Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. | Жаттығу кешені №8 Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық | Жаттығу кешені №9 Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық | Жаттығу кешені №10 Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық |
| Бесін ас | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | Дидактикалық ойын: «Моншақтар тізбегі» Мақсаты: Балаларға моншақ жасауды үйрету. Балалармен жеке жұмыс. Тәрбиеші жоспары бойынша. | Дьенеш блоктарымен жұмыс Дидактикалық ойын: «Машина жүріп барады», «Гүлдер өсіп тұр», «Биік мұнара», «Күшік үреді». Балаларды ойын тақырыптары бойынша топқа бөлу. Құрастыру нәтижесін бекіту. | АҚТ технологиясымен жұмыс Математикалық дамытушы ойындар Сұрақ-жауап | Мнемотехника әдісі Тақырыбы: Киімдер Мақсаты: мнемо кестемен жұмыс жасай отырып, балалардың киімдер туралы өз ойларын толық жеткізе білуге үйрету. | Мнемотехника әдісі Қ. Әбдилдина. «Ауылда» Ауылда. «Ауыл деген не?» десем Ата - әжем екен ғой, Ата- әжем тұрған соң, Аты – атамекен ғой Мейірім де ауыл да, Пейілің де ауылда. Жанға дауа ауасы, Сейілің де ауылда. |
| Серуенге дайындық | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. | | | | |
| Серуен | Картотека №8 Сүңгілерді бақылау. | Картотека №9 Өзендегі мұздың еруін бақылау. | Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау | Картотека №14 Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау. | Картотека №16 Бұталарды бақылау. |

| Серуеннен оралу | ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕШЕНІН БЕКІТУ. | | | | |
|-------------------------------|--|---|---|---|--|
| Кешкі ас | Тазалық, ұқыптылық дағдаларын бекіту | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | Кеңес: мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет. | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру |

**«Балбөбек» кіші тобы балаларының өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы
«Балдырған бөбекжайы» КМҚК**

Өтпелі тақырып: «салттар мен фольклор»

Уақыты: 28.03-01.04.2022 V апта

| Күн тәртiбi | Дүйсенбi 28.03.22 | Сейсенбi 29.03.22 | Сәрсенбi 30.03.22 | Бейсенбi 30.03.22 | Жұма 01.04.22 |
|---|--|--|--|--|--|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) | Балалардың көңіл-күйін бақылау, дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени-гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. | Картотека №5 «Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсіндіру. | Картотека № 2 «Балабақша» Мақсаты: балабақша қызметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата білуге үйрету. | Картотека № 4 «Бұны қай кезде киеді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сөйлеуге баулу. | Картотека № 1 «Бұл қай мезгіл?» Мақсаты: күз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Сөздік қорын байыту. |
| | ӘЛЕУМЕТ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН. (Картотека қосымша тігілген) | | | | |
| Таңертеңгі гимнастика | Наурыз айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау | | | | |
| Таңғы ас | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз. Рақмет аспаз дейміз | | | | |
| Ойындар, ҰОҚ дайындық | ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Артикуляциялық жаттығу «тәтті тосап», «түтікше», «жылан». 3.Тыныспен жұмыс | | | | |

| | | | | | |
|--|---|--|---|--|--|
| | <p>«Сүңгуір» жаттығуы 4.Саусақ жаттығуы «Сақина,массаж»</p> | | | | |
| <p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері</p> | <p>Денешынықтыру Мақсаты: (ҮК) Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру. Арқанның астымен нысанаға дейін еңбектеу. Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жеңіл жүгіру. еңкейтілген тақтайшамен жоғары, төмен жүру . екі жалауша алып, шеңберге тұру. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары Жалаушамен Б.қ.: «Желбірейді жалау» 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту. /6 рет қайталау/ Б. қ.: «Суда жүзу» 2. Аяқтары алшақ қойылған , жалаушалар жанға созу. Иықты қозғап, суда жүзу қимылын жасау. / 6 рет қайталау/ Б.қ.: «Айқастыр» 3. Аяқты алшақ қоямыз. Жалаушалар төменде. Оң қолдағы жалаушаны сол иыққа апару, сол қолдағы</p> | <p>1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көктемгі егістік» Мақсаты Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.Көктемгі тіршілік туралы білімдерін кеңейту. Көктемгі еңбек және егістік туралы түсінік беру. ҰОҚ өтілу барысы 1.Жылулық шеңбері. Қол ұстасып тұрайық Біз шеңберді құрайық Амандасып алайық Сәлеметсіздер ме! Балалар бүгінгі біздің ұйымдастырылған оқу қызметіміз қандай жыл мезгіліне арналғанын жұмбақ арқылы шешіп көрейік. Жұмбақ жасырамын. Қар, мұз еріп, су көбейіп, Сай-салаға ағады, Бүршік шашып, жапырақ ашып Гүл бәйшешек басады Ал, балалар айтыңдаршы</p> | <p>1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Көктемгі егістік» Сиқырлы дорба Мақсаты: Сипап-сезу арқылы, заттардың қасиетін анықтауға үйрету. Заттардың құрылымын ажыратуға тәрбиелеу. Көрнекіліктер: дорба, түрлі көлемдегі заттар Балалар сабағымызды бастамас бұрын алдымен амандасып алайық. Балалар қараңдаршы біздің топтың ойыншықтары қайда кеткен? Балалар тәрбиешімен үш тілде амандасады Балалар жан-жақтарына қарайды Ойыншықтардың жоқтығын біледі Ұйымдастырушылық ізденіс Балалар мен сендерге бір қызық көрсетемін. Менде өте сиқырлы дорба бар. Сол дорбаға барлық ойыншықтар сендерден тығылып қалыпты. Сендер оны көргілерің келе ме?</p> | <p>1.Сенсорика «Көктемгі егістік» Тақырыбы: «Сиқырлы дорба» Мақсаты:Балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу Балалардың ақыл ойындамыту Ұқсас пәшіндерді танып беруге үйрету Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап,әңгімелесу,көрсету. Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, ұнтаспа, хрестоматия. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. 1.Ұйымдастырушылық кезеңі: Балалар сабағымызды бастамас бұрын алдымен амандасып алайық. Балалар қараңдаршы біздің топтың ойыншықтары қайда кеткен? Балалар тәрбиешімен үш тілде амандасады Балалар жан-жақтарына қарайды Ойыншықтардың жоқтығын біледі 2.Негізгі бөлімі: Балалар мен сендерге бір қызық көрсетемін.</p> | <p>1.Музыка Педагог жоспарымен.</p> |

| | | | | |
|--|---|--|---|--|
| <p>жалаушаны оң иыққа апару. «айқасты» деп айту. /6 рет қайталау/ Б.қ.: «Құламағайлар» 4. Аяқты алшақ қоямыз. Жалаушалар белде. Алдыға қарай еңкею, артқа шалқаю. /6 рет қайталау Б.қ.: «Серіппе» 5. Аяқтарын алшақ қою, жалауша төменде. Орнында тұрып «серіппе» секілді секіру. /15-20 секунд/ Қорытынды: Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/ Тыныс алу жаттығулары: «Отын» - балалар ағаш шауып жатқан тәрізді болады.мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1.Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру. 2.Арқанның астымен нысанаға дейін еңбектеу. Қимылды ойын: «Мысық тышқан» Ойын шартымен таныстыру. Балаларды мадақтау. Қортындылау</p> | <p>Бұл қай мезгілде болады? (көктем) 2.Негізгі бөлім Көктем мезгілі бейнеленген слайдтарға назарларын аударады. Балалар қарандаршы суретте қандай жыл мезгілі бейнеленген? Бала не істеп жүр? Нелер ұшып келді? Көктем мезгілінде неше ай бар? Наурыз айында қандай құбылыстар болады? Сәуір айында қандай? Мамыр айын да? Балалар көктем айларын екі тілде айтып көрейікші Билингвалдық компонент: көктем - весна наурыз – март, сәуір – апрель мамыр - май Адамдар не егіп жатыр? Егістікте егінді немен егіп жатыр? Балалар не істеп тұр? Дұрыс айтасындар. Балалар ағаш егіп жатыр?</p> | <p>Билингвальдық компонент: дорба – мешок, ойыншықтар – игрушки Олай болса дорбаны көрсетемін және сендермен ойын ойнаймын. Сендер дорбаның ішінде не бар екенін анықтайсындар. Сергіту сәті: Балалар тәрбиешіге назар аударады Дорбаның бар екеніне қызығады -Мен дорбаны көргім келеді Балалар сөздердің орысша қазақша баламасын қайталайды Балалар ойын ойнауға қызығушылық танытады Балалар бір-бірден келіп тәрбиешінің қолындағы дорбадағы затты алып сипаттайды. -Қуыршақ -Шаршы -Конструктор және т.б. алып сипаттады Бір, екі – еңкей, Бүгілмесін тізең. Үш-төрт шалқай Иілмесін тізең. Қолды көтер аспанға</p> | <p>Менде өте сиқырлы дорба бар. Сол дорбаға барлық ойыншықтар сендерден тығылып қалыпты. Сендер оны көргілерің келе ме? Олай болса дорбаны көрсетемін және сендермен ойын ойнаймын. Сендер дорбаның ішінде не бар екенін анықтайсындар. Балалар тәрбиешіге назар аударады Дорбаның бар екеніне қызығады -Мен дорбаны көргім келеді Балалар сөздердің орысша қазақша баламасын қайталайды Балалар ойын ойнауға қызығушылық танытады Балалар бір-бірден келіп тәрбиешінің қолындағы дорбадағы затты алып сипаттайды. -Қуыршақ -Шаршы -Конструктор және т.б. алып сипаттады Сергіту сәті: Бір, екі – еңкей, Бүгілмесін тізең. Үш-төрт шалқай</p> | |
|--|---|--|---|--|

| | | | | |
|--|--|---|---|--|
| <p>Сұрақ-жауап</p> <p>2.Сурет Тақырыбы: «Көктемгі ағаштар», Ағаштарға қамқорлық Мақсаттары: Табиғаттың әсемдігін, сұлулығын, көре, сезе білуге тәрбиелеу. Балалардың байланыстарын сөйлеуін, тілін, сөздік қорын дамыту. Табиғаттағы тіршілік, көктемгі ағаштар туралы білімдерін кеңейту Шаттық шеңбері: Табиғат. Табиғат сен тіршілік тұнып тұрған — Қандай тіршілік иелерін білеміз? — Сен көлсің. Сен күнсің, сен бұлбұлсың, адамға сұлулықты шын ұқтырған, сен жерсің, сен гүлсің, сен анамсың, сен сусың, сен құссың, сен шөпсің, сен бұлақсы...</p> <p>Жұмбақ шешу Күн жылынса киінді, Суытса шешті киімді. (Ағаш) -Балалар, ағаш қандай табиғатқа жатады? -Неге олай ойлайсыңдар? Ия, балалар, дұрыс, ағаштарда жаны бар</p> | <p>Ағашты қандай жыл мезгілінде егіп жатыр? Тамаша. Артикуляциялық жаттығулар жасайық. Тем-тем-тем Аш-аш-аш Ақ-ақ-ақ Келді көктем Ектік ағаш. Топырақ Балалар кім көктем мезгілі туралы тақпақ біледі. Көктемде жаңбыр болады, Бақшаға гүлдер толады. Балалар, біз көктем мезгіліндегі ағаштар секілді тербеліп сергіту сәтін жасап алайық. Сергіту сәті: «Ағаш» Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай бұталар Биік болып өседі. Жақсы. Енді, ойын ойнайық. Дидактикалық ойын: «Жақсы, жаман» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Жақсылық, мейірімділік құндылықтар туралы білімдерін тереңдету. Ойынның шарты: ортаға екі тақта қойылады, бір</p> | <p>Саусақты сөз, жасқанба. Сергіту сәтін қимыл-қозғалыспен тәрбиешінің көрсетуімен орындайды. Рефлексивті-коррекциялау Балалар енді сендерге келесі тапсырма осы сиқырлы дорбадағы заттарды орындарына қою. Балалар сендерге көп рахмет Балалар тапсырманы қуана-қуана орындайды. Ойыншықтарды орындарына қояды. Жасаған жұмыстарына қуанады Күтілетін нәтиже: Заттардың сыр-сипатын ажыратуды ұғынады Заттардың қандай болатынын түсінеді Сипап-сезу арқылы заттың не екенін анықтайды қолданады Денешынықтыру Мақсаты: (БК) Шеңбер бойымен аяқтың үшн жүру. Арқанның астымен нысанаға дейін еңбектеу. Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жеңіл жүгіру. еңкейтілген тақтайшамен жоғары, төмен</p> | <p>Иілемесін тізең. Қолды көтер аспанға Саусақты сөз, жасқанба. Сергіту сәтін қимыл-қозғалыспен тәрбиешінің көрсетуімен орындайды. Қорытынды: Балалар енді сендерге келесі тапсырма осы сиқырлы дорбадағы заттарды орындарына қою. Балалар сендерге көп рахмет Балалар тапсырманы қуана-қуана орындайды. Ойыншықтарды орындарына қояды. Жасаған жұмыстарына қуанады</p> | |
|--|--|---|---|--|

| | | | | | |
|--|---|---|--|--|--|
| <p>тіршілік иесі. Ағаштар да адамдар сияқты көктемде күш қуатқа кенеледі. Ағаштар жапырақтарына, діңіне байланысты әр түрлі болады. Ағаштар далада, орманда, бақшада өседі. Дала өсімдіктері аса күтімді қажет етпейді. Ал, бақша өсімдіктеріне көп күтім қажет. Оларды суарамыз, суарудың да көптеген әдістері бар. Ағаштың діңін ағашқа құрт түспеуі үшін ақтаймыз.</p> <p>Тыңайтқыштар береміз. Өйткені күтімді уақытылы жасаса жемісті мол береді.</p> <p>Ағаштан біз көптеген жиһаздар жасаймыз, үй салғанда да ағашты пайдаланады, сонымен қатар ағаш бізге таза ауа береді, күн ыстықта көлеңке, қыстың боранында пана болады.</p> <p>«Жақсы–жаман» ойыны</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ағаштың бұтағын сындыру – жаман. 2. Ағаштағы құстың ұясын бұзу – жаман. 3. Құстарға ұя жасау – жақсы. 4. Гүлдерге су құю – жақсы. 5. Ағаш бұтағындағы | <p>тақтада жарқыраған күннің көзі, екінші тақтада көңілсіз күннің көзінің суреті ілінеді. Балаларға суреттер беріледі жақсы қылықтармен және жаман қылықтармен. Балалар қолдарындағы суретті тақтаға іліп әңгімелеу.</p> <p>Тосын сәт.</p> <p>Балалар тындандаршы біреу есік қаққан сияқты,</p> <p>Балалар бізге пошташы апай қорап беріп кетті ішінде не бар екен қарайық</p> <p>Ішінде флешка мен тұқым бар. Флешкада не жазылғанын тындап көрейік.</p> <p>Мен, «Шалқан» ертегісіндегі атаймын, балалар маған бақшаға көкөністер егуге көмектесіндерші.</p> <p>Мен сендерге тұқым беріп жібердім. Көкөністерді қалай егу керектігін сурет арқылы беріп жібердім.</p> <p>3. Қорытынды</p> <p>Балалар біз бүгін қандай жыл мезгілі туралы айттық?</p> <p>Ойын ойнағанда қандай жақсы әдеттер естерінде</p> | <p>жүру . екі жалауша алып, шеңберге тұру. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары Жалаушамен Б.к.: «Желбіреді жалау» 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту. /6 рет қайталау/ Б. қ.: «Суда жүзу» 2. Аяқтары алшақ қойылған , жалаушалар жанға созу. Иықты қозғап, суда жүзу қимылын жасау. / 6 рет қайталау/ Б.к.: «Айқастыр» 3. Аяқты алшақ қоямыз. Жалаушалар төменде. Оң қолдағы жалаушаны сол иыққа апару, сол қолдағы жалаушаны оң иыққа апару. «айқасты» деп айту. /6 рет қайталау/ Б.к.: «Құламағайлар» 4. Аяқты алшақ қоямыз. Жалаушалар белде. Алдыға қарай еңкею, артқа шалқаю. /6 рет қайталау Б.к.: «Серіппе» 5. Аяқтарын алшақ қою, жалауша төменде. Орнында тұрып «серіппе» секілді секіру. /15-20 секунд/ Қорытынды: Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/</p> | | | |
|--|---|---|--|--|--|

| | | | | | |
|---|---|--|---|---------------------------------------|---|
| | <p>құсты рогаткамен ату – жаман. 6. Далада өсіп тұрған гүлдерді жұлып, бүлдіру – жаман.</p> <p>Бұтақтарды сындырмай, Ағаштарды баптайық. Құстарды да атпайық, Табиғатты сақтайық!</p> | <p>қалды? Қандай ертегіден бізге хат келді? Қандай көкөністер ектік? Егу үшін біз не істедік? Балалар сендерге көп рахмет. Енді осы көкөністерімізді атайға беріп жібереміз. Сендерге рахмет. Келген қонақтарға да көп рахмет айтамыз Сау болыңыздар.</p> <p>2.Музыка. Педагог жетекшісінің жоспары бойынша.</p> | <p>Тыныс алу жаттығулары: «Отын» - балалар ағаш шауып жатқан тәрізді болады.мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1.Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру. 2.Арқанның астымен нысанаға дейін еңбектеу. Қимылды ойын: «Мысық тышқан» Ойын шартымен таныстыру. Балаларды мадақтау. Қортындылау Сұрақ-жауап</p> | | |
| Серуенге дайындық | Серуенге киіндіру. Киімдерін шкафтан бітіндеп шығарып,киінуге үйрету. Балалармен серуенге шығу. | | | | |
| Серуен: | Картотека №1 Ауа райын бақылау | Картотека №3 Желді бақылау | Картотека №4 Аспанды бақылау | Картотека №5 Бұлтты бақылау | Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау |
| КӨКТЕМ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген | | | | | |
| Серуеннен оралу | <p>Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.</p> <p>Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.</p> | | | | |
| Түскі ас | <p>Ойын- жаттығу : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"</p> | | | | |
| Ұйқы | Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. | | | | |



| | | | | | |
|--|--|---|--|--|---|
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары | № 2 Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. | № 2 Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. | №3 Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық. | №3 Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық. | №4 Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық. |
| | «ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН. (Картотека қосымша тігілген) | | | | |
| Бесін ас | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | Картотека №1 «Көжекгі жасыр» Мақсаты: Төрт мүмкіндік-тің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйрету. | Картотека №2 «Макарон моншақтар» Мақсаты: Балаларға моншақ жасауды үйрету. | Картотека №3 «Шыршаны безендір» Мақсаты: Заттың түсің ажырата білу, тәрбиеші сұрағын дұрыс түсіне білу. | Картотека №7 «Балықты ұста» Мақсаты: балаларға заттың түсін дұрыс ажыратып, атай білуге үйрету. | Картотека №14 Қонжықтар. Мақсаты: Заттардың мөлшерін , шамасын салыстыру |
| | ТАНЫМ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ БОЙЫНША ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген. | | | | |
| Серуенге дайындық | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенгешығу. | | | | |
| Серуен | Картотека №1 Ауа райын бақылау | Картотека № 3 Желді бақылау | Картотека № 4 Аспанды бақылау | Картотека № 5 Бұлтты бақылау | Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау |
| Серуеннен оралу | СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ | | | | |
| Кешкі ас | Балалардың астарын тауысып жеулерін қадағалау | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. | Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балабақшаға уақытында әкеулерін ескерту. | Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. | Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. |

**«Балбөбек» кіші тобы балаларының өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы
«Балдырған бөбекжайы» КМҚК**

Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»

Уақыты: 04.04-08.04.2022 I апта

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 04.04.22. | Сейсенбі 05.04.22. | Сәрсенбі 06.04.22. | Бейсенбі 07.04.22. | Жұма 08.04.22. |
|---|--|---|---|--|--|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу | Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. | | | | |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) | Картотека №4 Сиқырлы суреттер Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. | Картотека №5 «Әдемі гүл» Ойынның мақсаты: Түстер туралы ұғымын бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру | Картотека № 11 «Түрлі түсті моншақтарды тізу» Ойынның мақсаты: Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету | Картотека №12 «Ажырат» Ойынның мақсаты: киімдерді ажырата білуді үйренеді. | Картотека № 20 «Қай жануар артық» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту. |
| ҚАТЫНАС БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН. (Картотека қосымша тігілген) | | | | | |
| Таңертеңгі гимнастика | Сәуір айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау | | | | |
| Таңғы ас | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз. Рақмет аспаз дейміз | | | | |
| Ойындар, ҰОҚ дайындық | ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Қол ұстасып, дөңгеленіп, Тұра қалдық екеуміз. Өзіміз де дөңгелек Күнге ұқсайды екенбіз | | | | |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша | Денешынықтыру 1.Мақсаты:(ҮК) Бір тізбекпен жүру. Баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіру. Арқанның | 1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Көктем гүлі Мақсаты: Көктем гүлі қызғалдақты таныстыру. Гүлдердің түр – түстерін | 1.Жаратылыстану Тақырыбы: Бөлме өсімдіктері. Мақсаты: балаларға бөлме гүлдерінің пайдасы, оларды | 1.Сенсорика Тақырыбы: «Түрлі –түсті гүлдер» Мақсаты: Фланелеграфта түрлі-түсті гүлдерді | |

| | | | | | |
|--|---|--|--|--|--|
| <p>Ұйымдастырылған оқу қызметтері</p> | <p>астымен орындыққа дейін еңбектеу. ҰОҚ өтілу барысы: 1.Сәлемдесу. 2. Кіріспе Шеңбермен жүру. Педагогтың артынан жүру, жүгіру. Шеңберге тұру. Балаларға таяқшалар беру, бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу. 3.Жалпы даму жаттығулары. Таяқшамен 1. Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. әр керілген сайын «м-я-у» деп айту.(3-4 қайталау.) Б.қ .келу. 2. Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау «тук-тук-тук»- деп айту. (3-4р) Б.қ .келу. 3. Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Бүгілген оң аяқты көтеру, тізені таяқшаға тигізу. Арқаны түзу ұстау. Сол жақпен дәл солай қайталау. (3-4 рет) Б.қ .келу</p> | <p>ажырата білуге баулу. Өсімдіктерді күту ережелерімен таныстыру. Әдіс - тәсілдер: көрсету, түсіндіру, жұмбақ жасыру , ойын, сұрақ-жауап, Көрнекіліктер: дала гүлдерінің суреттері, үлгілер, гуашь, сурет салуға арналған құрал жабдықтар, сулы сүлгілер. Оқу қызметінің барысы: Балалар, бүгін күн қандай тамаша! -Күн сен неге күлімдейсің? Көктем келді. Жаңбыр сен неге сіркірейсің? Көктем келді. -Гүлдер неге жайнайсыңдар? Көктем келді Құстар неге сайрайсыңдар? Көктем келді. Әрине, көктем келді. -Ендеше жылдың қай мезгілі? Б: көктем Қызығушылықты ояту Жұмбақ жасыру АҚТ технологиясымен жұмыс Іздеп-іздеп не керек? Таптым бір гүл керемет Гүл дегенім бірақ та Болып шықты не? (көбелек) Экраннан көбелек шығады.</p> | <p>күту жолдарын түсіндіру. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. 1.Шаттық шеңбер Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші балаша. Сәлем бердім, алтын күн! Сәлем бердім, көкаспан! Сәлем бердім, достарға! 2. Қызығушылықтарын ояту. (жұмбақ жасыру) Адамдардың бәрі қызығады, Су құймасаң сәні бұзылады. Бұл не? Табиғат бұрышына саяхат. Топтағы гүлдермен таныстыру. Міне, мынау – қазтамақ деп аталатын гүл. Бөлме гүлі.  Оның жапырақтарының лимонға ұқсайтын күшті, жұпар иісі бар. Ақшыл көк, күлгін түсті майда гүлдері болады.  Кактус. Кактуста күлтенің орнында</p> | <p>орналастыру барысында «жоғары - төмен», «үстінде-астында» кеңістіктік ұғымдарын үйрете отырып жұмыс жасауға дағдыландыру. Дидактикалық ойын: «Алаңқайды гүлдендір» Шаттық шеңбері: Кел балалар күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ажары Куліп өмір сүрейік. Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар енді орнымызға отырамыз. -Қазір жылдың қай мезгілі? Балалар:Көктем Тәрбиеші: Көктем мезгілі несімен ерекше? Балалар:Көктемде қар еріп жер жаңарады, жерге гүлдер шығып, ағаштар бүршік жарады. Тәрбиеші:Дұрыс айтасындар, ендеше бүгінгі ұйымдастырылған ашық оқу қызметімізде түрлі-түсті гүлдермен танысамыз. Балалар айтыңдаршы гүл дегеніміз не? -өсімдік, олар өмір сәні, табиғаттың көркі. -Көктем мезгіліндегі қандай алғашқы гүлдерді білесіңдер? -Балалардың жауабы тыңдалады.</p> | |
|--|---|--|--|--|--|

| | | | | |
|--|--|--|---|--|
| <p>4. Таяқшаны айналып секіру және жүру. (10 сек) Б.к. келу. Тыныс алу жаттығуы Араның дыбысын салу. -3-3-3 4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары. 1.Арқанның астымен орындыққа дейін еңбектеу. 2.Допты (кішкене доптар) алып бір қолымен себетке лақтыру. 5.Қимылды ойын: «Күн мен түн» Қортынды. Балаларды мадақтау.</p> <p style="text-align: center;">2.Сурет Тақырыбы: Егістіктегі бақбақтар Мақсаты: Жасыл түсті қағаз бетіне ақ түсті бояумен, мақталы таяқшаны қолдана отырып сурет салуға үйрету. Ұйымдастыру. 1.Жылулық шеңбері. Жыл мезгілі шуақты, Жердің беті нұрланған, Сайды қуып су ақты, Гүлдер өсті ырғалған. 2.Қызығушылықты ояту Жұмбақ жасыру. Көктем мен жаз шыққан да, Басына сары қалпақ киеді, Күзге қарай қалпағы, Қалқи ұшып кетеді. Бұл не</p> | <p>Дыбыс шығару. Көбелек біздерді ормандағы гүл алқабына саяхатқа шақырады. Сендерге саяхат ұнай ма? (сиқырлы таяқша) -Онда бір сәт көзімізді жұмып,өзімізді ормандағы гүл алқабына саяхатқа барғандай сезінейік. (үнтаспадан судың сылдыры,құстардың дауысы естіледі) -міне,балалар гүл алаңқайына да келіп жеттік. Гүлдердің үстінен конверт көру. Ашу. Миға шабуыл. Жұмбақ Құлпырса,қадірлейді аялайды, Қураса сыпырғышқа жарамайды.Бұл не? Мағынасын түсіндіру. (ГҮЛ) -Балалар ,бүгін біз гүлдер туралы әңгімелейміз. Сендер қандай дала гүлдерін білесіңдер? -Енді гүлдің құрылысымен танысайық.(тақтаға үлгіні іліп көрсету)</p> | <p>инелер болады. Мынау – фикус деп</p>  <p>аталатын гүл. Оның сопақша пішіндес, үлкен жылтыраған жапырақтары болады. Ауадағы шаңды, адамның қобалжуын, ашуын, көңілсіздігінен арылтады. Жапырақтары арқылы бөлме ішін шаң-тозаңнан сақтайды. 4.Топқа бөлу. Балалар өздеріне ұнаған гүлдері арқылы 3 топқа бөлінеді. 1-топ Қазтамақ 2-топ Кактус 3-топ Фикус Әр топқа тапсырма беру. 1-топ Қазтамақ тобы: Гүлдердің шаңын сүртеді, су құяды.(тәрбиешінің көмегімен) 2- топ Кактус тобы :Ойын: «Гүлге не қажет?» Гүлге арналған құралдарды тауып тақтаға іледі 3- топ Фикус тобы: Ойын :«Гүлдерді құрастыр». Қиылған гүлдерді құрастырып,қандай гүл екенін айтады. Сергіту сәті. Гүлдер, гүлдер, шоқ гүлдер, Қызыл гүлдер, көк гүлдер. (Орнына ақырын көтеріліп,</p> | <p>(Слайд көрсетіледі) -Гүлдер сонымен қатар бөлменің ауасын тазартады. Адамға таза ауа сыйлайды. Балалар сендер білесіңдерме гүлдер түрлі-түсті болады. Олардың түстері қандай болады? -Олар қызыл,сары,көк болады және олардың сабағы мен жапырықтары жасыл болады. Ғажайып сәт: (Музыка әуенімен) Гүл ханшайымы топқа кіріп келеді. -Сәлеметсіздерме балалар ! -Балалар мен гүл теруге шығып едім маған гүл теруге көмектесесіңдерме? -Я көмектесеміз. Дидактикалық ойын: «Гүлдерді терейік» Барысы:Тақтада тұрған гүлдерді бір-бірден себетке жинайды.Қандай гүлді алса тура сол гүлдің түсін атап көрсетеді, атап болған соң, тақтаға іледі. Тәрбиеші: Ендеше біз гүл ханшайымына көмектесіп гүлдерді тақтада тұрған себетке жинайық. Гүл ханшайымы: Жарайсындар балалар</p> | |
|--|--|--|---|--|

? (ақ матаның астынан бақбақ гүлдерін көрсету)

3.Ой дамыту Бақбақ гүлдерімен таныстыру

Бақбақ гүлі көктемде алғаш гүлдейді, түсі сары болады, күз кезінде қуырап, желмен ұшып кетеді.

П/Ж ойын: «Түсі қандай?»

Сөздік жұмыс:

бақбақ,сабағы

Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін көрсету, түсіндіру.мақта

таяқшасын сары бояуға батырып, қағаздың үстіне бастыру арқылыбақбақ гүлінің суретін салып көрсету.

4.Балалардың өз бетінше жұмысы

Қауіпсіздік ережесін еске түсіру. Қадағалау.

Сергіту сәті

Тербеледі ағаштар,

Жел бетімнен еседі.

Кіп –кішкентай ағаштар, Үлкен болып өседі.

Жұмысты аяқтату.

П/Ж ойын : «Біздің көрме»

Балалардың жұмысын бағалау.

Қорытындылау.

-Балалар бүгін біз сендермен қандай гүлмен таныстық? -Бақбақтың



Тамыры-өсімдіктерді жерде мұқият ұстап,сумен қамтамасыз етеді

Сабағы - жапырақтардың күнге қарайкөтеріліп өсуіне

көмектеседі,жапырағы-қоректі күннің көзінен алады

Көктемде алғаш гүлдер ұйқыдан оянғанда жәндіктерде қуанады.көбелек гүлден гүлге ұшып қонып , гүлдің хош иісімен, тозандарымен қоректенеді. Ал ара гүлден бал жинайды.

Біз көктемде аулаға гүлдер отырғызамыз.

Сергіту сәті: «Көңілді күн»

Сиқырлы таяқша

Саяхаттан қайту.

Біз саяхаттан гүлдер туралы түсіндік, ендеше сол дала гүлдерінің суретін қағаз бетіне бейнелейміз.

Балаларды үш топқа бөлу.

1-ші топ .Мақталы таяқшаны

қосылып тұрған қолдарын жайлап ашады)

Тұра берші ырғалып, Тұра берші нұрланып.(Қолдарын баяу бұлғайды)

Сол тұрғаның ұнайды, (Қолдарын басының үстіне апарып қосады)

Құлпырғаның ұнайды.

Ұқсап сәби балаға. (Тізесін бүгіп отырады, қолдарымен басын жабады).

6.Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.

-Табиғат бұрышында не бар?

-Бөлме гүлдерін қалай күтеді?

-Гүл атымен аталатын

қыздардың аттарын

білесіңдер ма?

Балаларды мадақтау.

Жақсы қатысқан балаларға

жұлдызша беру.

2. Денешынықтыру Мақсаты:(БК)

Бір тізбекпен жүру.

Баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіру. Арқанның астымен орындыққа дейін еңбектеу.

ҰОҚ өтілу барысы:

1.Сәлемдесу.

2. Кіріспе

Шеңбермен жүру.

Педагогтың артынан

жүру,жүгіру.

Шеңберге тұру.

Балаларға таяқшалар беру,

сендерге көп рахмет менің себетімді гүлге толтырып бердіңдер.

-Сау болындар!

Сергіту сәті :

Тербеледі ағаштар,

Алдымыздан жел еседі.

Кіп-кішкентай ағаштар,

Үлкен болып өседі.

Дидактикалық ойын:

Ендеше

балалар «Гүлдерді

толықтыр»ойнайық

Барысы: Әр балаға түйме

тағылған мата және

гүлдер таратылып беріледі

сол гүлдерді балалар өз

қолдарымен түймелейді.

Қорытындылау,

бағалау.

Балалар бүгінгі оқу іс-

әрекетінде не істедіңдер?

бізге қонаққа кім келді?

2.Денешынықтыру Мақсаты :(ҮК)

Допты алдарындағы

доғадан домалатып өткізу.

Кеглилер арасымен қос

аяқпен секіру.

ҰОҚ өтілу барысы:

1Амандасу.

2. Негізгі бөлім:

Шеңбер бойымен

жүру,жүгіру.

3.Жалпы даму

жаттығулары

Жалаушамаен

1. Аяқтары иық

| | | | | | |
|--|--|---|--|---|--|
| | <p>түсі қандай ? Балаларды мақтау.</p> | <p>пайдаланып,нүктелеу әдіс-тәсілімен түймедақ гүлінің суретін салу. II-ші топ картоптан қызғалдақ гүлінің басын бастырма әдіс –тәсілі арқылы бастыру,сабағын,жапырағын III-ші топ гүлдерді құрастыру Балалардың жұмыстарын бағалау. Қорытынды. -балалар ,сендер қай жерге саяхатқа бардыңдар? Нені кездестірдіңдер?</p> <p>2.Музыка. Педагог жетекшісінің жоспары бойынша.</p> | <p>бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу. 3.Жалпы даму жаттығулары. Таяқшамен 1.Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. әр керілген сайын «м-я-у» деп айту.(3-4 қайталау.) Б.қ .келу. 2. Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау «тук-тук-тук»- деп айту. (3-4р) Б.қ .келу. 3. Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Бүгілген оң аяқты көтеру, тізені таяқшаға тигізу. Арқаны түзу ұстау. Сол жақпен дәл солай қайталау. (3-4 рет) Б.қ .келу 4. Таяқшаны айналып секіру және жүру. (10 сек) Б.қ. келу. Тыныс алу жаттығуы Араның дыбысын салу. -з-з-з 4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары. 1.Арқанның астымен орындыққа дейін еңбектеу. 2.Допты (кішкене доптар) алып бір қолымен себетке лақтыру. 5.Қимылды ойын: «Күн мен түн» Қортынды. Балаларды мадақтау.</p> | <p>мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту. 2. Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа- алдыға қарай сермеу. /6 рет қайталау/ 3. Аяқтарын алшық қою, жалаушалар екі жақта жерде. Қолдары төменде. «Ал», «қой» - дегенде тез алып, қою керек. /6/ 4. Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға созу орнында секіріп аяқты біріктіру және жалауша-ны белге қою 6-рет 5. Аяқтарын алшақ қою, жалаушалар белде; 8- рет маршпен жүру, 10- рет секіру. Тыныс алу жаттығулары: «Үйшік» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады. 4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары. 1. Допты алдарындағы доғадан домалатып өткізу.</p> | |
|--|--|---|--|---|--|

| | | | | | |
|---|---|---|--|---|--|
| | | | | 2. Кеглилер арасымен қос аяқпен секіру. Қимылды ойын: «Торғайлар мен мысық» Қорытынды: Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/ Бастапқы қалыпқа келу. Балаларды мадақтау. | |
| Серуенге дайындық | Серуенге киіндіру. Киімдерін шкафтан бітіндеп шығарып, киінуге үйрету. Балалармен серуенге шығу. | | | | |
| Серуен: | Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау | Картотека №13 Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау. | Картотека № 7 Жылғалар мен шалшықтарды бақылау. | Картотека № Аспанды бақылау | Картотека №14 Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау. |
| КӨКТЕМ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген | | | | | |
| Серуеннен оралу | Ойын- жаттығу Тамақтың алды-артында, Қолыңды бала жуып жүр. қолды жумай бастауға, Болмайтынын біліп жүр. Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. | | | | |
| Түскі ас | Ойын- жаттығу : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!" | | | | |
| Ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары | № 2 Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. | № 2 Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. | №3 Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық. | №3 Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық. | №4 Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық. |
| | «ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН. (Картотека қосымша тігілген) | | | | |
| Бесін ас | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |

| | | | | | |
|--|---|---|---|--|--|
| Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | №1. Күн мен жаңбыр. Ойын шарты: Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлмеге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» орындықтың арқасынан қарайды. | №4. Ұшақтар Ойын шарты: Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді. | №5. Қояндар мен қасқыр Мақсаты: Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру. | №7. Қайда жасырылғанын тап Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу | №9. Кім кетті? Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттырып, байқампаздыққа тәрбиелеу. |
| | ДЕНСАУЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ БОЙЫНША ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген. | | | | |
| Серуенге дайындық | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенгешығу. | | | | |
| Серуен | Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау | Картотека №13 Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау. | Картотека № 7 Жылғалар мен шалшықтарды бақылау. | Картотека № Аспанды бақылау | Картотека №14 Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау. |
| Серуеннен оралу | СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ | | | | |
| Кешкі ас | Мәдениетті тамақтануға баулу | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | Кеңес: мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет. | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру |

**«Балбөбек» кіші тобы балаларының өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы
«Балдырған бөбекжайы» КМҚК**

Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»

Уақыты:11.04-15.04.2022 II апта

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 11.04.22. | Сейсенбі 12.04.22. | Сәрсенбі 13.04.22. | Бейсенбі 14.04.22. | Жұма 15.04.22. |
|--|--|---|--|--|---|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. | | | | |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) | Картотека №5 «Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру | Картотека №6 «Әдемі гүл» Ойынның мақсаты: Түстер туралы ұғымын бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру, | Картотека № 7 «Гүлдерді күтеміз» Мақсаты: балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. | Картотека №9 «Жануарларға қамқор боламыз» Мақсаты: Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу. Балалардың үй жануарлары туралы білімін тереңдету және жүйелеу. | Картотека № 12 «Нан дастарханға қалай келеді?» Мақсаты: Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау және ніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. |
| ӘЛЕУМЕТ САЛАСЫ БОЙЫНША ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ (картотека қосымша тігілген) | | | | | |
| Таңертеңгі гимнастика | Сәуір айының 2 – аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету | | | | |
| Таңғы ас | Ойын- жаттығу : Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. «Ас дәмді болсын!» Ас құрамымен таныстыру . | | | | |
| Ойындар, ҰОҚ дайындық | ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау Асапан ашық, көгілдір Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр | | | | |

| | | | | | |
|---|--|--|---|---|--|
| <p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері</p> | <p>1. Денешынықтыру Мақсаты : (БК) Допты алдарындағы доғадан домалатып өткізу. Кеглилер арасымен қос аяқпен секіру. ҰОҚ өтілу барысы: 1.Амандасу. 2. Негізгі бөлім: Шеңбер бойымен жүру, жүгіру. 3. Жалпы даму жаттығулары Жалаушамаен 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту. 2. Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа-алдыға қарай сермеу. /6 рет қайталау/ 3. Аяқтарын алшық қою, жалаушалар екі жақта жерде. Қолдары төменде. «Ал», «қой» - дегенде тез алып, қою керек. 4. Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға созу орнында секіріп аяқты біріктіру және жалауша-ны белге қою 6-рет 5. Аяқтарын алшақ қою, жалаушалар белде; 8- рет маршпен жүру, 10- рет секіру. Тыныс алу</p> | <p>1. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бауырсақ» (орыс халық ертегісі, ертегінің жаңа нұсқасын көрсету) Мақсаты: Ертегіні тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорын молайту, тілін дамыту. Қайырлы таң балалар! Психологиялық сәт! Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі –көңіл ажары, Күліп өмір сүрейік. Балалар, бүгінгі көңіл күйлерің қалай? Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем. 2. Ой дамыту. АҚТ технологиясымен жұмыс Қандай ертегілер білеміз? Экраннан ертегілер кейіпкерлерін көрсету. Сұрақ-жауап Балалар, бүгін бізге қай ертегінің бас кейіпкері қонаққа келді екен, қараңдаршы! (үстелдің үстінде бауырсақты домалату) Бұл ертегіні бәріміз де білеміз, есімізге түсіріп көрейікші.</p> | <p>1. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ас атасы-нан» Мақсаты: Балаларды нанның қасиетімен таныстырып, нанның қиқымын тастамай, оны қастерлей білуге баулу. Әдіс – тәсілдері: Көрсету, түсіндіру, сұрақ – жауап, жұмбақ, слайд, Сөздік жұмыс: комбайыншы, тракторшы, наубайхана, элеватор. ҰОҚ өтілу барысы Шаттық шеңбері: Жарық болсын күніміз Жарқын болсын үніміз Елін сүйіп ер жетер Біз болашақ гүліміз Қызығушылықты ояту. Өлең оқу Нан қиқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастандар. Сұрақ-жауап Өлең жолдары не туралы айтылған? 2. Ой дамыту. АҚТ технологиясымен жұмыс. - Балалар, неге нанды ас атасы деп айтамыз? - Иә, нан ең қасиетті тағам, біз бір тағамды күнде - күнде жей берсек, ол тамақтан шығып қаламыз ия. Ал нанады біз күнде жейміз, әрқашан дастарханымызда нан тұрады. - Ал енді осы қасиетті нан дастарханымызға қалай келеді екен? (слайдтан көрсету)</p> | <p>1. Құрастыру Тақырыбы: «Ыстық тоқаш» Мақсаты: Нан түрлерімен таныстыру. Нан үлгісін салынған қиылған қағаздардан құрастыру жұмысын жасай отырып, нан туралы айта білу. 1. Шаттық шеңбер: Кел балалар күлейік, Күлкіменен түлейік Қабақ шытқан не керек Күліп өмір сүрейік! 2. Тосын сәт АҚТ технологиясымен жұмыс. Экраннан наубайшы шығады. Амандасу. -Балалар маған көмек керек. Мен пісірген тоқаштар дүкендерге жетпей жатыр сол үшін маған көмек керек. Балалар Наубайшыға көмектесеміз бе? Сөздік жұмыс: Тоқаш, наубайхана. Сергіту сәті Бидай жерге отырды, Жасыл түске айналды. Бидай желмен қимылдап, Жауын жауып жайқалды.</p> | <p>1. Музыка Педагог жоспарымен. 2. Мүсіндеу Тақырыбы: Бауырсақ Мақсаттары: Тәрбиелік: Нанды қастерлеуге тәрбиелеу Ресурстармен қамтамасыз ету: Суреттер, тақырыпқа байланысты көрнекіліктер Ұйымдастырылған оқу қызметінің өтілу барысы: 1. Психологиялық сәт. Музыка ырғағымен Күнге созыламыз, күнге қол бұлғаймыз, достарды құшақтаймыз, қол ұстасып шеңбер жасаймыз. 2. Қызығушылықты ояту. Тақпақ оқу Нан қиқымын шашпандар Жерде жатса баспандар Теріп алып қастерлеп Торғайларға тастандар. Балалартақпақ не туралы? Егер нан қиқымы жерде жатса не істеу керек? 3. Ой дамыту Суретпен жұмыс. Түрлі тоқаштардың суреттерін көрсету. Нанды пісіру үшін</p> |
|---|--|--|---|---|--|

жаттығулары: «Үйшік» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады.

4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.

1. Допты алдарындағы доғадан домалатып өткізу.
2. Кеглилер арасымен қос аяқпен секіру.

5.Қимылды ойын:

«Торғайлар мен мысық»

Қорытынды:

Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/

Бастапқы қалыпқа келу.

Балаларды мадақтау.

2.Сурет.

Тақырыбы:

Дастархандағы бауырсақ

Мақсаты: (Дәстүрден тыс)

Қақпақтармен батыру әдісі арқылы сурет салуға үйрету.

Дидактикалық ойын:

«Тәрелкеге бауырсақтарды жина»**ҰОҚ өтілу барысы:**

1.Психожаттығу:
«Күлімдейік».

2.Қызығушылықты ояту.

Өлең оқу. «Бауырсақ»

Апам менің пісірген
Қызыл күрең бауырсақ
Шықпай қояр түсіңнен
Біраз жемей сағынсақ

Ертегіні қуыршақ театры арқылы көрсету және дауыс ырғағын келтіріп айтып беру:

Ертегі желісінен сұрақ-жауап.

Бауырсақтың пішіні қандай?

Бауырсақтың түсі қандай?

Жан-жаққа

қараңдаршы, топта домалақ пішінді қандай заттар бар?

Табиғат бұрышындағы күнді көрсету.

Бауырсаққа тағы не ұқсайды?

Доп, Алма т.б

Сергіту сәті.

(ойын түрінде өткізу)

Алмаларды кілемнің үстіне шашып жіберіп, түстеріне қарай бөлек себеттерге жинату.

Алма, алма, көп алма,
Қызыл, сары, көк алма.

Теріп, теріп алайық,
Себеттерге салайық.

Ой қозғау.

Нан туралы тыйым сөздер үйрету.

Дәнді шашпа, нанды баспа.

Нан— тамақтың атасы
Мағынасын түсіндіру.

Қортынды

Сұрақ-жауап

Балаларды мадақтау.

Балалар мына суреттен нені көріп тұрмыз? Көктемде бұл тракторлармен жерді жырттып, оны тырмалап, жерге мынандай бидай дәнін себеді. (балаларға бидайды көрсету)



- Келесі суретте нені көріп тұрсындар?бұл егін алқабы.



- Келесі суретте нені көріп тұрсындар?



- Егінді орып жүрген комбайн. Ол бидайды тазартып көлікке салып береді.



- Келесі суретте нені көріп тұрсындар?

- Дұрыс айтасындар, диірменде бидайдан ұн тартып шығарады. (ұнды көрсету)

- Келесі суретте нені көріп

Наубайшыға көмек

Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға созу орнында секіріп аяқты біріктіру және жалауша-ны белге қою 6-рет

5. Аяқтарын алшақ қою, жалаушалар белде; 8- рет маршпен жүру, 10- рет секіру.

Тыныс алу

жаттығулары: «Үйшік»

- тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен

Үзіп кетті басқанда
Тұмсығымен доп іздеп,
Ойнағысы келіп тұр.
Достық үшін пілге мен,
Гүл сыйлағым келіп тұр.
-Түлкі мен тырнаның бір
біріне тапсырмалары бар
екен, соларды орындаса
ғана достасады
екен. Оларды достастыруға
дайынбыз ба?
Балаларды екі топқа бөлу.
«түлкілер және тырнарлар»
1 – топ. Түлкімен
тырнаны достастыру үшін
түлкіге тарелке, тырнаға
құмыра жапсыру.
2-топ. түлкі мен
тырнаның тамақ құйып
берген ыдыстарын
нүктелерді
қосу арқылы көрсету.
Ханшайым балаларға
рахметін айтып оларға өз
сыйлығын табыс етеді.
Музыка әуенімен
балабақшаға оралу.
Дидактикалық ойын
«Тілші» Шарты:
балалардың әрбіреуінен
микрофон ұсынып, сұхбат
алады. Балалар, біз қайда
саяхатқа бардық?
-Ол жақта кімдерді
көрдік?
-Түлкі мен тырна неге
ренжісті?
-Біз оларды қалай
достастырдық?
-Балалар, жарайсыңдар.

6.Қорытынды.
Балаларды мадақтау

түсіріп, денені босатып
демді шығарады.
Бастапқы қалыпқа келу.
Балаларды мадақтау.
4.Негізгі қимыл
қозғалыс жаттығулары.
1.Құрсаудан еңбектеп өту.
2. 0,5-1,5метр
арақашықтықта отырған
қалыпта доптарды бір-
біріне домалату.
5.Қимылды ойын:
«Торғайлар мен мысық»
Қорытынды:
Бір саппен шеңбер бойы
жүру. /жалаушаларды
себетке салу/

| | | | | | |
|---|---|---|--|--|---|
| | | Ренжісіп қалған түлкі мен тырнаны достастырдыңдар. Мадақтау! | | | |
| | | 2.Музыка. Педагог жетекшісінің жоспары бойынша. | | | |
| Серуенге дайындық | Серуенге киіндіру. Киімдерін шкафтан бітіндеп шығарып, киінуге үйрету. Балалармен серуенге шығу. | | | | |
| Серуен: | Картотека №15 Бақбақтың өсуін бақылау | Картотека №16 Бұталарды бақылау. | Картотека №18 Құстардың ұшып келуін бақылау | Картотека №19 Қараторғайларды бақылау. | Картотека №20 Ұяларды бақылау. |
| | КӨКТЕМ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген | | | | |
| Серуеннен оралу | Ойын- жаттығу Тамақтың алды-артында, Қолыңды бала жуып жүр. қолды жумай бастауға, Болмайтынын біліп жүр. Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. | | | | |
| Түскі ас | Ойын- жаттығу : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!" | | | | |
| Ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары | №13 1.Ояну Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық. | № 121. Ояну Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз Бойды түзе, көтер басты Сергіп ұйқы ашамыз | № 31. Ояну Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық. | №51. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық. | №61. Ояну Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық. |
| | «ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН. (Картотека қосымша тігілген) | | | | |
| Бесін ас | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| Ойындар, дербес әре- | Картотека №1 «Қуыршақ қонаққа дайындалуда» | Картотека №2 Әдемі кілемшелер | Картотека №3 «Затты сипаттау» | Картотека №7 Мынау қай пішін? | Картотека №10 «Не жоқ?» |


| | | | | | |
|---|---|---|---|---|--|
| кет Баланың жеке даму қартасына сәйкес жеке жұмыс | | | | | |
| Серуенге дайындық | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. | | | | |
| Серуен | Картотека №15 Бақбақтың өсуін бақылау | Картотека №16 Бұталарды бақылау. | Картотека №18 Құстардың ұшып келуін бақылау | Картотека №19 Қараторғайларды бақылау. | Картотека №20 Ұяларды бақылау. |
| Серуеннен оралу | СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ | | | | |
| Кешкі ас | Балалардың назарын тағамға аудару | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | Кеңес: мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет. | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру |

**«Балбөбек» кіші тобы балаларының өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы
«Балдырған бөбекжайы» КМҚК**

Өтпелі тақырып: «Әр қашан күн сөнбесін»

Уақыты:09.05-13.05.2022 II апта

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 09.05.22ж | Сейсенбі 10.05.22ж | Сәрсенбі 11.05.22ж | Бейсенбі 12.05.22ж | Жұма 13.05.22ж |
|--|--|---|--|--|---|
| <p>Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу</p> <p>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)</p> | <p>Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.</p> <p>Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.</p> | | | | |
| | <p>Картотека №8 «Кілтті тап» Мақсаты: Балаларды түстерді, геометриялық пішіндерді ажырата білуге үйрету, көру, ойлау қабілеттерін арттыру</p> | <p>Картотека №11 «Қажет суретті тап» Ойынның мақсаты: Үлкен және кіші ұғымдарын түсіндіру. Үлкен-кіші заттарды топтауға үйрету</p> | <p>Картотека №10 «Зат неге ұқсайды?» Мақсаты: Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту</p> | <p>Картотека №13 «Өз үйінді тап» Ойынның мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.</p> | <p>Картотека №15 Танып ал да, атын ата Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.</p> |
| ТАНЫМ САЛАСЫ БОЙЫНША ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ (картотека қосымша тігілген) | | | | | |
| Таңертеңгі гимнастика | <p>Мамыр айының 2 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету</p> | | | | |
| Таңғы ас | <p>Ойын- жаттығу : Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. «Ас дәмді болсын!» Ас құрамымен таныстыру.</p> | | | | |

| | | | | | |
|--|---|--|---|--|---|
| <p>Ойындар, ҰОҚ дайындық</p> | <p>ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау</p> <p>Ерте тұрып күнде мен Тереземді ашамын. Сәлем деймін күнге мен Шаттық әнге саламын.</p> | | | | |
| <p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері</p> | <p>1. Денешынықтыру 1.Мақсты: (БК) Шеңбер бойында қолдарын әртүрлі қалыптармен қимылдар жасай жүру. -Орындық астымен еңбектеп өту. -0,5-1,5метр арақашықтықта отырған қалыпта доптарды бір-біріне домалату. ҰОҚ өтілу барысы: 1Амандасу. 2. Негізгі бөлім: Шеңбер бойымен жүру, жүгіру. 3.Жалпы даму жаттығулары Жалаушамаен 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту. 2. Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа-алдыға қарай сермеу. /6 рет қайталау/ 3. Аяқтарын алшық қою, жалаушалар екі жақта жерде. Қолдары төменде. «Ал», «қой» - дегенде тез алып,</p> | <p>1.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қайрымдылық» (әңгіме) Д.Далабеков Мақсаты: Балаларды тыңдағандары, көргендері туралы айтып беру дағдыларын бекіту. ҰОҚ өтілу барысы Шаттық шеңбер: Жарық болсын күніміз Жарқын болсын үніміз Елін сүйіп ер жетер Біз болашақ гүліміз Балалар бүгінгі көңіл-күйлерің қалай? Ой қозғау Суретпен жұмыс -Көмектесу, қамқор болу деген не?  Адамдарға, құстарға, табиғатқа қамқор болу, көмектесу жақсы әдеттерге жатады. Ой дамыту.</p> | <p>1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің атам жауынгер» Мақсаты: Балаларды өздерінің отбасы мүшелерін атап айта білулерін бекіту. ҰОҚ өтілу барысы. І.Шаттық шеңбер Е.Өтетілеуов Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен «Қайырлы таң!» деймін мен ІІ.Қызығушылықты ояту Өлең оқу. Отан-сенің ата –анаң, Отан-досың,бауырың Отан-өлкен,астанаң Отан-аудан,ауылың ІІІ.Ой қозғау Сұрақтар ілмегі Өлең не туралы айтылған. Отан деген не? Сенің Отаның қалай аталады? Отанды қорғау деген не? -Балалар үлкендер неге «Аспанымыз ашық болсын!», «Бейбітшілік болсын!» деп бата береді - «Бейбітшілік» деген сөзді қалай түсінесіздер? - Ал «батыр» деген сөзді ше? Педагог түсінік беру</p> | <p>1. Құрастыру Тақырыбы: «Зымыран» Мақсаты: Әртүрлі түстегі және пішіндегі тұратын құрылыс материалдарынан бірінің үстіне бірін қою, текшелерді үйлестіре құрастыруға бекіту. ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ. І. Шаттық шеңбері. "Бала,бала,баламыз" Е.Өтетілеуұлы. Бала,бала,баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамызда қаламыз! ІІ.Қызығушылықтыры н ояту. Жұмбақ жасыру Көкке зулап ұшатын, Ер ғарышкер ағалар, Аспан шарлап жүретін Білсең айтшы не екенін? (Зымыран) 1.Ғарыш туралы түсінік беру. Сұрақ – жауап -Ғарыш деген не? -Оған немен барады? -Қандай ғарышкерлерді</p> | <p>1.Музыка Педагог жоспарымен. 2.Мүсіндеу Тақырыбы: «Ұшақ» Мақсаты: Бейне салынған көгілдір қағаз ортасына ермексазды жағу арқылы ұшақты бейнелеу.Ұшақтың қай көлік түріне жататынын түсіндіру. Оқу қызметінің барысы: Қызығушылықтарын ояту. Жұмбақ жасыру. Құс сияқты- құс емес Самғап ұшқан биікке. Қанаты бар қақпайды. Жүрсе де сондай биікте. Суретпен жұмыс. Назарларын тақтаға аудару. «Көліктер»</p> |

| | | | | |
|--|---|--|--|---|
| <p>қою керек. /6/ 4. Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға созу орнында секіріп аяқты біріктіру және жалауша-ны белге қою 6-рет 5. Аяқтарын алшақ қою, жалаушалар белде; 8- рет маршпен жүру, 10- рет секіру. Тыныс алу жаттығулары: «Үйшік» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады. Бастапқы қалыпқа келу. Балаларды мадақтау. 4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары. 1.Құрсаудан еңбектеп өту. 2. 0,5-1,5метр арақашықтықта отырған қалыпта доптарды бір-біріне домалату. 5.Қимылды ойын: «Торғайлар мен мысық» Қорытынды: Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/ 2.Сурет. Тақырыбы: «Жұлдызша» Мақсаты: Балаларды дайын үлгідегі суретті қызыл түсті</p> | <p>АҚТ технологиясымен жұмыс. «Қайырымдылық» әңгімесін сурет арқылы көрсете отырып, түсіндіру. Сәулет пен Келбет далада ойнап жүр. Ыстықтан тершігендеріне қарайтын емес. Келбет допты Сәулетке қарай лақтыра беріп тоқтай қалды. Екі көзі қалықтай ұшып жүрген қарлығаштарда. Ананы қарашы, эне! Сәулет жоғары қарады. Қарлығаштар төмендеп ұшып, қайта көтерілді. Екі бала қарап тұрды. Қарлығаштар шырылдап айнала ұшып жүр. Ой, - деді сүрініп кеткен Сәулет тізесін сипалап. – Эне, ана балапанды қарашы! Кәне, қайсы? Қай жерде? Эне! Байқа, басып кетпе! Келбет келіп қарады. Кіп – кішкентай тұмсығын жерге тіреп, қызылшақа балапан жатыр. Көздерін ашып – жұмып, дір – дір етеді. Сәулет балапанды абайлап</p> | <p>Қандай қазақ батырларын білесіңдер? Неге біз оларды батыр деп атаймыз? Отан қорғау үшін қандай болуымыз керек? Тақпақ жаттау. Менің атам Жүзі жарқын, жаны ізгі Жан бар ма екен атамдай, Бірақ бала тәрізді Тұрады әкем бата алмай Қимылды ойын “Біз сарбазбыз” Шарты:Балар үш шеңберге жасап тұрады.Әр шеңбер өз тапсырмасын алады. Бірінші шеңбер: “Ұшқыштар” Екінші шеңбер: «Атты жауынгерлер» Үшінші шеңбер: “Жаяу әскерлер” Ұшқыштар қолдарын екі жаққа жайып өз шеңберін де “Ұшқыштар ұшады” .Басқалары қарап тұрады. Музыка ойнағанда “Жаяу әскерлер” адымдайды, келесі музыкада “Атты жауынгерлер” шабады, олар ат шабысын салады. Қорытынды -Балалар біз бүгін кімдер туралы әңгімелестік? -Сіздердің әскери адам болғыларыңыз келеме? -Батыр адам қандай болуы тиіс деп ойлайсыздар?</p> | <p>білесіңдер? Сөздік жұмыс. Сергіту сәті: «Қане қанат жазайық, Зымыран боп, ұшайық. Ай бетінде болайық, Қайта жерге қонайық 2. Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету Зымыранның қандай бөліктері бар? Оның пішін қандай? Зымыранның жоғарғы төбесі қандай пішінге ұқсайды? Қанаттары қандай пішінге ұқсайды? Балалардың жауаптары. Дид ойын: «Қандай түс» 3. Өз беттерінше жұмыс жасау. Қадағалау, көмектесу 4. Дид ойын: «Біздің көрме» Балаларды мадақтау 2.Денешынықтыру Мақсаты: (ҮК) Гимнастикалық орындық үстінде қолдарын жанына жая жүріп өту. 1.Еден үстінде созылып жатқан арқан үстінде бір қырымен жүру. 2.Кішкене қапшықты төбесіне қойып,тақтай үстімен жүру ҰОҚ ӨТІЛУ</p> | <p>Сендер қандай көлік түрлерін білесіңдер? Ұшақ қандай көлік түріне жатады? Балалар ұшақты кім ұшырады? Балалар ұшақтар қайда ұшады? Ал сендердің ұшқыш болғыларың келе ме? Ұшқыш болу үшін не істеу керек? Ұшақ жасауымыз керек. Ендеше, біз нағыз ұшқыш болу үшін өзімізге ұшақ жасайық. Ұшақ жасау үшін мына суретке назар аударайық. Үлгіні талдау. Жасалу жолдарын көрсету. Сергіту сәті: Қане қанат жазайық. Ұшақ болып ұшайық. Ұшып ұшып алайық. Орнымызға қонайық. Балалардың жұмысын бақылау. Жеке көмек көрсету. Дид ойын: «Біздің көрме» Балалардың жұмысын бағалау. Қорытынды. Балаларды мақтау.</p> |
|--|---|--|--|---|

| | | | | | |
|--|---|--|--|---|--|
| | <p>гуашпен бояуға, кылқаламды пайдалану дағдыларын бекіту. Дидактикалық ойын: «Бұл қандай пішін» Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер. Біз қандаймыз, қандаймыз Шұғылалы таңдаймыз Күлімдеген күндейміз Ренжисуді білмейміз Қуанамын менде Қуанасын сенде Арайлап атқан күнге ! Сұрақ жауап айдары: Қазір жылдың қай мезгілі? II. Қызығушылықты ояту. Жұмбақ жасыру Тақиям толған сөк, Ерте тұрсам дым да жоқ. (Жұлдыз) Жұмбақтың мағынасын ашу. 1. Ой дамыту - Жұлдыз туралы түсінік беру. - Сұрақ – жауап Жұлдыз қай жерде орналасқан? - Оны қай уақытта көреміз? 2.1. Дәстүрден тыс трафаретпен сурет салудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету Көгілдір қағаз бетіне майшаммен жұлдыз суретін салу, үстінен сары бояумен бояу. Балалардың қызығушылығын арттыру. Сергіту сәті: «Біз кішкентай баламыз»</p> | <p>көріп: Ұядан ұшып түскен ғой, - деді. Тірі ме? Иә, тірі сияқты. Бізден қорқып тұрған шығар? Онда ұясына салайық, - деді де сатыны әкеліп, үйдің қабырғасына сүйеді. Балалар балапанды ұясына салды. Қарлығаштар енді көңілді. Олар көкке көтеріліп, балалардың төбесінен екі – үш айналып өтті. Сергіту сәті: Кәне, қанат жазайық, Қарлығаш боп ұшайық. Ұшып, ұшып алайық, Орнымызға қонайық. (Б. Серікбаев) Сұрақ – жауап арқылы әңгіме желісін қортындылау. Әңгіме не жайлы? Әуеде не ұшып жүрді? Сәулет жерден нені көрді? Ол балалардың орнында болсаңдар сендер не істер едіңдер? Қортынды Балаларды мадақтау. 2. Музыка. Педагог жетекшісінің жоспары бойынша.</p> | <p>2. Денешынықтыру (ҮК) Мақсаты: (ҮК) Гимнастикалық орындық үстінде қолдарын жанына жая жүріп өту. 1. Еден үстінде созылып жатқан арқан үстінде бір қырымен жүру. 2. Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ: Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру. Қол жанда, өкшемен жүру. Ұшақ болып ұшу. Шеңбер бойымен еркін жүру. 1 сапқа тұру. / сапқа тұрарда себеттен екіден жалауша алу/ 1 саптан 4 звеноға тұру. 1. Жалпы даму жаттығу-лары. Жалаушамен, 6- бөлім. 1. Аяқтары иық мөлшерін-де. Жалаушаны кеуде тұсына ұстау. Алға созу, жоғары көтеру, екі жанға созу, төмен түсіру.- рет 4-5 рет қайталау 2. Аяқтары бірге, жалаушаланы омырауға ұстау. Екі қолды оң жаққа созу, қайта омырауға ұстау. Екі қолды сол жаққа созу, жалаушаны омырауға ұстау. /5 рет қайталау/ 3. Аяқтарын алшық қою, жалаушалар төменде ұстау. Еңкею жалаушаны артқа көтеру, түзулену. 5-рет қайталау.</p> | <p>БАРЫСЫ: Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру. Қол жанда, өкшемен жүру. Ұшақ болып ұшу. Шеңбер бойымен еркін жүру. 1 сапқа тұру. / сапқа тұрарда себеттен екіден жалауша алу/ 1 саптан 4 звеноға тұру. 1. Жалпы даму жаттығу-лары. Жалаушамен, 6- бөлім. 1. Аяқтары иық мөлшерін-де. Жалаушаны кеуде тұсына ұстау. Алға созу, жоғары көтеру, екі жанға созу, төмен түсіру.- рет 4-5 рет қайталау 2. Аяқтары бірге, жалаушаланы омырауға ұстау. Екі қолды оң жаққа созу, қайта омырауға ұстау. Екі қолды сол жаққа созу, жалаушаны омырауға ұстау. /5 рет қайталау/ 3. Аяқтарын алшық қою, жалаушалар төменде ұстау. Еңкею жалаушаны артқа көтеру, түзулену. 5-рет қайталау.</p> | |
|--|---|--|--|---|--|

| | | | | | |
|--|---|--|--|--|--|
| | <p>Біз кішкентай баламыз, Өсіп-өніп толамыз. Көкке қолды созамыз, Құстай қанат қағамыз. Қарлығаш боп ұшамыз, 1-2-3 өсеміз де, толамыз.</p> <p>2.2.Балалардың өз бетінше жұмысы. Қадағалау, көмектесу Дид ойын: «Біздің көрме» Балалардың жұмысын бағалау. Қортынды Сұрақ- жауап. Балаларды мадақтау.</p> | | <p>Еңкею жалаушаны артқа көтеру, түзулену. 5-рет қайталау. Б.қ.: «Отыр-тұр» 5. Аяқтарын біріктіреді. Жалауша белде. 1- жалаушаны алдыға созады, 2- отырады. 3- б.қ. (6 рет қайталау.) 6. Секіру. Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша төменде Орнында секіріп аяқты жанға созу, жалаушаны жоғары көтеру. Б.қ. 6 рет қайталау/ Тыныс алу жаттығулары: Шар үрлеу мұрынмен дем алып,ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. 2.НЕГІЗГІ ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС ЖАТТЫҒУЛАРЫ 2. Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығу-лары. 2- бөлімТүрлері: 1.Еден үстінде созылып жатқан арқан үстінде бір қырымен жүру. 2.Кішкене қапшықты төбесіне қойып,тақтай үстімен жүру Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр» Бір – бірінің артынан жүру, әр түрлі қимыл-мен айналып өту, ұзындық бойынша тұру. ҰОҚ қортынды. Сұрақ – жауап. Балаларды мадақтау.</p> | <p>Б.қ.: «Отыр-тұр» 5. Аяқтарын біріктіреді. Жалауша белде. 1- жалаушаны алдыға созады, 2- отырады. 3- б.қ. (6 рет қайталау.) 6. Секіру. Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша төменде Орнында секіріп аяқты жанға созу, жалаушаны жоғары көтеру. Б.қ. 6 рет қайталау/ Тыныс алу жаттығулары: Шар үрлеу мұрынмен дем алып,ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. 2.НЕГІЗГІ ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС ЖАТТЫҒУЛАРЫ 2. Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығу-лары. 2- бөлімТүрлері: 1.Еден үстінде созылып жатқан арқан үстінде бір қырымен жүру. 2.Кішкене қапшықты төбесіне қойып,тақтай үстімен жүру Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр» Бір – бірінің артынан жүру, әр түрлі қимыл-мен айналып өту, ұзындық бойынша тұру. ҰОҚ қортынды. Сұрақ – жауап. Балаларды мадақтау.</p> | |
|--|---|--|--|--|--|

| | | | | | |
|---|--|---|--|--|--|
| Серуенге дайындық | Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту. Киіну: Серуенге шығу, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| Серуен: | Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау | Картотека № 2 Күнді бақылау | Картотека № 4 Аспанды бақылау | Картотека № 5 Бұлтты бақылау | Картотека №13 Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау. |
| | КӨКТЕМ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. | | | | |
| Серуеннен оралу | Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. | | | | |
| Түскі ас | ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып, тамақтануға, нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| Ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары | Жаттығу кешені №6 Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық. | Жаттығу кешені №7 Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. | Жаттығу кешені №8 Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық | Жаттығу кешені №9 Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық | Жаттығу кешені №10 Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық, Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық |
| Бесін ас | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | Дидактикалық ойын: «Моншақтар тізбегі» Мақсаты: Балаларға моншақ жасауды үйрету. Балалармен жеке жұмыс. Тәрбиеші жоспары бойынша. | Дьенеш блоктарымен жұмыс Дидактикалық ойын: «Машина жүріп барады», «Гүлдер өсіп тұр», «Биік мұнара», «Күшік үреді». Балаларды ойын тақырыптары бойынша топқа бөлу. Құрастыру нәтижесін бекіту. | АҚТ технологиясымен жұмыс Математикалық дамытушы ойындар Сұрақ-жауап | Мнемотехника әдісі Тақырыбы: Киімдер Мақсаты: мнемо кестемен жұмыс жасай отырып, балалардың киімдер туралы өз ойларын толық жеткізе білуге үйрету. | Мнемотехника әдісі Қ. Әбдилдина. «Ауылда» Ауылда. «Ауыл деген не?» десем Ата - әжем екен ғой, Ата- әжем тұрған соң, Аты – атамекен ғой Мейірім де ауыл да, Пейілің де ауылда. Жанға дауа ауасы, Сейілің де ауылда. |
| Серуенге дайындық | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. | | | | |
| Серуен | Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау | Картотека № 2 Күнді бақылау | Картотека № 4 Аспанды бақылау | Картотека № 5 Бұлтты бақылау | Картотека №13 Бақта өсетін ағаштардың |

| | | | | | |
|-------------------------------|---|---|---|--|---|
| | | | | | гүлденуін бақылау. |
| Серуеннен оралу | ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ | | | | |
| Кешкі ас | Мәдениетті тамақтануға баулу | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу | Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу. | Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға) | Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы. | Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру |

**«Балбөбек» кіші тобы балаларының өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы
«Балдырған бөбекжайы» КМҚК**

Өтпелі тақырып: «Әр қашан күн сөнбесін»

Уақыты: 16.05-20.05.2022 III апта

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 16.05.22ж | Сейсенбі 17.05.22ж | Сәрсенбі 18.05.22ж | Бейсенбі 19.05.22ж | Жұма 20.05.22ж |
|---|---|--|--|---|-----------------------------------|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| | Картотека № 9 Үй жануарлары және олардың төлдері | Картотека № 10 «Дұрыс көрсет, ажырат» | Картотека № 8 «Гүлдерді күтеміз» | Картотека № 3 «Құстар біздің досымыз» | Картотека № 11 «Отбасы» |
| | ӘЛЕУМЕТ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ БОЙЫНША ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген. | | | | |
| Таңертеңгі гимнастика | Мамыр айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау | | | | |
| Таңғы ас | Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. «Ас дәмді болсын!» Ас құрамымен таныстыру . | | | | |
| Ойындар, ҰОҚ дайындық | ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Достар бірге жүреміз Бірге ойнап күлеміз Бірге балық аулаймыз Міне біздер қандаймыз | | | | |
| Мектепке | 1. Денешынықтыру 1. Мақсаты: (ҮК) | 1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жазда» | 1.Жаратылыстану Тақырыбы: | 1.Сенсорика Тақырыбы: «Көңілді | |

| | | | | | |
|--|---|--|---|---|--|
| <p>дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері</p> | <p>Шағын топпен бір-біріне кедергі жасамай жүгіру; жүгіру. -Құм салынған қапшықты жәшікке лақтыру. -Аласа орындық үстінде еңбектеу. ҰОҚ жіргізілу барысы I.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: Доппен жаттығу» 1. Бір қатармен жүру,аяқ ұшымен, өкшемен,аяқты көтеріп жүру, жүгіру. (2 мин.) 2. Бір қатардан екі қатарға тұру. 3. Доппен жаттығу. 1. Б.қ қолда доп :1 – алдыға созу , 2 – жоғары көтеру, 3 – алдыға созу , 4 – б.қ –қа келу. 2.Б.қ 1 - доп оң қолда екі рет алдыға айналдыру, 2 – доп сол қолда алдыға айналдыру.3 – артқа айналдыру алдымен оң қолмен,артынан сол қолмен. 3. Б.қ аяқ арасы ашық иықпен, оң қолда доп сол аяққа жеткізу допты,сол қолдағы допты оң аяққа жеткізу. 4.Б.қ аяқ бірге,отырып тұру. 5.Б. доп кеуде тұсында 1-адым алдыға, 2-тізе бұғу, 3 – артқа, 4-</p> | <p>(өлең) Нәсіпбек Айтов Мақсаты: Жыл мезгілдері жайлы ойларын кеңейту, жайқалған жаз, жазғы қызықтар туралы түсінік бере отырып суреттерде бейнеленгендер туралы айтып беру дағдыларын бекіту. ҰОҚ өтілу барысы I.Шаттық шеңбері. «Кел,балалар күлейік» Ө.Тұрманжанов. Кел, балалар күлейік, Күлкіменен түлейік Қабак түйген не керек Көңілді боп жүрейік. II.Қызығушылықты ояту. Өлең оқу «Ауылда» Қ. Әбдилдина «Ауыл деген не?» десем Ата - әжем екен ғой, Ата- әжем тұрған соң, Аты – атамекен ғой Мейірім де ауыл да, Пейілің де ауылда. Жанға дауа ауасы, Сейілің де ауылда. Сұрақ –жауап -Өлең не туралы айтылған? -Сендер ауылға қай кездері көп барасыздар?</p> | <p>«Алақай жаз келді» Мақсаты: Жаз мезгілімен, табиғаттағы маусымдық өзгерістермен таныстыру (күннің көзі нұрын шашады, адамдардың киіміне назар аудару). ҰОҚ өтілу барысы: 1.Шаттық шеңбері Амансың ба нұрлы күн! Амансың ба жер ана! Аман-есен болайық! Бүгінгі көңіл-күйлерің қандай? 2.Мнемотехника әдісі Жаз  Ой қозғау Жаз мезгілі туралы түсінік беру.  -Жазда дала қандай болады? -Ауа райы қандай болады? -Жаз мезгілін не үшін жақсы көресіңдер? Ой дамыту.</p> | <p>балықшылар» Мақсаты: Балаларды әртүрлі тәсілдермен судан затты алу дағдысын жаттықтыру. ҰОҚ өтілу барысы Шаттық шеңбері. Е.Өтетілеуұлының «Көңілді балалар» Жабырқауды білмейміз, Жалқаулықты сүймейміз, Біз талантты жас ұлан, Үлгі аламыз жақсыдан. Қызығушылықты ояту Таңғажайып сәт. Судың дыбысы естіледі. Аудио: Құрметті балалар мен теңіз тұрғынымын. мен достарымды таба алмай жүрмін, маған көмек керек. Ой қозғау -Теңіз тұрғынымын диді. -Теңізде нелер өмір сүреді? Балықтар Ендеше мына балыққа көмектесеміз бе? Құрлымдалған ойын:«Кішкентай балықшылар» Ұсақ заттар тегешке тасталады.Бұлар «балықтар» болады. Сөздік жұмыс: қармақ, жүзеді, қабыршақ. 1- топ: Балықты аулау үшін сабы ұзын «қармақ» беріледі. Бұл топ кішкентай балықтар аулайды. 2-топ: балықты қасықпен</p> | |
|--|---|--|---|---|--|

тізе бұғу.

6.Б.қ доп кеуде тұсында.Бір орында тұрып секіру аяқты алдыға –артқа жібере отырып.

Тыныс алу жаттығуы:

мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.

Негізгі қимыл-жаттығулары:

1.Құм салынған қапшықты жәшікке лақтыру.

2.Аласа орындық үстінде еңбектеу.

Қимылды ойын:

«Досым, ұста!».

Ойын шартымен таныстыру

Балаларды мадақтау.

2. Сурет салу

Тақырыбы: Балықтар жүзеді

Мақсаты: Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілін түсіндіре отырып, майшамның және трафареттің көмегімен аквариумдағы балықты салуды үйрету.

ҰОҚ өтілу барысы

Шаттық шеңбер

Армысың көк аспан,

Армысың достарым.

Міне менің қолым бос

Жылуыма жылу қос

Таңғажайып сәт.

Педагогтың ұялы телефоны шырылдайды.

Алоо - Сәлеметсіздер ме балалар, мен су патшасымын.

Сендер су астындағы жануарлар, жәндіктер туралы көп біледі екенсіңдер.

1. Ой қозғау.

Суретпен жұмыс.

Жаз мезгілі туралы түсінік беру.



Сұрақ –жауап.

Ой дамыту.

Н. Айтовтың «Жаз»

Жазым келді

жарқылдап,

Қазым келді

қаңқылдап.

Гүлге қонды көбелек,

Қос қанаты

қалтылдап.

Өлең жолдарын

қайталау арқылы

жаттау.

Релаксация:

Балалар, көзімізді

жұмып тынығайық.

Жаз мезгілін көз

Сурет арқылы тақпақ жаттату:

Тірек –сызбаны пайдаланып жаз туралы тақпақ оқу.

Алақай, алақай,

Қуанды балақай.

Жадырап жаз келді.

Ойнаймыз ,алақай.

Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар

Алдымнан жел еседі

Кіп - кішкене балақан

Үп - үлкен боп өседі.

Дидактикалық ойын:

«Жаз мезгілін көрсет»



Қорытынды.

Сұрақ- жауап

Балаларды мадақтау.

2.Денешынықтыру.

Мақсаты: (БК)

Шағын топпен бір-біріне кедергі жасамай жүгіру, жүру.

-Құм салынған қапшықты жәшікке лақтыру.

-Аласа орындық үстінде еңбектеу.

ҰОҚ жіргізілу барысы

I.Кіріспе бөлім.

де ұстайды. Бұл топ үлкен балықтар аулайды. Ұстаған балықтарды шелектерге салады.

Сергіту сәті:

Біз жүреміз оң жаққа

Біз жүреміз сол жаққа.

Шоршимыз көл астында

Ыршимыз көл үстінде.

Тұңғиыққа батамыз

Тәтті ұйқыға жатамыз

-Балалар міне теңіз

тұрғынының достарын

тауып бердік. Енді теңіз

тұрғынына қалай

хабарласамыз.

Бұл балықтарды шелегімен

көмекші апайға берейік, ол

теңіз тұрғынына апарып

берсін.

Қортынды:

Сұрақ –жауап

Біз қандай балықтар

ауладық? Үлкен-кіші

Не үшін ауладық?

Балаларды мадақтау.

2.Денешынықтыру

Мақсаты: (ҮК)

Балалардың жүру, жүгіру дағдыларын дамыту.

-Құрсаудан еңбектеп өтуге дағдыландыру.

-Бір және екі қолмен допты еденге ұру.

I.Кіріспе бөлім.

Бір қатар сапқа тұру.

Сәлемдесу. Шеңбер

бойымен тұру. Қолды

| | | | | |
|---|---|--|--|--|
| <p>- Ендеше, сіздер теңіз әлемі туралы не жасай аласыңдар? Педагог: я су патшалығы біздің балалар суретті өте керемет салады. Біз сізге салған суретімізді суретке түсіріп, телефон арқылы жібереміз. Ой дамыту. Теңіз әлемі туралы қысқаша түсінік беру. Сурет салудың дәстүрден тыс әдіс тәсілдерін көрсету түсіндіру. Балауыз шамды пайдаланып, трафареттің көмегімен әр түрлі бейнені салу, салынған бейненің үстін көк субояқ. гуашпен бояу арқылы теңіз әлемін бейнелеу. Жеке көмек. Дайын болған суреттерді өзара талдау. Қандай сурет салғандарын сұрау? Әр баланың суретін жеке тексеріп, түзету жұмысын жүргізу. П/Ж ойын: «Біздің көрме» Балалардың суретін Телефонға түсіру.Су патшалығына жіберу. Тәрбиеші: Телефон соғу. Су патшасы біздің балалар өз жұмыстарын сізге сыйға тартып жіберді. Телефон шырылдау. Су патшасы: Балалар жарайсыңдар, сендер біздің теңіз жәндіктері туралы</p> | <p>алдымызға елестетейік: күн ыстық, суға шомылып, денемізді бос ұстап, жағалауға шығып жатырмыз, су сылдыры құлағымызға жағып, күн шуағы денені жылытады, аяғымызды ыстық құм қыздырып барады. Ал енді көзімізді ашсақта болады. Енді, балалар, көзіміз жұмылғанда нені көрдік, қандай әсер алдыңдар? Суда шомылғанды ұнатасыңдар ма? Қортынды Балаларды мадақтау.</p> <p>2.Музыка Педагог жоспары бойынша</p> | <p>Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: Доппен жаттығу» 1. Бір қатармен жүру,аяқ ұшымен, өкшемен,аяқты көтеріп жүру, жүгіру. (2 мин.) 2. Бір қатардан екі қатарға тұру. 3. Доппен жаттығу. 1. Б.қ қолда доп :1 – алдыға созу , 2 – жоғары көтеру, 3 – алдыға созу , 4 – б.қ –қа келу. 2.Б.қ 1 - доп оң қолда екі рет алдыға айналдыру, 2 – доп сол қолда алдыға айналдыру.3 – артқа айналдыру алдымен оң қолмен,артынан сол қолмен. 3. Б.қ аяқ арасы ашық иықпен, оң қолда доп сол аяққа жеткізу допты,сол қолдағы допты оң аяққа жеткізу. 4.Б.қ аяқ бірге,отырып тұру. 5.Б. доп кеуде тұсында 1- адым алдыға, 2-тізе бұғу, 3 – артқа, 4-тізе бұғу. 6.Б.қ доп кеуде тұсында.Бір</p> | <p>жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: (жалаушамен) «Тербелу» Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде. а) қолдарды жоғары көтеру. ә) екі жанға тербелу, оңға тербелу. б) солға тербелу. «Бағыттаушы» Б.к: аяқ арасы алшақ, қол төменде. а) қолдағы жалаушаларды жоғары көтеру, алға созу. б) екі қолдағы жалаушаны кеуде тұсына әкелу. в) екі қолды жанға созу. г) б.қ.келу. «Ұшамыз, қонамыз» Б.к: тік тұру, қол төменде. а) екі қолдағы жалаушаны кеуде тұсына әкеліп, тізені сәл бүгіп отыру. ә) бір орында секіріп, қолды жанға созу. б) б.қ. келу. Тыныс алу: «Әдемі гүлдің иісі, Гүл ашады қауызын» Бастапқы қалыпқа келу. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1.Курсаудан еңбектеп</p> | |
|---|---|--|--|--|

| | | | | | |
|---|---|---|--|---|--|
| | білетіндеріңді көрсеттіндер. Маған өте ұнады. Қортынды Балаларды мадақтау. | | орында тұрып секіру аяқты алдыға –артқа жібере отырып. Тыныс алу жаттығуы: мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1.Құм салынған қапшықты жәшікке лақтыру. 2.Аласа орындық үстінде еңбектеу. Қимылды ойын: «Досым, ұста!». Ойын шартымен таныстыру Балаларды мадақтау. | өтуге дағдыландыру. 2.Бір және екі қолмен допты еденге ұру. Қимылды ойын: «Түрлі - түсті автокөліктер» Ойын шартын түсіндіру. Қортынды Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау. | |
| Серуенге дайындық | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| Серуен: | Картотека №1 Ауа райын бақылау | Картотека № 3 Желді бақылау | Картотека № 4 Аспанды бақылау | Картотека № 5 Бұлтты бақылау | Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау |
| КӨКТЕМ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген | | | | | |
| Серуеннен оралу | Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. | | | | |
| Түскі ас | ӘНГІМЕ ЖҮРГІЗУ. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| Ұйқы | Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары | №51. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық. | №71. Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. | №91. Ояту Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық | №2.1. Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. | №51. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық. |

| | | | | | |
|--|---|--|---|---|--|
| | | | | | |
| Бесін ас | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму қартасына сәйкес жеке жұмыс | Картотека №1 «Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру. | Картотека №3 «Затты сипаттау» Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын байыту. | Картотека №6 «Сиқырлы қапшық» Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету. | Картотека №9 «Үлкен-кіші» Мақсаты: Түстер туралы білімдерін бекіту, заттарды көлеміне қарай айыра білуге үйрету. | Картотека №19 «Үй жануарлары» Ойын мақсаты: Үй жануарларының дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету. |
| | Қатынас саласы дидактикалық ойындар картотекасынан. Картотека қосымша тігілген | | | | |
| Серуенге дайындық | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. | | | | |
| Серуен | Картотека №1 Ауа райын бақылау | Картотека №3 Желді бақылау | Картотека №4 Аспанды бақылау | Картотека №5 Бұлтты бақылау | Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау |
| Серуеннен оралу | Таңертеңгі серуен бақылауын бекіту. | | | | |
| Кешкі ас | Тамақтану кезінде бір біріне кедергі жасамауға үйрету, астарын тауысып жеуін ұадағалау | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. | Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. | Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту. | Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру. | Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу. |

**«Балбөбек» кіші тобы балаларының өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы
«Балдырған бөбекжайы» КМҚК**

**Өтпелі тақырып: «Әр қашан күн сөнбесін»
Уақыты: 23.05-27.05.2022 IV апта**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 23.05.22ж | Сейсенбі 24.05.22ж | Сәрсенбі 25.05.22ж | Бейсенбі 26.05.22ж | Жұма 27.05.22ж |
|--|---|---|--|--|--|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу. Ойын-дар (үстел үсті, саусақ және т.б.) | Балаларды қабылдау барысында дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату. Ата-аналармен амандасу. Баланың денсаулығы, көңіл- күйі туралы білу. | | | | |
| | Картотека №16 «Суретші қай жерде қателесті?» | Картотека № 4 «Бұны қай кезде киеді?» | Картотека № 7 «Гүлдерді күтеміз» | Картотека № 9 «Дұрыс көрсет, ажырат» | Картотека № 3 «Құстар біздің досымыз» |
| | ӘЛЕУМЕТ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН. (картотека қосымша тігілген) | | | | |
| Таңертеңгі гимнастика | Мамыр айының 4 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету | | | | |
| Таңғы ас | Сауықтыру шаралары: Ауызды жуу, жылы сумен шаю. Ас мәзіріне отыру. Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу. | | | | |
| Ойындар, ҰОҚ дайындық | ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу.. Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу. Күнмен бірге тұрамыз, Құспен бірге ән саламыз Қайырлы таң! Ашық күн! Көңілді біз баламыз. | | | | |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері | 1.Денешынықтыру Мақсаты: (БК) Балалардың жүру, жүгіру дағдыларын дамыту. -Құрсаудан еңбектеп өтуге дағдыландыру. -Бір және екі қолмен допты еденге ұру. I.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. Шеңбер | 1.Көркем әдебиет ояту. Тақырыбы:. Туған жердің табиғаты Мақсаты: Туған жердің табиғатына деген қызығушылықтарын ояту.Тірі және өлі табиғаттағы өзгерістерді бақылай білуге жетілдіру. Табиғаттың досы | 1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Құмды зерттеймін» Мақсаты: Балаларды құрғақ және дымқыл құммен таныстыру. Ерекше қасиеттерін атап айтқызу ҰОҚ өтілу барысы:. Шаттық шеңбер: Х. Талғаров «Дос болайық бәріміз» | 1.Құрастыру. Тақырыбы: Біздің еңбек. «Құстың ұясы» Мақсаты: Заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып құрастыру. Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, көрсету, ойын, сұрақ-жауап Көрнекі құралдар: | 1.Музыка Педагог жоспарымен. 2.Жапсыру Тақырыбы: «Қошақан» Мақсаты: Ұй жануары қошақан бейнесін жырту тәсілі арқылы жапсыру. |

| | | | | |
|---|--|---|---|--|
| <p>бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді, қолды жанға созып, өкшемен жүреді.</p> <p>Баяу жүгіру, жылдам жүгіру</p> <p>Негізгі бөлім:</p> <p>Жалпы дамыту жаттығулар:</p> <p>(жалаушамен)</p> <p>«Тербелу» Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.</p> <p>а) қолдарды жоғары көтеру.</p> <p>ә) екі жанға тербелу, оңға тербелу.</p> <p>б) солға тербелу.</p> <p>«Бағыттаушы» Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.</p> <p>а) қолдағы жалаушаларды жоғары көтеру, алға созу.</p> <p>б) екі қолдағы жалаушаны кеуде тұсына әкелу.</p> <p>в) екі қолды жанға созу.</p> <p>г) б.қ. келу.</p> <p>«Ұшамыз, қонамыз»</p> <p>Б.қ: тік тұру, қол төменде.</p> <p>а) екі қолдағы жалаушаны кеуде тұсына әкеліп, тізені сәл бүгіп отыру.</p> <p>ә) бір орында секіріп, қолды жанға созу. б) б.қ. келу.</p> <p>Тыныс алу: «Әдемі гүлдің иісі, Гүл ашады қауызын» Бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>Негізгі қимыл-жаттығулары:</p> | <p>болуға.оны қорғай білуге тәрбиелеу</p> <p>ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.</p> <p>Шаттық шеңбері.</p> <p>Н. Жанаев.</p> <p>Табиғат – анамыз. Табиғат ол – анамыз, Табиғатқа баламыз. Құшағында ойнаймыз, Шаттық әнге саламыз.</p> <p>II.Қызығушылықты ояту.</p> <p>1. Ой қозғау:</p> <p>-Жыл мезгілдеріне саяхат. -Сюжетті суреттермен жұмыс. -Бір жылда неше мезгіл бар? -Әр мезгілдегі табиғаттың көрінісін ата? -Кімге қай мезгіл ұнайды? Несімен ұнайды? -Қазір қай мезгіл - -Табиғат пен адамның байлынысын атап өту.</p> <p>Тренинг ойын – «Табиғатпен сырласу».</p> <p>Авторы Г.Таласбаева.</p> <p>-Сыйқырлы орындық арқылы табиғатқа саяхатқа бару. -Елестету. (көзді жұму) - мөп-мөлдір ағып жатқан сулар, жайнап өсіп тұрған гүлдер, құстар, тамаша табиғат.</p> <p>1. Бұлаққа кездесу.</p> <p>-Бұлақтан су ішеміз. Ол үшін:</p> | <p>Дос болайық, бәріміз, Жарасып тұр әніміз. Тыныштықты сақтаймыз, Атсын күліп таңымыз.</p> <p>Миға шабуыл</p> <p>Сұрақ-жауап.</p> <p>Балалар табиғат дегеніміз не? Табиғат екіге бөлінеді. Жанды жансыз Қалай ойлайсыңдар тірі табиғатқа не жатады? -Дұрыс адамдар,құстар,жануарлар. өсімдіктер,ағаштар Яғни,көбиетін,коректенетін, өсетіндер жанды табиғатқа жатады.Ал жансыз табиғатқа не жатады?</p> <p>Жұмбақ жасыру:</p> <p>Жер бетінде жатады Онымен ойнайсың Әр түрлі мүсін жасайсың.Құм</p> <p>Ой дамыту.</p> <p>Балалар бүгін сендермен біз ғалымдар боламыз. Ал ғалымдар деген кім? Дұрыс,бүгін сендермен құмның қасиетін зерттеуге барамыз.АҚТ</p> <p>технологиясымен жұмыс.</p> <p>Балалар қарандаршы құмдар төбешіктер болып жатыр. Қане біз алдымыздағы құмнан осындай төбешік жасап көрейік Құммен жұмыс жасамай тұрып қауіпсіз ережесін еске түсірейік.</p> | <p>АҚТ, үлгі суреттер, үлестірмелі материалдар</p> <p>ҰОҚ барысы:</p> <p>Шаттық шеңбері:</p> <p>Нұр құшып әлемге Арайлап таң атты Жарқырап күніміз Жер көкті оятты</p> <p>Слайд арқылы әңгімелеу.</p> <p>Тыйым сөздер:</p> <p>Құсты атпа! Құстың жқмыртқасын жарма! Құстың ұясын бұзба! Аққуды атпа, досыңды сатпа!</p> <p>Дидактикалық ойын «Қандай құстың дауысы?»</p> <p>Мақсаты: Таным қабілеттерін арттыру</p> <p>Шарты: Үнтаспа арқылы құстың дыбысын табу.</p> <p>Сұрақтар ілмегі.</p> <p>Қандай құстарды білеміз? Құстар қайда мекендейді? Ендеше бәріміз құстың ұясын,заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып құрастырайық</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>Біз келеміз адымдап, Жол ізімен арындап 1,2,3,4 Қолды жоғары көтеріп</p> | <p>Жапсыру барысында төзімділік пен ұқыптылық дағдыларын бекіту.</p> <p>ҰОҚ жүргізілу барысы</p> <p>Шаттық шеңбер.</p> <p>«Еркелету»</p> <p>жылулық шеңбері</p> <p>Балалардан отбасы мүшелері өздерін қалай еркелетіп айтатынын естеріне түсіріу.</p> <p>Ширату.</p> <p>Тақпақ оқу.</p> <p>Кіп-кішкентай момақан Қошақанды ұнатам Сүйеді анам «қозым» деп «Қошақаным менің» деп</p> <p>Ой қозғау.</p> <p>Тақпақ не туралы айтылған? Анасын қалай атаймыз? Балалардың жауаптары.</p> <p>Қызығушылықтары н ояту.</p> <p>Топқа қозы келеді. Балалармен амандасады. Балалар қошақан неге көңілсіз деп ойлайсыңдар?. Балалар қозы айтады,менде дос</p> |
|---|--|---|---|--|


| | | | | |
|---|--|--|---|--|
| <p>1.Құрсаудан еңбектеп өтуге дағдыландыру. 2.Бір және екі қолмен допты еденге ұру. Қимылды ойын: «Түрлі - түсті автокөліктер» Ойын шартын түсіндіру. Қортынды Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау.</p> <p>2.Сурет салу Тақырыбы: «Доп саламын» Мақсаты: Балаларға қарапайым дөңгелек пішінді саусақпен құмда салуды бекіту.Өз жұмысының нәтижесіне қызығушылықпен қарауға үйрету. Ойын тапсырма: «Менің доптарымның түсін ата» ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ Шаттық шеңбері. Н. Айтов. «Тату – тәтті тұрамыз» Бір шаңырақ астында, Тату –тәтті тұрамыз. Бірге шеміз асты да, Бірге сайран құрамыз.</p> <p>II.Қызығушылықтарын ояту. Өлең оқу III. Смаханұлы. Доп Добым менің, добым менің, Өзің неткен көңілді едің. Зымырайсың, кутыңдайсың, Бірақ менен құтылмайсың. Сұрақ-жауап</p> | <p>Алға иілу, алу, ішу, тамсану. (рахат-ай) 2. Алма ағашына кездесу. -Ағаштан алманы алып жеу. Оң аяқ алға, сол аяқтың өкшесін көтеру, алу, қырт етіп тістеу, тәттісін-ай\ 2.Раушан гүліне кездесу. Алға иілу, алу, иіскеу, қажет емес ауаны сыртқа шығару. 3. Миға шабул Сұрақ – жауап. -Айналамызды қоршап , жайқалып өскен ағаштар не үшін керек? -Табиғат байлықтарына нелер жатады? -Оны қорғау деген не? -Табиғатты сүйе білу деген не? Сергіту сәті: «Құбылыстар» 4.Табиғат туралы тиым сөздер. -Көк шөпті жұлма. -Құстың ұясын бұзба -Тал, шыбықпен ойнама. -Суды ластама -Құстарға тас лақтырма Дид ойын: «Шатастырма» 1. Көктемде қар жауады. 2. Қазір күз мезгілі? 3 .Қыста жапырақтар сарғаяды? 4. Жаз ең суық жылмезгілі?</p> | <p>Тәжірибе№1 1-нұсқа.Ыдыстағы құмды тутікше арқылы үрлейміз.желдің әсерімен жылжып төбешіктерге айналады ия. 2-нұсқа. Қасықтың көмегімен төбешік жасау. Құм қандай? Сусылдақ, жылжымалы. Тәжірибе №2 Енді ылғалды құмды байқайық, құмды үрлеп көрейік үрленбейді. Жақын көрсететін шынымен қарап құмның пішіндерін анықтайық. Енді ылғалды құмды байқайық олар бір-біріне жабысып пішіндер көрінбейді.құмның түсі қандай? Сары,ақшыл ,ал ылғалды құм қаратүсті. Сергету сәті: Күн болып жанайық Мөлдір судай ағайық Гүл болып жайнайық Терең-терең домалап Жүргіріп-жүгіріп алайық. Тәжірибе№3 Енді стакандағы суға «воронка» қасықпен құм салайық,не байқадық тесіктен өтіп кетті су сияқты ия. Яғни құм сусымалы және ол суға батып кетті ,ол ауыр екенін байқадық Ой қозғау. Дид ойын: «Тілші» Шарты: Балаларға</p> | <p>Биіктерге жетеміз Үп-үлкен боп өсеміз Қолды жанға созамыз Топ-топ етіп басамыз Алға қарай саламыз Сұрақ-жауап: Біз не құрастырдық? Құыстың ұясының түсі, пішіні қандай? «Ұялар» көрмесі Балалардың жұмысын бағалау.Қоштасу Қорытынды. Рахмет, балалар! Сендер барлық тапсырманы жақсы орындадыңдар.</p> <p>2.Денешынықтыру Мақсаты: (БК) Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру. Шеңбер бойымен тұру 1.Жол бойымен еңбектеу. 2. Гимнастикалық орындық үстінде тұру, қолын жоғары көтеру және түсу. Ұйымдастыру кезеңі. Балалармен амандасу 1 бөлім.Баған бойынша бірінен соң бірі жүру. Педагог нұсқауымен: «Тышқандар!» ұсақтауға арналған қадаммен ауысу, енді тұрақты серуендеу. «Жылқылар!»</p> | <p>жоқ,жалғыз ойнағым келмейді дейді. Олай болса біз оған дос табуға көмектесейік. Қағаздан бірнеше қошақан құрастырайық. Келісесіңдер ме? Балалардың жауаптары. Топқа бөлу. 1-топ қозының сұлбасын бастырып сызып, қағазды жырту әдісі арқылы үстіндегі жүнін жапсырады. 2-топ қағазды жырттып,дөгелетіп қозының үстіне жапсырады. Балалардың жұмысын бақылау. Жеке көмек көрсету. Сергіту сәті. Қошақаны қойдың Қайда қалып қойдың Бұлтиып тұр бүйірің Қай өрістен тойдың? Аяқталған жұмыстарды бағалау. Галерея шаралау. Бір бірінің жұмыстарын бағалау. Жасаған жұмыстарын қозыға беру. Қозы қуанып балаларға рахмет айтып қоштасады. Балаларды мадақтау.</p> |
|---|--|--|---|--|


| | | | | | |
|--|--|--|--|--|---|
| | <p>Өлеңде не туралы айтылған? 2.1 Ой дамыту -Доп туралы түсінік беру. -Сұрақ – жауап . Доп қандай? -Оның пішіні қандай? -Доп неге ұқсайды? -Доп қандай қимыл жасайды? -Доптың түсі қандай? -Доп неден жасалған? -Біз доппен қандай ойындар ойнаймыз? 2.Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсетуДид ойын: «Қандай түс» 3. Өз беттерінше жұмыс жасау. Қадағалау, көмектесу Сергіту сәті: Добым, добым домала, Балшыққа сен жолама. Бүлдіресің қолымды, Жек көремін оныңды. Дид ойын: «Біздің көрме» Балалардың жұмысын бағалау. Қортынды Балаларды мадақтау..</p> | <p>5. Күзде бәйшешектер өседі? 6. Жазда балалар оқиды? Балаларды мадақтау. 2.Музыка Педагог жоспарымен.</p> | <p>микрофонды беріп ұоқ алған білімдерін тексеру. Қортынды Балаларды мадақтау. 3.Денешынықтыру. Мақсаты: (ҮК) Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру. Шеңбер бойымен тұру 1. Жол бойымен еңбектеу. 2. Гимнастикалық орындық үстінде тұру, қолын жоғары көтеру және түсу. Ұйымдастыру кезеңі. Балалармен амандасу 1 бөлім.Баған бойынша бірінен соң бірі жүру. Педагог нұсқауымен: «Тышқандар!» ұсақтауға арналған қадаммен ауысу, енді тұрақты серуендеу. «Жылқылар!» - жүгіру, тізені жоғары көтеру, қалыпты жүгіріске ауысу. Жүру және жүгіру жаттығулары кезектесіп өтеді. 2 бөлім. Жалпы дамыту жаттығулары. Кішкене құрсаумен 1. Б:Қ - аяқтың ені бір-бірінен алшақ, екі қолда құрсау, екі жағынан, төменнен ұстау. Жоғары көтеру, қарау, төмен түсіру, б.қ.(5 рет). 2. Б.Қ. - аяқтар аяқтың ені</p> | <p>- жүгіру, тізені жоғары көтеру, қалыпты жүгіріске ауысу. Жүру және жүгіру жаттығулары кезектесіп өтеді. 2 бөлім. Жалпы дамыту жаттығулары. Кішкене құрсаумен 1. Б:Қ - аяқтың ені бір-бірінен алшақ, екі қолда құрсау, екі жағынан, төменнен ұстау. Жоғары көтеру, қарау, төмен түсіру, б.қ.(5 рет). 2. Б.Қ. - аяқтар аяқтың ені бойынша, құрсау екі қолда кеудеде. Отыру, алға шеңбер жасау. Жоғары көтеру, бастапқы қалып (5 рет). 3. Б.Қ - отыру, аяқтар алшақ, екі қолда құрсау төменде құрсауды жоғары көтеру; алға еңкею, құрсаудың жиегін еденге тигізу. Түзулену б.қ 4. Б:Қ арқамен жату, құрсау бастан жоғары. Аяқты тік көтеру, тізені құрсауының жиегіне тигізу. Аяқты төмен түсіру, б.қ. (4 рет). 5. Б.Қ - құрсаудың алдында тұру, аяқ сәл алшақ, қолдар белде. құрсаудың айналасында аяқпен секіру Секіру арасында кішкене</p> | <p>От шашу әдісі арқылы қорытындылау.</p> |
|--|--|--|--|--|---|

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|--|
| | Үстел-үсті ойындары картотека №1 «Дамытушы лото» (геометриялық фигуралар) Мақсаты: геометриялық фигуралар мен түстер туралы білімді нығайту, зейін, қабылдау, логикалық ойлауды дамыту. (Құрылымдалған ойын) | Картотека №1 Дидактикалық ойын «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Балаларды әртүрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу. (Құрылымдалған ойын) | Үстел-үсті ойыны картотека №2. «Этикет ережелері» Мақсаты: Балалардың мінез-құлқы мен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, этикет ережелерімен танысу, әртүрлі өмірлік жағдайларда балалардың мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. (Педагог жетекшілігімен ойын) | Саусақ жаттығуы №9 «Достық» (Педагог жетекшілігімен ойын) | Үстел үсті ойыны «Мозайка» (Еркін ойын) |
| Таңертеңгі жаттығу | №12 КЕШЕНДІ ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА | | | | |

| | | | | | |
|--|---|--|--|--|---|
| Таңғы ас | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық 4К моделі Бала үні Ойын | Картотека №11 «Жеті ұл» Сәл демалып, тынып ал. Тақпақ тыңдап, ұғып ал. Апта деген ағайдың Жеті бірдей ұлы бар: Біріншісі – Дүйсенбі, Екіншісі – Сейсенбі, Үшіншісі – Сәрсенбі, Төртіншісі – Бейсенбі, Жұма деген – Бесінші ұл, Алтыншы ұл - Сенбі, Жетіншісі – Жексенбі. | Картотека №13 «Он саусақ» Айтар болсам саралап Коп қой түрлі санамақ Бір дегенім – бір саусақ Екі дегенім – екі саусақ Үш дегенім – үш саусақ Төрт дегенім – төрт саусақ Бес дегенім – бес саусақ Алты дегенім – алты саусақ Жеті дегенім – жеті саусақ Сегіз дегенім – сегіз саусақ Тоғыз дегенім – тоғыз саусақ Он дегенім- он саусақ Он қолымда бес саусақ Сол қолымда бес саусақ Екеуін қосып санап ем Барлығы болды он саусақ Барлығыда әп ай ай, Бейне бір он бауырсақ. | Картотека №14 «Бір аптада» Бір аптаның күндері өтті: Дүйсенбіде гүлдер ектім. Сейсенбіде алма тердім. Сәрсенбіде су әкелдім. Бейсенбіде бақша баптап, Жұма күні тақпақ жаттап, Сенбіде мен саған бардым. Жексенбіде бір демалдым. | Картотека №15 Қасқыр қақты қақпаны. -Ашындар, тез!- айтқаны. Сол-ақ екен лақтар- Титтей-титтей шұнақтар Жан-жағына жүгірді, Жасырынып үлгерді. Бірі – төсек астына, Бірі – пештің қасына, Бірі – сәкі астына, Бір – астына керует, Бірі – тапқыр керемет, Отыр бөшке түбінде, Қанша лақ бар бұл үйде? | Картотека №17 Үш алманы бақтағы Кірпі алып жинады Ең әдемі біреуін Ақ тиінге сыйлады. Бдыстағы алманың Санап көрші қалғанын. |

| | | | | | |
|--|--|--|---|---|--|
| <p>Мектепке дейінгі ұйымның ұйымдастырған оқу қызметі 4К моделі Бала үні Ойын Саралау Бақылау</p> | <p>1. Дене шынықтыру «Допты бір – біріне лақтыру, ұстап алу» Мақсаты: доппен жаттығу жасау және сызық арқылы секіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>2. Мүсіндеу Тақырыбы: «Менің тарағым» Мақсаты: Ермексазбен жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру, ермексаздан тарақты мүсіндеуді үйрету. 4К моделі креативтілік шығармашылықты дамыту, командада жұмыс істей білуге тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Орнынды тап»</p> | <p>1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Адамның дене мүшелері» Мақсаты: Адамның дене мүшелерін, олардың атқаратын қызметтерімен таныстыру. баланың пікірін қалыптастырмас бұрын білім алуға деген ұмтылысын ояту; баланы тәрбиешінің сұрақтарына жауап беруге, өз сұрақтары мен мәселелерін ойлануға үйрету; баланы дайын білімді қолданбай, әрекет процесінде туындайтын білімін қолдануға деген ынтасын тәрбиелеу. Сюжеттік рөлдік ойын: «Дәрігер»</p> <p>2. Музыка Музыка жетекшісінің жоспарына сәйкес.</p> <p>2. Жаратылыстану Тақырыбы: «Таза</p> | <p>1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Командалық ойындар» Мақсаты: доппен жаттығулар жасау дағдыларын дамыту.</p> <p>3. Математика негіздері Тақырыбы: «Заттар тобын теңестіру» Мақсаты: Үлгі бойынша санау дағдыларын қалыптастыру; санның, заттардың кеңістікте орналасуына тәуелсіздігін түсіну; кеңістікте бағдарлай алу. 4К моделі креативтілікті заттарды үлгі бойынша санап шығуға үйрету; қасиеттері мен белгілерін ауызша сипаттау бойынша затты табу; екі немесе одан да көп объектінің жалпы және әртүрлі белгілерін табу қасиетін дамыту; Ойын-жаттығу: «Достасу»</p> | <p>1. Құрастыру Тақырыбы: «Спорт құралдарын салатын қорап» (қағазбен жұмыс) Мақсаты: Қатты қағаздардан спорт құралдарын салатын қораптар жасауға үйрету. креативтілік-шығармашылыққа деген қабілеттілік, жаңаны ойлап шығару мүмкіндігін дамыту. Дидактикалық ойын: «Не қайда өмір сүреді?»</p> <p>2. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Дәрігер Айболит» ертегісі Мақсаты: «Дәрігер Айболит» ертегісі балаларды мейірімділікке, өзге адамдарға, жануарларға қамқорлық қатынас білдіруге талпындыруды жалғастыру. 4К моделі сыни ойлауды дамыту, баланың пікірін қалыптастырмас</p> | <p>1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Командалық ойындарды қайталау» Мақсаты: денсаулығын күте білуін қалыптастыру, майтабан профилактикасын өткізу.</p> <p>2. Сурет салу Тақырыбы: «Секіртпе» Мақсаты: Секіртпенің спорт құралы екендігін түсіндіру, оны қарындашпен салу жолдарын үйрету. 4К моделі креативтілік-шығармашылыққа деген қабілеттілік, жаңаны ойлап шығару мүмкіндігін дамыту. Дидактикалық ойын «Сән ательесі»</p> |
|--|--|--|---|---|--|

| | | | | | |
|--|--|---|--|--|--|
| | | <p>ауа» Мақсаты: Табиғатта серуендеп, таза ауамен тыныстаудың денсаулыққа тигізер пайдасы жайлы түсіндіру. Балалардың таза ауа жайлы түсініктерін дамыту. Табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу. Дид-қ ойын: «Ненің құйрығы?»»</p> | | <p>бұрын білім алуға деген ұмтылысын ояту. Баланы тәрбиешінің сұрақтарына жауап беруге, өз сұрақтары мен мәселелерін ойлануға үйрету; баланы дайын білімді қолданбай, әрекет процесінде туындайтын білімін қолдануға деген ынтасын тәрбиелеу. Дидактикалық ойын? «Біздің көңіл-күйіміз»</p> <p>3.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Ас атасы-нан» Мақсаты: балаларға нанның дастарқанға үлкен еңбекпен келетінін түсіндіру. Ауылшаруашылығынд ағы ересектер еңбегі туралы білімдерін қалыптастыру. Ауылшаруашылық еңбеккерлерінің (диқан) еңбегінің мәнін түсіндіру. Қала мен ауылдың</p> | |
|--|--|---|--|--|--|

| | | | | | |
|--------------------------|---|---|---|--|---|
| | | | | байланысы туралы білім беру. Қимылды ойын: «Көлеңке» | |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну ретілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау, киіміндегі олқылықтарды ретке келтіруге баулу. Киімді шкафқа ретімен жинау | | | | |
| Серуен | <p>Картотека №18 Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Балаларға ауа – райының өзгергенін, күн суытып, жиі жел соғып, жиі жаңбыр жауатынын айту. Еңбек: Учаскедегі қажетсіз заттарды жинауға көмектесу. Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу Көркем сөз: Күн шуаққа маужырап Жатыр еді адырап Ағштардан жамырап Ұшты кенет жапырақ. Қимылды ойын: К-№18 «Кім көп тас жинайды» Балалардың өз еріктерімен</p> | <p>Картотека №19 Бақылау: Түскен жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Күз мезгілі туралы білімдерін бекіту Еңбек: Аула сыпырушының еңбегіне көмектесу, жапырақтарды жинау Мақсаты: үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ жасыру Ағайынды бәрі, Шықса – жасыл Түссе сары (Жапырақ) Қимылды ойын: К-№19 «Қоймадағы тышқандар» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.</p> | <p>Картотека №20 Бақылау: Желді бақылау. Жел бар ма, әлде жоқпа? Мақсаты: Балалардың жел туралы түсініктерін кеңейту Еңбек: Учаскедегі қоқыстарды жинау Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу. Жұмбақ Ағаштарды шайқайды Қөзге көрінбейді Шарлағанда сай-сайды Бір сәт ерінбейді (Жел) Қимылды ойын: К-№20 «Көбелектер, бақалар» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.</p> | <p>Картотека №21 Бақылау: Балабақша ауласындағы құстарды бақылау. Мақсаты: Аулада қандай құстар барын, олардың түр – түсін ажырата білуге, оларға қамқорлық көрсетуге үйрету. Еңбек: Құмның бетін жабу Мақсаты: еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жаңылтпаш: Топ бала, топ бала Ойнап жүр топтала Зымырап допты ала Қуады көп бала Қимылды ойын: К-№21 «Көңілді қошақандар» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.</p> | <p>Картотека №22 Бақылау: Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: Жәндіктердің тіршілігін бақылау. Еңбек: Құстарға ұя жасау Мақсаты: құстарға қамқор бола білуге тәрбиелеу. Жұмбақ. Талдың басында, Жемі бар қасында. Там тұр саялы, Достарға аялы. (Құс ұясы) Қимылды ойын. К-№22 «Тауықтар мен балапандар» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.</p> |

| | | | | | |
|---|--|--|---|---|--|
| | жасалатын іс-әрекеттері. | | | | |
| Серуеннен оралу | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық шаралардың орындалуын бақылау | | | | |
| Түскі ас | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Бата: Асқа адалдық Денге саулық Ас болсын әумин! | | | | |
| Түскі ұйқы | Ертегі №11 «Екі әтеш» ертегісін оқып беру | Ертегі №12 «Мақтаншақ қоян» ертегісін оқып беру | Ертегі №13 «Үш аю» ертегісін оқып беру | Ертегі №14 «Күшік пен мысық» ертегісін оқып беру | Ертегі №15 «Көкеністер туралы ертегі»ертегі оқып беру. |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары | Асықтан жас алған кілемшемен жүру. | Арқаға арналған массажды құралмен массаж жасау. | Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, жалпақтабандылықты болдырмау | Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау | Түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру |
| Бесін ас | Дастархан басындағы әдептілікке үйрету, тамақты тауысып жеуге, сүттің, айранның, ірімшіктің, құрттың пайдасы туралы әңгімелесу | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет | Картотека № 4 Сюжетті-рөлді ойын: «Аурухана» Мақсаты: Балаларға дәрігер, медбике, санитар мамандығы туралы түсінік беру. Ауырып тұрған адамға жағымды қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. | Вариативтік компонент «Экологиялық соқпақ» Мақсаты: экологиялық мәдениеттің негізін қалыптастыру, табиғатқа деген саналы, дұрыс көзқарасты қалыптастыру, экологиялық соқпақ бойынша экскурсияларды пайдалана отырып, оны қорғауға үйрету. | Вариативтік компонент «Ұлттық қазына» Мақсаты: Халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдарын және ұлттық ойындарды тәрбиенің көзі ретінде пайдаланып, ата – бабаларымыздан қалған асыл мұра, алтын қазынасын кейінгі жас ұрпаққа үлгі етіп, санасына жеткізу.. Тәрбиеленушілер бойында ұлттық | «Мақал мәтелдер» Айтылған мақал-мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру | Картотека № 3 Сюжетті-рөлді ойын: «Емхана» Мақсаты: балаларда дәрігер мамандығына деген қызығушылық қалыптастыру. Сюжеттік ойындарды дамыта білу дағдыларын қалыптастыру. Медициналық құралдардың атауын бекіту: фонендоскоп, шприц, шпатель, мақта, дәке. Ауру адамдарға қамқорлықпен, мейіріммен қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|--|---|--|--|--|
| | | | құндылықтарды қалыптастыру. | | |
| Балалардың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | Жеке баламен жұмыс: Төлеубай Қадырге зат есімдер мен көмекші сөздерді қолдануды үйретуді жалғастыру. "үстінде, астында, артында, жанында". | Жеке баламен жұмыс: Қазбек Аянатқа табиғат құбылыстарын атай білуге үйретуді жалғастыру. | Жеке баламен жұмыс: Данияр Жасминаға айналасындағы заттардың міндеттерін білуге дағдыландыруды жалғастыру. | Жеке баламен жұмыс: Жарылғасын Нұрәліге Заттық бөлшектерді құрастыруға түрде үйрету. | Жеке баламен жұмыс: Ержанұлы Ерасылға негізгі қимылдарды орындай білу дағдыларын жетілдіру. |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. | | | | |
| Серуендеу | Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| Кешкі ас. | Балалады мәдениетті тамақтануға,оң қолмен тамақтануға,үстел басында артық сөйлемеуге тәрбиелеу. | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті. | Картотека №11 «Жеті ұл» Сәл демалып, тынып ал. Тақпақ тыңдап, ұғып ал. Апта деген ағайдың Жеті бірдей ұлы бар: Біріншісі – Дүйсенбі, Екіншісі – Сейсенбі, Үшіншісі – Сәрсенбі, Төртіншісі – Бейсенбі, Жұма деген – Бесінші ұл, Алтыншы ұл - Сенбі, Жетіншісі – Жексенбі. | Картотека №13 «Он саусақ» Айтар болсам саралап Коп қой түрлі санамақ Бір дегенім – бір саусақ Екі дегенім – екі саусақ Үш дегенім – үш саусақ Төрт дегенім – төрт саусақ Бес дегенім – бес саусақ Алты дегенім – алты саусақ Жеті дегенім – жеті саусақ Сегіз дегенім – сегіз саусақ Тоғыз дегенім – тоғыз саусақ Он дегенім- он саусақ Он қолымда бес саусақ | Картотека №14 «Бір аптада» Бір аптаның күндері өтті: Дүйсенбіде гүлдер ектім. Сейсенбіде алма тердім. Сәрсенбіде су әкелдім. Бейсенбіде бақша баптап, Жұма күні тақпақ жаттап, Сенбіде мен саған бардым. Жексенбіде бір демалдым. | Картотека №15 Қасқыр қақты қақпаны. -Ашындар, тез!- айтқаны. Сол-ақ екен лақтар- Титтей-титтей шұнақтар Жан-жағына жүгірді, Жасырынып үлгерді. Бірі – төсек астына, Бірі – пештің қасына, Бірі – сәкі астына, Бір – астына керует, Бірі – тапқыр керемет, Отыр бөшке түбінде, Қанша лақ бар бұл үйде? | Картотека №17 Үш алманы бақтағы Кірпі алып жинады Ең әдемі біреуін Ақ тиінге сыйлады. Ыдыстағы алманың Санап көрші қалғанын. |

| | | | | | |
|--|--|---|---|---|---|
| | | Сол қолымда бес саусақ Екеуін қосып санап ем Барлығы болды он саусақ Барлығыда эп ай ай, Бейне бір он бауырсақ. | | | |
| Балалардың үйге қайтуы Тұтас бала бейнесі | Кері байланыс: Ержанов Ерасылдың анасымен тазалық жайында әңгімелесу. | Кері байланыс: Балалардың үйдегі әрекеті бойынша әңгіме. | Кері байланыс: Балалардың ҰОҚ алған жетістіктері туралы әңгімелеу. | Кері байланыс: Кеңес «Өрт қауіпсіздігі» туралы кеңес жүргізу | Кері байланыс: «Баланың күн тәртібі» |

**«Болашақ» ересек тобы балаларының өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы
«Балдырған» бөбекжай» КМҚК**

Өтпелі тақырып: «Дені саудың -жаны сау»

Тақырыпша: «Көліктер»

Уақыты: 22-26 қараша 2021 жыл IV апта

| | | | | | |
|--------------------|----------------------------------|----------------------------------|----------------------------------|----------------------------------|------------------------------|
| Күн тәртібі | Дүйсенбі 22.11.2021ж. | Сейсенбі 23.11.2021ж. | Сәрсенбі 24.11.2021ж. | Бейсенбі 25.11.2021ж. | Жұма 26.11.2021ж. |
|--------------------|----------------------------------|----------------------------------|----------------------------------|----------------------------------|------------------------------|

| | | | | | |
|--|--|--|---|---|--|
| <p>Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар: (үстел үсті, саусақ және т.б.) 4К моделі Бала үні Ойын</p> | <p>Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу. Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру.</p> | | | | |
| <p>Таңертеңгі жаттығу</p> | <p>№4 КЕШЕНДІ ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА</p> | | | | |
| <p>Таңғы ас</p> | <p>Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету</p> | | | | |
| <p>Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық 4К моделі Бала үні</p> | <p>Картотека №18 Бір дегенім – берік. Екі дегенім – ерік. Үш дегенім – ұшақ, Төрт дегенім –</p> | <p>Картотека №19 Санамақ Мына саусақ-анашым! Мына саусақ-әкешім! Мына саусақ-әжем ғой! Мына саусақ-атам</p> | <p>Картотека №20 Санамақ «Доп» Бір, (алақандарымен шапалақтайды) Екі, (отырған күйі аяқтарын алақандарымен қағады)</p> | <p>Картотека №21 Санамақ «Отбасым» Бір үйде нешеуміз? Кел санайық екеуміз Бас бармағым-әкем, Балан үйрек-анам, Ортан терек-ағам</p> | <p>Картотека №22 Санамақ «Гүл» Қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара</p> |
| <p>Үстел-үсті ойыны картотека №13 «Магниттік әңгімелер. Жыл мезгілдері» Мақсаты: жыл мезгілдерімен танысуға, қыс, көктем, жаз және күздің бір-бірінен қалай ерекшеленетінін түсінуге мүмкіндік беру. (Құрылымдалған ойын)</p> | <p>Картотека №5 Сюжетті-рөлді ойын: «Жедел жәрдем» Мақсаты: «жедел жәрдем» ойынын басқа ойындармен байланыстыра ойнауға үйрету, адам өмірін сақтауға арналған мамндықтар туралы білу. Ақ халатты абзал жандардың еңбегін құрметтеуге үйрету. Медицина қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қоғамдық жерлерде өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту. (Педагог жетекшілігімен ойын)</p> | <p>Картотека №6 «Дәріхана» Мақсаты: Балаларда фармацевт мамандығына деген қызығушылық туғызу. (Құрылымдалған ойын)</p> | <p>Үстел-үсті ойыны картотека №13 «Дамыту лотосы» Мақсаты: ойын барысында балалар «пішін» және «түс» ұғымдарымен таныстыру. Ойын зейінді, пішін мен түстерді салыстыру қабілетін, сонымен қатар логикалық тізбекті анықтау қабілетін дамыту (Құрылымдалған ойын)</p> | <p>Үстел үсті ойыны «Домино» (Еркін ойын)</p> | |

| | | | | | |
|--|---|---|--|---|---|
| <p>Ойын</p> | <p>тұсақ. Бес дегенім – бауыр, Алты дегенім – ауыл. Жеті дегенім – желке, Сегіз дегенім – серке. Тоғыз дегенім – тоқпақ, Он дегенім оспақ.</p> | <p>ғой. Мына саусақ-мен өзім! Осы менің отбасым.</p> | <p>Үш, (алақандарымен шапалақтайды) Төрт, (отырған күйі аяқтарын алақандарымен қағады) Доп ойнайық. (алақандарымен шапалақтайды) Кел, жүгір, (қолдың біресе ішімен, біресе сыртымен көздерін жабады) Тек білейік. (әр сөз ырғағымен шапалақтайды) Анық нық, (әр сөз ырғағымен аяқтарын топылдатады) Допты алып қашқан, (отыра қалады) Кім қумақ?</p> | <p>Шылдыр шүмек –мен Кішкене бөбек-сен.</p> | <p>жанасады, Саусақтар ашылады. Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады: Саусақтар шынжыр болады, Үзілмейді тартсаңда. Ал, піл келіп шынжырды, Үзіп кетті басқанда. Тұмсығымен доп іздеп, Ойнағысы келіп тұр. Достық үшін пілге мен, Гүл сыйлағым келеді.</p> |
| <p>Мектепке дейінгі ұйымның ұйымдастырған оқу қызметі 4К моделі Бала үні Ойын Саралау Бақылау</p> | <p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көңілді құртақандар» Мақсаты: доппен жаттығу жасау және сызық арқылы секіру дағдыларын қалыптастыру</p> <p>3.Жапсыру Тақырыбы: «Кірпіге арналған</p> | <p>1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көліктер» Мақсаты: Сөз бен сөз тіркестерін (қонжық машинада отыр) түсінуге үйрету. баланың пікірін қалыптастырмас бұрын білім алуға деген ұмтылысын ояту; баланы тәрбиешінің сұрақтарына жауап беруге, өз сұрақтары мен мәселелерін ойлануға үйрету; баланы дайын білімді</p> | <p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Футбол ойнауды үйренеміз» Таза ауада өткізу Мақсаты: футбол добымен ойнау дағдыларын қалыптастыру</p> <p>2. Математика негіздері Тақырыбы: «4 саны мен цифры. Үлкен, кіші, кішкентай» Мақсаты: 4 цифрын 4 санының таңбасы ретінде таныстыру, 4 цифрының сандық қатардағы орнын анықтау, «үлкен», «кіші»,</p> | <p>1.Құрастыру Тақырыбы: «Көңілді көліктер» Мақсаты: Балаларға көліктер туралы түсінік беру. Ойын арқылы ой-өрісін, есте сақтау қабілетін, сөздік қорларын молайту. Көліктердің атқаратын қызметі жайлы білімдерін кеңейту, аттарын, түрлерін ажырата білуге дағдыландыру. Командада жұмыс істей білуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын:</p> | <p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің көңілді, ұшқыр добым» Мақсаты: доппен жаттығулар жасау дағдыларын дамыту.</p> <p>2.Сурет салу Тақырыбы: «Орамалды әшекейлеу. (Қазақтың ұлттық ою-өрнектерін шаршыға салу). (Сәндік сурет.) Мақсаты: 4К моделі креативтілік-шығармашылыққа деген қабілеттілік,</p> |

| | | | | | |
|--|--|---|--|--|---|
| | <p>көлік» Мақсаты: Қайшымен және желіммен жұмыс істеуге баулу. 4К моделі креативтілік-шығармашылыққа деген қабілеттілік, жаңаны ойлап шығару мүмкіндігін дамыту. Д/ойын «Ол не?» ойыны</p> | <p>қолданбай, әрекет процесінде туындайтын білімін қолдануға деген ынтасын тәрбиелеу. Д/ойын: «Жалпы атауын ата»</p> <p>2.Музыка Музыка жетекшісінің жоспарына сәйкес.</p> <p>2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Көліктердің пайдасы мен зияны» Мақсаты: Өлі және тірі табиғат туралы мәлімет беру, қасиеттері мен белгілерін ауызша сипаттау бойынша затты табу; екі немесе одан да көп объектінің жалпы және әртүрлі белгілерін табу; объектінің сипаттамасы бойынша мүмкін болатын әрекеттерді тану; Бір затқа қолданылатын әрекеттерді басқа затқа ауыстыру</p> | <p>«кішкентай» сөздерін пайдалана отырып, затарды көлеміне қарай салыстыруды үйрету. 4К моделі креативті ойлау дағдылары: қасиеттері мен белгілерін ауызша сипаттау бойынша затты табу; екі немесе одан да көп объектінің жалпы және әртүрлі белгілерін табу; объектінің сипаттамасы бойынша мүмкін болатын әрекеттерді тану; бір затқа қолданылатын әрекеттерді басқа затқа ауыстыру; Д/ойын: «Менің қайда екенімді тап»</p> | <p>«Не қайда өмір сүреді?»</p> <p>2.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Біздің көшедегі көліктер» Мақсаты: Балаларды жол ережелерін сақтауға үйрету. баланың пікірін қалыптастырмас бұрын білім алуға деген ұмтылысын ояту; 4К моделі баланы тәрбиешінің сұрақтарына жауап беруге, өз сұрақтары мен мәселелерін ойлануға үйрету; баланы дайын білімді қолданбай, әрекет процесінде туындайтын білімін қолдануға деген ынтасын тәрбиелеу. Д/ойын: «Заттың атауын ата»</p> <p>3.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Мені қоршаған орта» Мақсаты: Балаларды қоршаған ортаның маңызы туралы айту.</p> | <p>жаңаны ойлап шығару мүмкіндігін дамыту. Сыни ойлауға тәрбиелеу. Д/ойын: «Жалпы атауын ата»</p> |
|--|--|---|--|--|---|

| | | | | | |
|--------------------------|--|---|--|--|---|
| | | қабілетін дамыту. Д/ойын: «Қолымда не бар?» | | Қоршаған ортамен жағымды, ұқыпты, тәртіпті қатынас жасауға тәрбиелеу. Д/ойын: «Бұл киімдерді қай мезгілде киеді?» | |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау, киіміндегі олқылықтарды ретке келтіруге баулу. Киімді шкафқа ретімен жинау | | | | |
| Серуен | <p>Картотека №-14 Бақылау: «Күзгі құстардың тіршілігін бақылау» Мақсаты: Балаларға құстардың күзгі тіршілігін бақылату. Олардың іс-әрекеттері туралы әңгімелеу. Құстардың атын атап, еске сақтау қабілеттерін, тілдерін дамыту. Еңбек: Құстарға жем беру. Мақсаты: құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Көркем сөз: С.Сейфулиннің «Бозторғай» өлеңін оқу. Міне торғай Үйін қорғай</p> | <p>Картотека №-15 Бақылау: «Солып қалған гүлдерді бақылау» Мақсаты: Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар аударту. Жазғы гүлдер мен күзгі гүлдердің ерекшеліктері, айырмашылықтары туралы түсінік беру. Еңбек: Қурап қалған гүлдердің тұқымдарын жинау. Көркем сөз: Арасында гүлдің, Ойнап бүгін жүрдім. Қызыл, жасыл, сары, Әп-әдемі бәрі. Қимылды ойын. К-№ 15 «Қарғалар» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері</p> | <p>Картотека №-16 Бақылау: «Алтын күзді бақылау» Мақсаты: Күз туралы білімдерін тиянақтау. Байланыстырып сөйлеулерін, тілін, көркемдік талғамдарын дамыту. Күз мезгілінің сұлулығын бағалап, көре білуге тәрбиелеу. Еңбек: Жапырақтар жинау. Мақсаты: еңбекке баулу. Көркем сөз: «Алтын күз» Ғ.Қайырбеков Алтын, алтын, сары алтын, Алтын күзде нұр жатыр. Біз бақшаға баратын, Алақай ау күн жақын Сары ала тон жамылған. Күз атамыз секілді, Қойны толы дәмді нан Тәттісі көп не түрлі.</p> | <p>Картотека №-17 Бақылау: Жаңбырды бақылау. Мақсаты: балалардың жаңбыр туралы түсінігін бекіту. Еңбек: Аула сыпырушының еңбегін бақылау, көмек беру. Мақсаты: аула сыпырушының еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Көркем сөз: Жаңбыр жаумай тоқтай тұр Дабылыңды соқпай тұр Үйге жетіп алайын Тереземнен қарайын Моншағымды бір-бірлеп Үйде отырып санайын Қимылды ойын. К-№ 17 «Қоймадағы тышқандар» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.</p> | <p>Картотека № -18 Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Балаларға ауа – райының өзгергенін, күн суытып, жиі жел соғып, жиі жаңбыр жауатынын айту. Еңбек: Учаскедегі қажетсіз заттарды жинауға көмектесу. Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу Көркем сөз: Күн шуаққа маужырап Жатыр еді адырап Ағштардан жамырап Ұшты кенет жапырақ. Қимылды ойын: К-№18 «Кім көп тас жинайды» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.</p> |

| | | | | | |
|---|--|--|---|--|---|
| | Жер бауырлап зырлайды Шырқап биік Күнге күйіп Қалмай, сайрап жырлайды Қимылды ойын. К-№ 14 «Құстардың ұшып келуі» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс- әрекеттері | | Қимылды ойын К №16 «Көжектер» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. | | |
| Серуеннен оралу | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық шаралардың орындалуын бақылау | | | | |
| Түскі ас | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Бата. Асқа адалдық, Денге саулық. Ас болсын!Әумин! | | | | |
| | Жаңа сөздер жаттау: Шаншқы, тәрелке, үстел, сүлгі, орамал. | Нан – тамақтың атасы Ынтымақ- көптің батасы Тістем нанның қадірін Тарыққанда білерсің | Жаңа сөздер: Сәбіз, қияр, асқабақ, көкөністер. | Нан қиқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар | Жасамас үшін ағаттық, Тыңда ақылды, қабылдап. Алдында ішер тамақтың, Қолыңды жу сабындап |
| Түскі ұйқы | Ертегі №16 «Мысық пен тышқан» ертегісін оқып беру | Ертегі №17 «Су жүрек қоян» ертегісін оқып беру | Ертегі №18 «Торғай мен тышқан» ертегісін оқып беру | Ертегі №19 «Түлкі мен қасқыр» ертегісін оқып беру | Ертегі №20 «Үш жалқау» ертегісін оқып беру |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары | Түйме қадалған кілем үстімен жүргізу, жалпақтабандылық ты болдырмау | Асықтан жасалған құралмен арқаға массаж жасау | Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, жалпақтабандылықты болдырмау | Асықтан жасалған кілемше үстімен жүру | Арқаға арналған массаждар құралымен массаж жасау |
| Бесін ас | Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз күлмейміз | | | | |

| | | | | | |
|---|--|---|--|--|--|
| | Астан басқа өзгені, Елемейміз білмейміз. | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет | <p>Картотека №5 Сюжетті-рөлді ойын: «Жедел жәрдем» Мақсаты: «жедел жәрдем» ойынын басқа ойындармен байланыстыра ойнауға үйрету, адам өмірін сақтауға арналған мамндықтар туралы білу. Ақ халатты абзал жандардың еңбегін құрметтеуге үйрету. Медицина қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қоғамдық жерлерде өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту.</p> | <p>Вариативтік компонент «Экологиялық соқпақ» Мақсаты: экологиялық мәдениеттің негізін қалыптастыру, табиғатқа саналы, көзқарасты қалыптастыру, экологиялық соқпақ бойынша экскурсияларды пайдалана отырып, оны қорғауға үйрету.</p> | <p>Вариативтік компонент «Ұлттық қазына» Мақсаты: Халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдарын және ұлттық ойындарды тәрбиенің көзі ретінде пайдаланып, ата – бабаларымыздан қалған асыл мұра, алтын қазынасын кейінгі жас ұрпаққа үлгі етіп, санасына жеткізу.. Тәрбиеленушілер бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру.</p> | «Мақал мәтелдер» Айтылған мақал-мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру | <p>Картотека №6 «Дәріхана» Мақсаты: Балаларда фармацевт мамандығына деген қызығушылық туғызу.</p> |
| Балалардың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | Жеке баламен жұмыс: Жарылғасын Нұрәліге айналасындағы заттардың міндеттерін білуге дағдыландыру ды жалғастыру. | Жеке баламен жұмыс: Жарылғасын Айзереге күрделі емес сюжеттік композициялар құрастыра білуге үйретуді жалғастыру. | Жеке баламен жұмыс: Алмас Алимаға салыстыру нәтижесін сөзбен жеткізе білуге үйретуді жалғастыру. | Жеке баламен жұмыс: Шамкен Ыбырахымға өлеңдерді саналы, эмоционалды түрде жатқа айтауды үйрету. | Жеке баламен жұмыс: Жарылғасын Нұрәліге. үлгі бойынша сурет салдыру, қарандашты дұрыс ұстауға үйрету |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. | | | | |

| | | | | | |
|--|---|--|--|--|---|
| Серуендеу | Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| Кешкі ас. | Балалады мәдениетті тамақтануға, оң қолмен тамақтануға, үстел басында артық сөйлемеуге тәрбиелеу. | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті. | <p>Үстел-үсті ойыны картотека №13 «Магниттік әңгімелер. Жыл мезгілдері» Мақсаты: жыл мезгілдерімен танысуға, қыс, көктем, жаз және күздің бір-бірінен қалай ерекшеленетінін түсінуге мүмкіндік беру. (Құрылымдалған ойын)</p> | <p>Картотека №5 Сюжетті-рөлді ойын: «Жедел жәрдем» Мақсаты: «жедел жәрдем» ойынын басқа ойындармен байланыстыра ойнауға үйрету, адам өмірін сақтауға арналған мамндықтар туралы білу. Ақ халатты абзал жандардың еңбегін құрметтеуге үйрету. Медицина қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қоғамдық жерлерде өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту. (Педагог жетекшілігімен ойын)</p> | <p>Картотека №6 «Дәріхана» Мақсаты: Балаларда фармацевт мамандығына қызығушылық туғызу. (Құрылымдалған ойын)</p> | <p>Үстел-үсті ойыны картотека №13 «Дамыту лотосы» Мақсаты: ойын барысында балалар «пішін» және «түс» ұғымдарымен таныстыру. Ойын зейінді, пішін мен түстерді салыстыру қабілетін, сонымен қатар логикалық тізбекті анықтау қабілетін дамыту (Құрылымдалған ойын)</p> | <p>Үстел үсті ойыны «Домино» (Еркін ойын)</p> |
| Балалардың үйге қайтуы Тұтас бала бейнесі | <p>Кері байланыс: Ата-аналарға кеңес: «Бала денсаулығына пайдалы қағидалар»</p> | <p>Кері байланыс: Балалардың үйдегі әрекеті бойынша әңгіме.</p> | <p>Кері байланыс: Асылхан Жәнібектің тәртібі жөнінде анасымен сөйлесу.</p> | <p>Кері байланыс: Ауа райына байланысты баларды сай киіндіруге кеңес беру.</p> | <p>Кері байланыс: «Баланың күн тәртібі»</p> |

«Болашақ» ересек тобы балаларының өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы

«Балдырған бөбекжай» КМҚК

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Тақырыпша: «Елін сүйген-Елбасы»

Уақыты: 29 қараша-03 желтоқсан 2021 жыл I апта

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 29.11.2021ж. | Сейсенбі 30.11.2021ж. | Сәрсенбі | Бейсенбі 02.12.2021ж. | Жұма 03.12.2021ж. |
|--|--|--|-----------------|--|--|
| <p>Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар: (үстел үсті, саусақ және т.б.) 4К моделі Бала үні Ойын</p> | <p>Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу. Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ат-аналарға кеңес беру.</p> | | | | |
| | <p>Үстел-үсті ойыны картотека №14 «Айлакер заттар» Мақсаты: зейінді, табандылықты дамыту. (Еркін ойын)</p> | <p>Үстел-үсті ойыны картотека №15 «Түрлі-түсті әлем» Мақсаты: осы ойынның көмегімен балалар түстерді, негізгі геометриялық фигуралар мен пішіндерді ажырата білуді, екі жартысын тұтасымен байланыстыруды, салыстыруды үйрету. (Құрылымдалған ойын)</p> | | <p>Үстел-үсті ойыны картотека №17 «Үстелде нан қайдан пайда болады?» Мақсаты: баланы логикалық ойлауға үйрету, үйлесімді сөйлеуді дамыту, сөздік қорын және көкжиегін кеңейту. (Құрылымдалған ойын)</p> | <p>Үстел-үсті ойыны картотека №18 «Қауымдастық лотосы» Мақсаты: сыртқы әлеммен танысу, көкжиегін кеңейту. Лото көптеген түрлі ойын жағдайларын модельдеуге мүмкіндік беру. (Еркін ойын)</p> |
| <p>Танертенгі жаттығу</p> | <p align="center">№5 КЕШЕНДІ ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА</p> | | | | |
| <p>Таңғы ас</p> | <p>Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету</p> | | | | |
| <p>Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық 4К моделі Бала үні Ойын</p> | <p>Картотека №18 Бір дегенім – берік. Екі дегенім – ерік. Үш дегенім – ұшақ, Төрт дегенім – тұсақ.</p> | <p>Картотека №19 Санамақ Мына саусақ-анашым! Мына саусақ-әкешім! Мына саусақ-әжем ғой! Мына саусақ-атам ғой.</p> | | <p>Картотека №2 Санамақ Екі көз бен қос құлақ Бір бас пенен бір мұрын Нешеу болды қос шырақ, Санап шығар кім</p> | <p>Картотека №3 «Топ, топ, добым» Топ, топ, добым домалақ, Топ, топ, добым домалақ, Қайда кеттің домалап Қайда кеттің домалап</p> |

| | | | | | |
|---|---|---|--|---|--|
| | Бес дегенім – бауыр, Алты дегенім – ауыл. Жеті дегенім – желке, Сегіз дегенім – серке. Тоғыз дегенім – тоқпақ, Он дегенім оспақ. | Мына саусақ-мен өзім! Осы менің отбасым. | | бұрын?! Екі аяқ пен екі қол, Бір ауыз бен бір тілің... Нешеу болды қане, бол, Санап шығар кім бұрын?! Сұқ саусағым суға барды Ортаң қолым орақ орды. Аты жоғым ағаш жарды, Жұмсамапты алақаным, Тек шынашақ– балапанын. (М. Қуанышбеков) | Бір, екі деп екі ұрдым, Шатырға сен секірдің. Үш, төрт, бес деп үлгердім, Ішіне ендің гүлдердің. Алты, жеті дегенде. Жаттың шаршап еденде. Сегіз, тоғыз дегенде, Сайға сырғып жөнелдің. Топ, топ, добым домалақ, Қайда кеттің домалап. |
| Мектепке дейінгі ұйымның ұйымдастырған оқу қызметі 4К моделі Бала үні Ойын Саралау Бақылау | 1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Түрлі түсті доптар» Мақсаты: доппен жаттығулар арқылы қозғалыс тәжірибелерін байыту. 2. Мүсіндеу Тақырыбы: «Кірпілер» Мақсаты: кірпілердің ерекшеліктерін | 1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ел таңдаған - Елбасы» Мақсаты: Балаларға Елбасы туралы мағлұмат беру, сөйлеуде дыбыстарды дұрыс айтуға баулу. баланың пікірін қалыптастырмас бұрын білім алуға деген ұмтылысын ояту; баланы тәрбиешінің сұрақтарына жауап беруге, өз сұрақтары мен мәселелерін ойлануға үйрету; | | 1. Музыка Музыка жетекшісінің жоспарына сәйкес 2. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Туған жер» Мақсаты: Туған өлке туралы мәлімет беру. Сурет арқылы әңгіме құрауға үйрету. Балалардың ақыл-ойын, есте сақтау қабілетін дамыту. Балаларды имандылыққа, туған жердің табиғатын, табиғатын қалаларын, көлдерін, өзендерін | 1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Түрлі түсті сызықтар» Таза ауада өткізу Мақсаты: тұрақты тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру. 2. Орыс тілі Тақырыбы: «Орыс тілі мұғалімінің жоспарына сәйкес 3. Сурет салу |

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|---|
| | <p>ескере отырып, мүсіндеуге үйрету. Кірпілер туралы мағлұмат беру; ермексазды алақан арасына және жазықтықта домалақтау арқылы кірпіні мүсіндеуді үйрету; есте сақтау мен сөйлеу тілдерін дамыту; саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Командада жұмыс істей білуге тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Сиқырлы қапшық»</p> | <p>баланы дайын білімді қолданбай, әрекет процесінде туындайтын білімін қолдануға деген ынтасын тәрбиелеу. Д/ойын: «Жалпы атауын ата»</p> <p>2.Музыка Музыка жетекшісінің жоспарына сәйкес</p> <p>2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Біздің өлкеге қыс келді» Мақсаты: қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылау дағдыларын дамыту. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. Туған өлкенің табиғатымен қарым-қатынаста адамгершілік-эстетикалық сезімдерін</p> | | <p>білуге үйрету, тәрбиелеу. К- №27 Д/ойын: «Менің қайда екенімді тап»</p> | <p>Тақырыбы: «Қар басқан ағаштар» Мақсаты: балалардың ойлау мен шығармашылық қиялын дамыту. Заттарды орналастыра білуге үйрету. Сопақша пішіндерді толық парақты пайдалана отырып, бейнелеуді үйрету, сурет салу барысында негізгі пішінді сәйкестендіре, түсін сақтай отырып бояуға техникалық дағдыларын бекіту. Дидактикалық ойын: «Топтастыр да себетке сал»</p> |
|--|--|--|--|--|---|

| | | | | | |
|--------------------------|--|--|--|---|---|
| | | тәрбиелеу. «Қайсысы артық?» дидактикалық ойыны картотека №43 | | | |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау, киіміндегі олқылықтарды ретке келтіруге баулу. Киімді шкафқа ретімен жинау | | | | |
| Серуен | <p>К-№1 Қар үстіндегі іздерді бақылау. Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айыра білуге үйрету. Көркем сөз: Қандай суық қыс деген? Қалтырайды құс деген. Құлақшынды кимесең Құлағыңды тістеген. Еңбек: Ойын құралдарын қардан тазалау. Мақсаты: еңбекқор болуға тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Кептерді қуып жет» К-№1 Мақсаты:</p> | <p>К-№2 Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу. Мақсаты: балаларға қар ұшқындарының қалай пайда болатыны жайлы айту, олардың құрылысымен таныстыру. олардың құрлысымен таныстыру, Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді. Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі.</p> | | <p>К-№3 Қар жауып тұрған құбылысты бақылау. Мақсаты: қар жауып тұрған құбылысты бақылай білуге үйрету. Көркем сөз: Шанамен зырлап желетін, Шаңғы, коньки тебетін, Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? Еңбек: участкені тәрбиешінің көмегімен сыпыру. Мақсаты: Үлкендерге көмектесе білуге тәрбиелеу. Қ/қозғалыс ойыны: «Ақ қоян» К-№3 Мақсаты: Жеке жұмыс: «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына құрастыру. Жұмбақ: Құм сияқты</p> | <p>К-№4 Қырауды бақылау Мақсаты: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып түсіндіру.. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Көркем сөз. Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады. Еңбек: Аяқ киімдері мен тондарын қардан тазалау. Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа үйрету. Қ/қозғалыс ойыны: «Қасқырлар мен лақтар» К-№4 Мақсаты: Жеке жұмыс: Жаңылтпаш жаттау. Ақ, ақ Аң-аң Секеңдейді лақ. Аң патшасы-арыстан. Балалардың өзіндік іс-әрекеті.</p> |

| | | | | | |
|------------------------|---|---|--|--|--|
| | <p>Жеке жұмыс: Жұмбақтар жасыру Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ жүреді. Аузы жоқ ұлиды. (Боран) Өзіндік іс-әрекет: Аққала жасау. Қалаулары бойынша ойындар.</p> | <p>Көркем сөз: Қыста көлге мұз қатты, Табанымды мұздатты. Мұз ойылып кетті тез, Күліп едік, біз қатты. Еңбек: Ойын алаңын қардан тазарту. Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Мәтел: Қар көп болса, астық көп болады. Қ/қозғалыс ойыны: «Түсті автокөліктер» К-№2 Балалардың өзіндік іс-әрекеті.</p> | | <p>ұсақ болғанымен, жер бетін жауып үлгереді. (қар) Балалардың өзіндік іс-әрекеті.</p> | |
| Серуеннен оралу | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық шаралардың орындалуын бақылау | | | | |
| Түскі ас | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Бата: Асқа адалдық Денге саулық Ас болсын Әумин! рақмет апайлар | | | | |
| | Ас - адамның арқауы. | Ас атасы – нан. | | Нан қиқымын шашпандар Жерде жатса баспандар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастандар | Нан – тамақтың атасы Ынтымақ- көптің батасы Тістем нанның қадірін Тарыққанда білерсің |
| Түскі ұйқы | Ертегі оқу К-№1 «Жыл мезгілдері» | Ертегі оқу К-№2 «Шалқан» | | Ертегі оқу К-№8 «Шұбар тауық» | Ертегі: К-№2 «Шалқан» |

| | | | | | |
|---|--|--|--|--|---|
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары | Түйме қадалған кілем үстімен жүргізу, жалпақтабандылықты болдырмау | Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау | | Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау | Түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру |
| Бесін ас | Дастархан басындағы әдептілікке үйрету, тамақты тауысып жеуге, сүттің, айранның, ірімшіктің, құрттың пайдасы туралы әңгімелесу | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет | Картотека №7 «Дәрігер» Мақсаты: Балалардың дәрігер мамандығы жайлы білімдерін кеңейту, балалар дәрігері (педиатр), жедел жәрдем дәрігері, окулист, тіс дәрігерімен таныстыру. Топта ойынды ұйымдастыру барысында достық қатынасты нығайту. | Вариативтік компонент «Экологиялық соқпақ» Мақсаты: экологиялық мәдениеттің негізін қалыптастыру, табиғатқа деген саналы, дұрыс көзқарасты қалыптастыру, экологиялық соқпақ бойынша экскурсияларды пайдалана отырып, оны қорғауға үйрету. | | «Мақал мәтелдер» Айтылған мақал-мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру | Картотека №8 «Жүргізуші» Мақсаты: жүргізуші мамандығы туралы білімдерін кеңейту, еңбекқорлыққа тәрбиелеу, жолда жүру ережелерін біліп сақтауға, қоғамдық көліктерде өздерін дұрыс ұстай білуге үйрету. |
| Балалардың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | Жеке баламен жұмыс: Ғабдуали Зиннұрға айналасындағы заттардың міндеттерін білуге дағдыландыруды жалғастыру. | Жеке баламен жұмыс: Жарылғасын Нұрәліге күрделі емес сюжеттік композициялар құрастыра білуге үйретуді жалғастыру. | | Жеке баламен жұмыс: Сағындық Аспандиярға өлеңдерді саналы, эмоционалды түрде жатқа айтауды үйрету. | Жеке баламен жұмыс: Жарылғасын Айзереге шарбақтың суретін үлгі бойынша салдыру, қарандашты дұрыс ұстауға үйрету |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. | | | | |
| Серуендеу | Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| Кешкі ас. | Балалады мәдениетті тамақтануға, оң қолмен тамақтануға, үстел басында артық сөйлемеуге тәрбиелеу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|--|--|--|--|
| <p>Балалардың дербес іс-әрекеті</p> | <p>Үстел-үсті ойыны картотека №14 «Айлакер заттар» Мақсаты: зейінді, табандылықты дамыту. (Еркін ойын)</p> | <p>Үстел-үсті ойыны картотека №15 «Түрлі-түсті әлем» Мақсаты: осы ойынның көмегімен балалар түстерді, негізгі геометриялық фигуралар мен пішіндерді ажырата білуді, екі жартысын тұтасымен байланыстыруды, салыстыруды үйрету. (Құрылымдалған ойын)</p> | | <p>Үстел-үсті ойыны картотека №17 «Үстелде нан қайдан пайда болады?» Мақсаты: баланы логикалық ойлауға үйрету, үйлесімді сөйлеуді дамыту, сөздік қорын және көкжиегін кеңейту. (Құрылымдалған ойын)</p> | <p>Үстел-үсті ойыны картотека №18 «Қауымдастық лотосы» Мақсаты: сыртқы әлеммен танысу, көкжиегін кеңейту. Лото көптеген түрлі ойын жағдайларын модельдеуге мүмкіндік беру. (Еркін ойын)</p> |
| <p>Балалардың үйге қайтуы Тұтас бала бейнесі</p> | <p>Кері байланыс: Балалардың үйдегі іс - әрекеті бойынша әңгімелесу</p> | <p>Ата-аналарға кезекші топтың жұмыс тәртібі туралы айту.</p> | | <p>Кері байланыс: Медбике кеңесі «Жұқпалы аурулардың алдын алу».</p> | <p>Кері байланыс: Балалардың үйдегі іс - әрекеті бойынша әңгімелесу</p> |

**«Болашақ» ересек тобы балаларының өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы
 «Балдырған бөбекжай» КМҚК**

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Тақырыпша: «Туған жер»

Уақыты: 06-10 желтоқсан 2021 жыл II апта

| | | | | | |
|---------------------------|---|---|---|---|-------------------------------------|
| <p>Күн тәртібі</p> | <p>Дүйсенбі 06.12.2021ж.</p> | <p>Сейсенбі 07.12.2021ж.</p> | <p>Сәрсенбі 08.12.2021ж.</p> | <p>Бейсенбі 09.12.2021ж.</p> | <p>Жұма 10.12.2021ж.</p> |
|---------------------------|---|---|---|---|-------------------------------------|

| | | | | | |
|---|---|--|--|--|--|
| <p>Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар: (үстел үсті, саусақ және т.б.) 4К моделі Бала үні Ойын</p> | <p>Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу. Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру.</p> | | | | |
| | <p>Үстел-үсті ойыны картотека №14 «Айлакер заттар» Мақсаты: зейінді, табандылықты дамыту. (Еркін ойын)</p> | <p>Үстел-үсті ойыны картотека №15 «Түрлі-түсті әлем» Мақсаты: осы ойынның көмегімен балалар түстерді, негізгі геометриялық фигуралар мен пішіндерді ажырата білуді, екі жартысын тұтасымен байланыстыруды, салыстыруды үйрету. (Құрылымдалған ойын)</p> | <p>Үстел үсті ойыны «Мозайка» жинау (Педагог жетекшілігімен ойын)</p> | <p>Үстел-үсті ойыны картотека №17 «Үстелде нан қайдан пайда болады?» Мақсаты: баланы логикалық ойлауға үйрету, үйлесімді сөйлеуді дамыту, сөздік қорын және көкжиегін кеңейту. (Құрылымдалған ойын)</p> | <p>Үстел-үсті ойыны картотека №18 «Қауымдастық лотосы» Мақсаты: сыртқы әлеммен танысу, көкжиегін кеңейту. Лото көптеген түрлі ойын жағдайларын модельдеуге мүмкіндік беру. (Еркін ойын)</p> |
| <p>Таңертеңгі жаттығу</p> | <p>№11 КЕШЕНДІ ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА</p> | | | | |
| <p>Таңғы ас</p> | <p>Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету</p> | | | | |
| <p>Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық 4К моделі Бала үні Ойын</p> | <p>Картотека №4 «Бір апта» санамақ Дүйсенбіде доп ойнадық қорада, Сейсенбіде серуен құрдық далада. Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп, Бейсенбіде би биледік әндетіп. Жұма күні жидек тердік қыратта,</p> | <p>Картотека №5 «Бес саусақ» санамақ Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ. Оң аяқта бес бақай, Сол аяқта бес бақай. Қосып едім екеуін Болып шықты он</p> | <p>Картотека №6 Санамақ Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ. Оң аяқта бес бақай, Сол аяқта бес бақай. Қосып едім екеуін Болып шықты он бақай</p> | <p>Картотека №8 Саусақ санау ойыны Қуыр-қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш! Тауықтарға тары шаш! Бас бармақ, Балалы үйрек, Орган терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек.</p> | <p>Картотека №10 «Нешеуміз?» Бір үйде нешеуміз? Кел, санайық екеуміз. Бас бармағым – әкем, Балалы үйрек – анам, Орган терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкене бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз.</p> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|--|--|
| | Сенбі күні кино көрдік клубта. Жексенбіде үйде болып дем алдық, Осылайша өте шықты бір апта. | бақай Беске дейін санау | | | |
| Мектепке дейінгі ұйымның ұйымдастырған оқу қызметі 4К моделі Бала үні Ойын Саралау Бақылау | <p>1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Епті және күшті боламыз» Мақсаты: күш пен ептілікті, допты меңгеру дағдыларын дамыту.</p> <p>2. Жапсыру Тақырыбы: «Қысқы ағаштар» Мақсаты: Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Өзіне тән ерекшеліктерін ажырата білуге, өз ойын толық жеткізе білуге үйрету. Қысқы ойындарға қажетті құралдарды атау. Қағаз бетінде бейнелерді жапсырмалауды,</p> | <p>1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Серуенде... (Өз тәжірибелерінен әңгімелеу)» Мақсаты: Сөйлем құрай білу дағдыларын дамыту. 4К моделі Көлемі әртүрлі екі бірдей ойыншықты сипаттап айтуды, жай және құрмалас сөйлемдерді қолданып, өз ойларын тиянақты жеткізе білуге үйрету және баланың пікірін қалыптастырмас бұрын білім алуға деген ұмтылысын ояту; баланы тәрбиешінің сұрақтарына жауап беруге, өз сұрақтары мен мәселелерін ойлануға үйрету; баланы дайын білімді қолданбай, әрекет процесінде туындайтын білімін</p> | <p>1. Дене шынықтыру Тақырыбы: Тақырыбы: «Епті болайық» Мақсаты: үйлесімділік қабілеттерін дамыту, доппен жаттығу жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>2. Математика негіздері Тақырыбы: «Алыс-жақын» Мақсаты: 1-ден 4-ке дейінгі сандар туралы білімдерін бекіту; 4К моделі коммуникативтілік-қарым-қатынас жасау, байланыс орнату, тіл табысу, үйлесімділік орнату қабілеті (бірлесіп жұмыс істеуге қабілеттілік) дамыту. К-№12 Д/ойын: «Заттарды топта»</p> | <p>1. Музыка Музыка жетекшісінің жоспарына сәйкес</p> <p>2. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Астана» Т.Молдағалиев Мақсаты: өлең мазмұнымен таныстыру. Баланың пікірін қалыптастырмас бұрын білім алуға деген ұмтылысын ояту; баланы тәрбиешінің сұрақтарына жауап беруге, өз сұрақтары мен мәселелерін ойлануға үйрету; баланы дайын білімді қолданбай, әрекет процесінде туындайтын білімін қолдануға деген ынтасын тәрбиелеу Сөздік ойын: «Ненің даусы?»</p> | <p>1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Спорт элементтері бар ойындар» таза ауда өткізу Мақсаты: спорттық ойындар элементтері арқылы қозғалыс тәжірибесін байыту</p> <p>2. Орыс тілі Орыс тілі мұғалімінің жоспарына сәйкес</p> <p>3. Сурет салу Тақырыбы: «Қысқы көрініс» Мақсаты: балалардың туған жердің қысқы көрінісін құбылыстарын бейнелеу кезінде көркем образ салуға үйрету. Көрініс, көкжиек, кеңістік туралы түсініктерін бекіту, суретке байланысты жағымды</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|---|
| | <p>одан кейін оларды желімдеу дағдыларын қалыптастыру, ұсақ саусақ маторикасын дамыту. Табиғатты аялауға, әсемдікті сезініп, көре білуге тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Дыбысқа сәйкес бейнені тап?» картотека №47</p> | <p>қолдануға деген ынтасын тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Менің сүйікті ойыншықтарым» тақырыбында әңгіме кұрау №9</p> <p>2.Музыка Музыка жетекшісінің жоспарына сәйкес</p> <p>2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Туған жерімдегі қанатты достар» Мақсаты: қыстап қалатын құстар мен жыл құстары туралы жинақталған түсініктерін қалыптастыру. Құстардың дене құрылысы туралы ұғымдарын кеңейту. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. Құстарға ізгі көзқарастарын тәрбиелеу. «Сөз» ойыны</p> | | | <p>көңіл күй туындату, мазмұнын нақты жасауды, қылқаламның толық ұшымен, жеңіл, сүйкей жағу тәсілімен оңнан солға қарай бояуға дағдыландыру. 4 К моделі Командада жұмыс істей білуге тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойын «Қол соғу» К- №16</p> |
|--|--|--|--|--|---|

| | | | | | |
|--------------------------|--|--|---|--|---|
| | | картотека №44 | | | |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау, киіміндегі олқылықтарды ретке келтіруге баулу. Киімді шкафқа ретімен жинау | | | | |
| Серуен | <p>К-№5 Мұз сүнгісін бақылау. Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Көркем сөз: Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Мұзафар Әлімбаев Еңбек: Тәрбиешінің көмегімен қар тазалау. Мақсаты: еңбекке баулу. Қ/қозғалыс ойыны: «Аққоян» К-№3 Жеке жұмыс: Жұмбақтар шешу Орманда жоғары</p> | <p>Қайың ағашын бақылау К-№6 Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркінін бақылауға үйрету. Көркем сөз Ағаштар тұр жүдеп, Жапырақ сәні енеді. Соғады жел үдеп, Қыстың кеп сәлемі. Еңбек: қайың ағашының түбіне қар жинау. Мақсаты: балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру. Қ/қозғалыс ойыны: «Күн мен түн» К-№7 Жеке жұмыс: «Жұмбақты шеш» сюжетті ойын ойнату. Жұмбақ: Жазда жатсаң көлеңкесіне алады, Қыста жақсаң, жаның рахат табады. Ағаш Балалардың өзіндік іс-әрекеті.</p> | <p>Терезедегі өрнектерді бақылау К-№7. Мақсаты: балаларға құбылысты түсіндіру. Терезедегі өрнектерді бақылау. Көркем сөз: Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта қырықалып. Еңбек: Қардан тәрбиешінің көмегімен бекініс жасау. Мақсаты: еңбекқорлыққа үрету. Қ/қозғалыс ойыны: «Аңшылар» К-№8 Жеке жұмыс: Жұмбақ жасыру Отта жанбайды Суда батпайды. (Мұз) Балалардың өзіндік іс-әрекеті.</p> | <p>Желді бақылау К-№8 Мақсаты: желдің соғу бағытын бақылау. Аңғарымпаздыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. Сұрақтар: 1. Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады? 2. Қыста жел қандай болады? Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу. Мақсаты: Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. Қ/қозғалыс ойыны: «Қасқырлар мен лақтар» К-№4 Жеке жұмыс: екі аяқпен бірдей қарлы жолмен секіру. Балалардың өзіндік іс-әрекеті.</p> | <p>Аула сыпырушы еңбегін бақылау К-№9 Мақсаты: аула сыпырушының қыс кезіндегі еңбегі, оның жұмысы туралы балаларға түсінік беру. Аула сыпырушының еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. Көркем сөз Қолына киіп қолғапты, Ауланы ағай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, Бәрімізге ол жол ашты. Еңбек: Аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпыруға көмектесу. Мақсаты: ересек адамдарға қолдан келгенше көмек беруге деген балалардың ынтасын қолдап, еңбекке баулу. Қ/қозғалыс ойыны: «Қоян» К-№9 Жеке жұмыс: «Кім алысқа секіреді?» Балалардың өзіндік іс-әрекеті.</p> |

| | | | | | |
|---|--|---|--|---|--|
| | Ағашқа қонады Тұмсығын балға етіп Тоқ-тоқ соғады (Тоқылдақ) Балалардың өзіндік іс-әрекеті. | | | | |
| Серуеннен оралу | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық шаралардың орындалуын бақылау | | | | |
| Түскі ас | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. | | | | |
| | Ас - адамның арқауы. | Ас атасы – нан. | Жасамас үшін ағаттық, Тыңда ақылды, қабылдап. Алдында ішер тамақтың, Қолыңды жу сабындап | Нан қиқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар | Нан – тамақтың атасы Ынтымақ- көптің батасы Тістем нанның қадірін Тарыққанда білерсің |
| Түскі ұйқы | Ертегі оқып беру №18 «Торғай мен тышқан» | Ертегі оқып беру №19 «Түлкі мен қасқыр» | Ертегі оқып беру №20 «Үш жалқау» | Ертегі оқып беру №21 «Сауысқан мен көкек» | Ертегі оқып беру №22 «Төлдер айтысы» |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары | Түйме қадалған кілем үстімен жүргізу, жалпақтабандылықты болдырмау | Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау | Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, жалпақтабандылықты болдырмау | Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау | Түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру |
| Бесін ас | Дастархан басындағы әдептілікке үйрету, тамақты тауысып жеуге, сүттің, айранның, ірімшіктің, құрттың пайдасы туралы әңгімелесу | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет | «Шаштараз» Мақсаты: балаларды шаштараз жұмысымен таныстыру. Рөлдерге кіріп ойнай білуге үйрету. Шаштаразға келген клиенттермен мәдени түрде қарым-қатынас жасай білуге | Вариативтік компонент «Экологиялық соқпақ» Мақсаты: экологиялық мәдениеттің негізін қалыптастыру, табиғатқа деген саналы, дұрыс | Вариативтік компонент «Ұлттық қазына» Мақсаты: Халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдарын және ұлттық ойындарды тәрбиенің көзі ретінде пайдаланып, ата – | «Менің отаным» әнің жаттау | Картотека №9 «Дүкен. Азық-түліктер бөлімі» Мақсаты: балаларға дүкенде жұмыс істейтін адамдар жайлы түсінік қалыптастыру. Дүкендердің әр түрлі болатыны жайлы айту. Коммуникативті |

| | | | | | |
|---|--|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу. | көзқарасты қалыптастыру, экологиялық соқпақ бойынша экскурсияларды пайдалана отырып, оны қорғауға үйрету. | бабаларымыздан қалған асыл мұра, алтын қазынасын кейінгі жас ұрпаққа үлгі етіп, санасына жеткізу.. Тәрбиеленушілер бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру. | | дағдыларын дамыту. Мейірімділікке тәрбиелеу. |
| Балалардың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | Жеке баламен жұмыс: Ғабдуали Зиннұр айналасындағы заттардың міндеттерін білуге дағдыландыру ды жалғастыру. | Жеке баламен жұмыс: Қазбек Айбатырға күрделі емес сюжеттік композициялар құрастыра білуге үйретуді жалғастыру. | Жеке баламен жұмыс: Жарылғасын Айзереге салыстыру нәтижесін сөзбен жеткізе білуге үйретуді жалғастыру. | Жеке баламен жұмыс: Абдулла Айаруға өлеңдерді саналы, эмоционалды түрде жатқа айтауды үйрету. | Жеке баламен жұмыс: Шамкен Ыбырахымға шарбақтың суретін үлгі бойынша салдыру, қарандашты дұрыс ұстауға үйрету |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. | | | | |
| Серуендеу | Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| Кешкі ас. | Балалады мәдениетті тамақтануға,оң қолмен тамақтануға,үстел басында артық сөйлемеуге тәрбиелеу. | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті. | Үстел-үсті ойыны картотека №14 «Айлакер заттар» Мақсаты: зейінді, табандылықты дамыту. (Еркін ойын) | Үстел-үсті ойыны картотека №15 «Түрлі-түсті әлем» Мақсаты: осы ойынның көмегімен балалар түстерді, негізгі геометриялық фигуралар мен пішіндерді ажырата білуді, екі жартысын тұтасымен байланыстыруды, салыстыруды үйрету. (Құрылымдалған ойын) | Үстел үсті ойыны «Мозайка» жинау (Педагог жетекшілігімен ойын) | Үстел-үсті ойыны картотека №17 «Үстелде нан қайдан пайда болады?» Мақсаты: баланы логикалық ойлауға үйрету, үйлесімді сөйлеуді дамыту, сөздік қорын және көкжиегін кеңейту. (Құрылымдалған ойын) | Үстел-үсті ойыны картотека №18 «Қауымдастық лотосы» Мақсаты: сыртқы әлеммен танысу, көкжиегін кеңейту. Лото көптеген түрлі ойын жағдайларын модельдеуге мүмкіндік беру. (Еркін ойын) |

| | | | | | |
|--|--|---|---|---|---|
| Балалардың үйге қайтуы Тұтас бала бейнесі | Кері байланыс: Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын дайындаңыз». | Кері байланыс: Балалардың үйдегі әрекеті бойынша әңгіме. | Кері байланыс: Төлеубай Қадырдің тәртібі жөнінде анасымен сөйлесу. | Кері байланыс: Кеңес «Ойыншықтың бала өміріндегі маңызы». | Кері байланыс: «Баланың күн тәртібі» |
|--|--|---|---|---|---|

«Болашақ» ересек тобы балаларының өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы
«Балдырған» бөбекжай» КМҚК

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Тақырыпша: «Тәуелсіз Қазақстан»

Уақыты: 13-15 желтоқсан 2021 жыл III апта

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 13.12.2021ж. | Сейсенбі 14.12.2021ж. | Сәрсенбі 15.12.2021ж. | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|-----------------|-------------|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар: (үстел үсті, саусақ және т.б.) 4К моделі Бала үні Ойын | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу. Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ат-аналарға кеңес беру. | | | | |
| | Үстел-үсті ойыны картотека 3 «Магниттік мозаика. Кірпі» Мақсаты: мозаика-бұл әр түрлі пішіндер мен түстердің элементтері жиынтығы, олар бір-бірімен үйлеседі және кез-келген кескінді жасауға мүмкіндік береді. | Үстел-үсті ойыны картотека 4 «Дымбілместің шоты» Мақсаты: ойын балаларды кемпірқосақтың барлық түстерімен таныстыру, 1-ден 7-ге дейін санауды үйрету. Заттар өзін-өзі жіктеуді дамыту. (Педагог жетекшілігімен ойын) | Үстел-үсті ойыны картотека №5 «Сандар» Мақсаты: Ойын-сауық түрінде балалар суреттегі объектілердің санымен салыстыруды үйренеді, сондай-ақ саусақтардың ерікті назарын және ұсақ моторикасын дамытады. (Педагог жетекшілігімен ойын) | | |

| | | | | | |
|--|---|--|--|--|---|
| | (Құрылымдалған ойын) | | | | |
| Танертенгі жаттығу | №12 КЕШЕНДІ ТАҒҒЫ ГИМНАСТИКА | | | | |
| Таңғы ас | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық 4К моделі Бала үні Ойын | Картотека №11 «Жеті ұл» Сәл демалып, тынып ал. Тақпақ тыңдап, ұғып ал. Апта деген ағайдың Жеті бірдей ұлы бар: Біріншісі – Дүйсенбі, Екіншісі – Сейсенбі, Үшіншісі – Сәрсенбі, Төртіншісі – Бейсенбі, Жұма деген – Бесінші ұл, Алтыншы ұл - Сенбі, Жетіншісі – Жексенбі. | Картотека №13 «Он саусақ» Айтар болсам саралап Коп қой түрлі санамақ Бір дегенім – бір саусақ Екі дегенім – екі саусақ Үш дегенім – үш саусақ Төрт дегенім – төрт саусақ Бес дегенім – бес саусақ Алты дегенім – алты саусақ Жеті дегенім – жеті саусақ Сегіз дегенім – сегіз саусақ Тоғыз дегенім – тоғыз саусақ Он дегенім- он саусақ Он қолымда бес саусақ Сол қолымда бес саусақ Екеуін қосып санап ем Барлығы болды он | Картотека №14 «Бір аптада» Бір аптаның күндері өтті: 1.Дүйсенбіде гүлдер ектім. 2.Сейсенбіде алма тердім. 3.Сәрсенбіде су әкелдім. 4.Бейсенбіде бақша баптап, 5.Жұма күні тақпақ жаттап, 6.Сенбіде мен саған бардым. 7.Жексенбіде бір демалдым. | | . |

| | | | | | |
|--|---|--|---|--|--|
| | | саусақ Барлығыда әп ай ай, Бейне бір он бауырсақ. | | | |
| Мектепке дейінгі ұйымның ұйымдастыр ған оқу қызметі 4К моделі Бала үні Ойын Саралау Бақылау | 1.Дене шынықтыру Тақырыбы: Тақырыбы: : «Біз – көңілді балалар» Мақсаты: доппен жаттығу жасау біліктерін қалыптастыру. 3. Мүсіндеу Тақырыбы: «Тауық пен балапан» Мақсаты: қарапайым композициялар дан күрделіге өту арқылы шығармашылық талғамдарын дамыту. жеке бөлшектерді біріктіре отырып, тауықтың балапанын мүсіндеуді үйрету; балалардың мүсіндеуге деген қызығушылықтар | 1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «З» және «с» дыбыстары (Дыбыстық сөйлеу мәдениеті) Мақсаты: Дыбыстың тыныс ала дыбысталуын және таза айтылуын дамытуға көмектесу. Дыбысталу және жазылу құралдарын дамыту. Дыбысты дұрыс қабылдауды (сөздегі берілген дыбысты есту және айта білуді) дамыту. 4К моделі сыни ойлауды дамыту, баланың пікірін қалыптастырмас бұрын білім алуға деген ұмтылысын ояту. Баланы тәрбиешінің сұрақтарына жауап беруге, өз сұрақтары мен мәселелерін ойлануға үйрету; баланы дайын білімді қолданбай, әрекет процесінде | 1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ерекше орындықтар» Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау және еңбектеу жаттығулары арқылы организмнің функционалдық мүмкіндіктерін арттыру. 3.Математика негіздері Тақырыбы: «3, 4 цифрларын салыстыру. Кең – тар. Шаршы» Мақсаты: заттар санын цифрмен сәйкестендіре алу дағдыларын қалыптастыру; 4К моделі креативті ойлау дағдылары: қасиеттері мен белгілерін ауызша сипаттау бойынша затты табу; екі немесе одан да көп объектінің жалпы және әртүрлі белгілерін табу; Дидактикалық ойын: «Мәшине жеткілікті ме?» №50 | | |

| | | | | | |
|--------------------------|--|---|---|--|--|
| | <p>ын арттырып, ермексаздан түрлі пішіндерді жасау дағдыларын дамыту; Командада жұмыс істей білуге тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Орныңды тап»</p> | <p>туындайтын білімін қолдануға деген ынтасын тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «3 және С дыбыстары» №32</p> <p>2.Музыка Музыка жетекшісінің жоспарына сәйкес.</p> <p>2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Ауладағы құстар» Мақсаты: Балалардың үй құстары туралы түсініктерін анықтау және кеңейту. Жанды нысанды сипаттай білу дағдысын, зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту. Табиғатқа қамқор, мейірімді көзқарасын тәрбиелеу. «Қайсысы қалай дыбыстайды?» дидактикалық ойыны картотека №45</p> | | | |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау, киіміндегі олқылықтарды ретке келтіруге баулу. Киімді шкафқа ретімен жинау | | | | |
| Серуен | <p>Боранды күнге бақылау жасау К-№19 Мақсаты:</p> | <p>Қыстап қалатын құстарға бақылау жасау К-№20 Мақсаты: қыстап</p> | <p>К-№3 Қар жауып тұрған құбылысты бақылау. Мақсаты: қар жауып</p> | | |

| | | | | | |
|-------------------------------|---|---|--|--|--|
| | <p>Боранды күнге бақылау жасай білуге үйрету.</p> <p>Еңбек: Жаңа түскен қардан жолды тазалау.</p> <p>Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: Жыланша ирелендеп жүруге үйрету.</p> <p>Қ/қозғалыс ойыны: «Қоян» К-№9</p> <p>Балалардың өзіндік іс-әрекеті.</p> | <p>қалатын құстар туралы түсінік беру.</p> <p>Еңбек: Құстарға жем шашу</p> <p>Мақсаты: Қыстап қалатын құстарға қамқорлық жасау.</p> <p>Көркем сөз: Қарға, қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар. Боран соқса қар болар, Бұтаға қонар қарғалар.</p> <p>Қ/қозғалыс ойыны: «Қарғалар» К-№15</p> <p>Балалардың өзіндік іс-әрекеті.</p> | <p>тұрған құбылысты бақылай білуге үйрету.</p> <p>Көркем сөз: Шанамен зырлап желетін, Шаңғы, коньки тебетін, Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың?</p> <p>Еңбек: участкені тәрбиешінің көмегімен сыпыру.</p> <p>Мақсаты: Үлкендерге көмектесе білуге тәрбиелеу.</p> <p>Қ/қозғалыс ойыны: «Ақ қоян» К-№3</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Жеке жұмыс: «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру.</p> <p>Жұмбақ: Құм сияқты ұсақ болғанымен, жер бетін жауып үлгереді. (қар)</p> <p>Балалардың өзіндік іс-әрекеті.</p> | | |
| <p>Серуеннен оралу</p> | <p>Балалардың дұрыс шешінуін, шафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық шаралардың орындалуын бақылау</p> | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|--|--|--|
| Түскі ас | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Бата: Асқа адалдық Денге саулық Ас болсын әумин! | | | | |
| Түскі ұйқы | Ертегі №11 «Екі әтеш» ертегісін оқып беру | Ертегі №12 «Мақтаншақ қоян» ертегісін оқып беру | Ертегі №13 «Үш аю» ертегісін оқып беру | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары | Асықтан жас алған кілемшемен жүру. | Арқаға арналған массажды құралмен массаж жасау. | Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, жалпақтабандылықты болдырмау | | |
| Бесін ас | Дастархан басындағы әдептілікке үйрету, тамақты тауысып жеуге, сүттің, айранның, ірімшіктің, құрттың пайдасы туралы әңгімелесу | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет | Картотека №15 «Пошта» Мақсаты: Балалардың пошта қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін қалыптастыру. Хат-хабарларды жіберу және алу тәсілдері туралы балалардың түсініктерін кеңейту. Қиялын, ойлау, сөйлеуін дамыту. Дербес, жауапкершілік, айналасындағыларға пайда әкелу ниетіне тәрбиелеу. | Вариативтік компонент «Экологиялық соқпақ» Мақсаты: экологиялық мәдениеттің негізін қалыптастыру, табиғатқа деген саналы, дұрыс көзқарасты қалыптастыру, экологиялық соқпақ бойынша экскурсияларды пайдалана отырып, оны қорғауға үйрету. | Вариативтік компонент «Ұлттық қазына» Мақсаты: Халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдарын және ұлттық ойындарды тәрбиенің көзі ретінде пайдаланып, ата – бабаларымыздан қалған асыл мұра, алтын қазынасын кейінгі жас ұрпаққа үлгі етіп, санасына жеткізу.. Тәрбиеленушілер бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|--|--|
| Балалардың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | Жеке баламен жұмыс: Сағындық Аспандиярға зат есімдер мен көмекші сөздерді қолдануды үйретуді жалғастыру. "үстінде, астында, артында, жанында". | Жеке баламен жұмыс: Данияр Жасминаға табиғат құбылыстарын атай білуге үйретуді жалғастыру. | Жеке баламен жұмыс: Алмас Алимаға айналасындағы заттардың міндеттерін білуге дағдыландыруды жалғастыру. | | |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. | | | | |
| Серуендеу | Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| Кешкі ас. | Балалады мәдениетті тамақтануға,оң қолмен тамақтануға,үстел басында артық сөйлемеуге тәрбиелеу. | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті. | Үстел-үсті ойыны картотека 3 «Магниттік мозаика. Кірпі» Мақсаты: мозаика-бұл әр түрлі пішіндер мен түстердің элементтері жиынтығы, олар бір-бірімен үйлеседі және кез-келген кескінді жасауға мүмкіндік береді. (Құрылымдалған ойын) | Үстел-үсті ойыны картотека 4 «Дымбілместің шоты» Мақсаты: ойын балаларды кемпірқосақтың барлық түстерімен таныстыру, 1-ден 7-ге дейін санауды үйрету. Заттар өзін-өзі жіктеуді дамыту. (Педагог жетекшілігімен ойын) | Үстел-үсті ойыны картотека №5 «Сандар» Мақсаты: Ойын-сауық түрінде балалар суреттегі объектілердің санымен салыстыруды үйренеді, сондай-ақ саусақтардың ерікті назарын және ұсақ моторикасын дамытады. (Педагог жетекшілігімен ойын) | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Кері байланыс: Ержанов Ерасыл анасымен тазалық жайында әңгімелесу. | Кері байланыс: Балалардың үйдегі әрекеті бойынша әңгіме. | Кері байланыс: Балалардың ҰОҚ алған жетістіктері туралы әңгімелеу. | | |

**«Болашақ» ересек тобы балаларының өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы
«Балдырған» бөбекжай» КМҚК**

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Тақырыпша: «Қысқы тіршілік»

Уақыты: 20-24 желтоқсан 2021 жыл IVапта

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 20.12.2021ж. | Сейсенбі 21.12.2021ж. | Сәрсенбі 22.12.2021ж. | Бейсенбі 23.12.2021ж. | Жұма 24.12.2021ж. |
|---|---|--|---|--|--|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар: (үстел үсті, саусақ және т.б.) 4К моделі Бала үні Ойын | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу. Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ат-аналарға кеңес беру. | | | | |
| | Үстел-үсті ойыны картотека №22 «Лабиринт» ойыны Мақсаты: ойлауын дамыту, логикалық байланыстарды нығайту және қолды жазуға үйретуге мүмкіндік беру. (Құрылымдалған ойын) | Үстел-үсті ойыны картотека №4 «Дымбілместің шоты» Мақсаты: ойын балаларды кемпірқосақтың барлық түстерімен таныстыру, 1-ден 5-ке дейін санауды үйрету. (Педагог жетекшілігімен ойын) | Үстел-үсті ойыны картотека №6 «Қар ханшайымы» Мақсаты: ертегі кейіпкерлерімен бірге балалар ойын алаңында қозғалады және ертегі сюжетінің әртүрлі жағдайларына түседі. (Құрылымдалған ойын) | Үстел-үсті ойыны картотека №8 «Сүйікті ертегілер» Мақсаты: баланы сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құрастыруға, сондай-ақ таныс мәтінді қайталауға үйрету. (Еркін ойын) | Үстел-үсті ойыны картотека №9 «Эмоциялар» Мақсаты: сезімдерді ажырата білуді бекіту; мимикалық дағдыларды бекіту; балалардың өзіне деген сенімділігін арттыру; өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру. (Еркін ойын) |
| Таңертеңгі жаттығу | №4 КЕШЕНДІ ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА | | | | |
| Таңғы ас | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету | | | | |

| | | | | | |
|--|---|--|--|---|--|
| <p>Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық 4К моделі Бала үні Ойын</p> | <p>Картотека №18 Бір дегенім – берік. Екі дегенім – ерік. Үш дегенім – ұшақ, Төрт дегенім – тұсақ. Бес дегенім – бауыр, Алты дегенім – ауыл. Жеті дегенім – желке, Сегіз дегенім – серке. Тоғыз дегенім – тоқпақ, Он дегенім оспақ.</p> | <p>Картотека №19 Санамақ Мына саусақ-анашым! Мына саусақ-әкешім! Мына саусақ-әжем ғой! Мына саусақ-атам ғой. Мына саусақ-мен өзім! Осы менің отбасым.</p> | <p>Картотека №20 Санамақ «Доп» Бір, (алақандарымен шапалақтайды) Екі, (отырған күйі аяқтарын алақандарымен қағады) Үш, (алақандарымен шапалақтайды) Төрт, (отырған күйі аяқтарын алақандарымен қағады) Доп ойнайық. (алақандарымен шапалақтайды) Кел, жүгір, (қолдың біресе ішімен, біресе сыртымен көздерін жабады) Тек білейік. (әр сөз ырғағымен шапалақтайды) Анық нық, (әр сөз ырғағымен аяқтарын топылдатады) Допты алып қашқан, (отыра қалады) Кім қумақ?</p> | <p>Картотека №21 Санамақ «Отбасым» Бір үйде нешеуміз? Кел санайық екеуміз Бас бармағым-әкем, Балан үйрек-анам, Орған терек-ағам Шылдыр щүмек –мен Кішкене бөбек-сен.</p> | <p>Картотека №22 Санамақ «Гүл» Қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады, Саусақтар ашылады. Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады: Саусақтар шынжыр болады, Үзілмейді тартсаңда. Ал, піл келіп шынжырды, Үзіп кетті басқанда. Тұмсығымен доп іздеп, Ойнағысы келіп тұр. Достық үшін пілге мен, Гүл сыйлағым келеді.</p> |
| <p>Мектепке дейінгі ұйымның ұйымдастырылған оқу қызметі 4К моделі Бала үні Ойын Саралау Бақылау</p> | <p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Достармен ойнау» таза ауада өткізу Мақсаты: нысанаға дәлдеп лақтыру және ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру.</p> | <p>1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көжекпен ойналық» (Дидактикалық ойын) Мақсаты: Жануарлардың қысқы тіршілігі жайлы мәлімет бере отырып, ауызша сөйлеулерін дамыту, сөздік қорларын толықтыру.</p> | <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: : «Дербестікке үйренеміз» Мақсаты: нысанаға дәлдеп лақтыру дағдыларын қалыптастыру. 2. Математика негіздері Тақырыбы: «Жоғарыда –</p> | <p>1.Құрастыру Тақырыбы: «Аққала» (қағазбен жұмыс) Мақсаты: қағаздан құрастыру дағдыларын қалыптастыру, - жырту, умаждау тәсілдері арқылы қағаздан көлемді пішіндер жасай алуға үйрету.</p> | <p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: : «Көңілді тышқандар» Мақсаты: футбол элементтерін қолдану, кеңістікті бағдарлау (оңға-солға) дағдыларын қалыптастыру.</p> |

| | | | | | |
|--|---|--|--|---|---|
| | <p>2.Жапсыру Тақырыбы: «Қарлы қыс» Мақсаты: Қайшымен және желіммен жұмыс істеуге баулу. Қыс мезгілінің табиғи ерекшеліктерін меңгерту. 4К моделі креативтілік-шығармашылыққа деген қабілеттілік, жаңаны ойлап шығару мүмкіндігін дамыту. Д/ойын: «Таңғажайып алаң»</p> | <p>Сөйлемді толық құрауға, етістік сөздерді қолдана білуге үйрету, дыбысты анық айтуға дағдыландыру. Креативтілікті дамыту. Дидактикалық ойын:«Көжекпен ойналық» №33</p> <p>2.Музыка Музыка жетекшісінің жоспарына сәйкес.</p> <p>2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Жабайы және үй жануарлары» Мақсаты: Үй жануарлары және Қазақстан аумағында мекендейтін жабайы жануарлар туралы, үй жануарларына күтім көрсету ерекшеліктері, жабайы жануарлардың өмір қалпы туралы түсініктерін кеңейту. Ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау</p> | <p>төменде, сол жағында – оң жағында. Шаршы. Мақсаты: уақыт және кеңістік бойынша бағдарлай алу дағдыларын қалыптастыру. Цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету; 4К моделі креативті ойлау дағдылары: қасиеттері мен белгілерін ауызша сипаттау бойынша затты табу; екі немесе одан да көп объектінің жалпы және әртүрлі белгілерін табу; «Цифрды тап» дидактикалық жаттығуы картотека №51</p> | <p>Дидактикалық ойын «Аққала» картотека №55</p> <p>2.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Менің елім Қазақстан!» Мақсаты: Қазақстан республикасының бас қаласы – Астана, Мемлекеттік рәміздер: Ту, Елтаңба, Гимн туралы білімін қалыптастыру. Қазақстан республикасының астанасы және мемлекеттік рәміздері туралы білім беру; Отанымызға және оның мемлекеттік рәміздеріне деген құрмет сезімдерін дамыту; Отанымызға және мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға тәрбиелеу. К- №40 Д/ойын: «Кім тапқыр?»</p> <p>3.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Туған елдің ұлымын» А.Сәрсеков Мақсаты: Тәуелсіздік күні туралы білім</p> | <p>2.Сурет салу Тақырыбы: «Ақша қар» (Заттық сурет салу)» Мақсаты: заттардың пішіні, түсі, олардың құрылымы түсініктерін сурет салу арқылы кеңейту. Қардың жауып тұрған бейнесін сала білу; бұлттардың суретін салу үшін суық түстерді таңдап алу; 4К моделі креативтілік-шығармашылыққа деген қабілеттілік, жаңаны ойлап шығару мүмкіндігін дамыту. К- №31 Д/ойын: «Экологиялық пирамида»</p> |
|--|---|--|--|---|---|

| | | | | | |
|--------------------------|--|--|--|---|---|
| | | <p>дағдыларын дамыту. Тіршілік иелеріне ізгі қарым-қатынасты тәрбиелеу. Дидактикалық ойын «Егер ол ..., онда бұл қай жануар?» картотека №46</p> | | <p>беріп, шағын өлең жолдарын жаттау. Тәуелсіздік, рәміздер туралы білім беріп, шағын өлеңді жаттауды үйрету. 4К моделі сыни ойлауды дамыту, баланың пікірін қалыптастырмас бұрын білім алуға деген ұмтылысын ояту. Баланы тәрбиешінің сұрақтарына жауап беруге, өз сұрақтары мен мәселелерін ойлануға үйрету; баланы дайын білімді қолданбай, әрекет процесінде туындайтын білімін қолдануға деген ынтасын тәрбиелеу. «Қайсысы артық?» дидактикалық ойыны картотека №43</p> | |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау, киіміндегі олқылықтарды ретке келтіруге баулу. Киімді шкафқа ретімен жинау | | | | |
| Серуен | <p>Алғашқы қарды бақылау К-№13 Мақсаты: Жерге түскен қарға сипаттама беру, бақылау жүргізуге үйрету.</p> | <p>Қысқы ағаштарды бақылау К-№15 Мақсаты: Қысқы ағаштардың басқа жыл мезгіліндегі ағаштардан айырмашылығын айыра білуге үйрету.</p> | <p>Күннің қатты аяз соғып, суытуын бақылау К-№16 Мақсаты: күннің суытуын бақылай білуге үйрету. Еңбек: Аула</p> | <p>Қарғаның тамақтануын бақылау К-№17 Мақсаты: Қарғаның тамақтануын көрсету, қыста тамақты жерге бермей, арнайы</p> | <p>Көліктерді бақылау К-№18 Мақсаты: Көліктерді, олардың түстерін, түрлерін ажырата білуге үйрету. Еңбек: Айналаны ұқыпты ұстайық.</p> |

| | | | | | |
|------------------------|--|---|--|--|--|
| | <p>Еңбек: Күректерді жинау.</p> <p>Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс. Қыс мезгіліне арналған өлеңдер айту: Аппак, аппак, жапалақтап, Қар жауады тынбастан...</p> <p>Қ/қозғалыс ойыны: «Қарғалар» К-№15</p> <p>Балалардың өзіндік іс-әрекеті.</p> | <p>Еңбек: Ойын алаңын қардан тазалауға көмектесу.</p> <p>Мақсаты: Еңбекке, тазалыққа баулу.</p> <p>Көркем сөз. Балалар шықты далағы, Ойнап, күліп жүр енді. Шаналармен озады, Аққаланы соғады.</p> <p>Қ/қозғалыс ойыны: «Құстар мен мысық» К-№13</p> <p>Балалардың өзіндік іс-әрекеттері.</p> | <p>сыпырушының еңбегін бақылау.</p> <p>Мақсаты: үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Көркем сөз. Аяз қысып, Өрнек сызып, терезені торлайды. Қарға омбығып, Бет домбығып, Сырғанап балалар ойнайды.</p> <p>Жеке жұмыс. Жұмбақ жасыру. Тісі жоқ тістеп алады, Қолы жоқ сурет салады. (Аяз)</p> <p>Қ/қозғалыс ойыны: «Ақ қоян» К-№3</p> <p>Балалардың өзіндік іс-әрекеті</p> | <p>жемсауытқа салуға үйрету.</p> <p>Еңбек: Құстарға жем беру.</p> <p>Мақсаты: құстарға қамқор бола білуге үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс: Такпақтар жаттату. Өкпелетсе анасы, Өкпелетсе ағасы. Айтам дейді «әжеме», Әжесінің баласы.</p> <p>Қ/қозғалыс ойыны: «Аңшылар» К-№8</p> <p>Балалардың өзіндік іс-әрекеті.</p> | <p>Мақсаты: Айналасын таза ұстауға тәрбиелеу.</p> <p>Көркем сөз: Үлкен болып өскенде Машина алам мен де. Бірақ ол үшін әрине, Оқу керек күнде де.</p> <p>Қ/қозғалыс ойыны: «Поезд» К-№10</p> <p>Балалардың өзіндік іс-әрекеті.</p> |
| Серуеннен оралу | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық шаралардың орындалуын бақылау | | | | |
| Түскі ас | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. | | | | |
| | Баға. Асқа адалдық, Денге саулық, Ас болсын! Әумин! | | | | |
| | Жаңа сөздер жаттау: Шаншқы, тәрелке, үстел, сүлгі, орамал. | Нан – тамақтың атасы Ынтымақ- көптің батасы Тістем нанның қадірін Тарыққанда білерсің | Жаңа сөздер: Сәбіз, қияр, асқабақ, көкөністер. | Нан қиқымын пашпаңдар Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар | Жасамас үшін ағаттық, Тыңда ақылды, қабылдап. Алдында ішер тамақтың, Қолыңды жу сабындап |
| Түскі ұйқы | Ертегі №16 «Мысық пен тышқан» ертегісін | Ертегі №17 «Су жүрек қоян» ертегісін оқып беру | Ертегі №18 «Торғай мен тышқан» ертегісін оқып беру | Ертегі №19 «Түлкі мен қасқыр» ертегісін оқып беру | Ертегі №20 «Үш жалқау» ертегісін оқып беру |

| | | | | | |
|---|--|--|--|--|---|
| | оқып беру | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары | Түйме қадалған кілем үстімен жүргізу, жалпақтабандылықты болдырмау | Асықтан жасалған құралмен арқаға массаж жасау | Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, жалпақтабандылықты болдырмау | Асықтан жасалған кілемше үстімен жүру | Арқаға арналған массаждар құралымен массаж жасау |
| Бесін ас | Ас ішерде күнде біз, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз білмейміз. | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет | Сюжетті-рөлді ойын: «Жүргізуші» Картотека №8 Мақсаты: жүргізуші мамандығы туралы білімдерін кеңейту, еңбекқорлыққа тәрбиелеу, жолда жүру ережелерін біліп сақтауға, қоғамдық көліктерде өздерін дұрыс ұстай білуге үйрету. | Вариативтік компонент «Экологиялық соқпақ» Мақсаты: экологиялық мәдениеттің негізін қалыптастыру, табиғатқа деген саналы, дұрыс көзқарасты қалыптастыру, экологиялық соқпақ бойынша экскурсияларды пайдалана отырып, оны қорғауға үйрету. | Вариативтік компонент «Ұлттық қазына» Мақсаты: Халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдарын және ұлттық ойындарды тәрбиенің көзі ретінде пайдаланып, ата – бабаларымыздан қалған асыл мұра, алтын қазынасын кейінгі жас ұрпаққа үлгі етіп, санасына жеткізу.. Тәрбиеленушілер бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру. | «Мақал мәтелдер» Айтылған мақал-мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру | Сюжетті-рөлді ойын: Картотека №9 «Шаштараз» Мақсаты: балаларды шаштараз жұмысымен таныстыру. Рөлдерге кіріп ойнай білуге үйрету. Шаштаразға келген клиенттермен мәдени түрде қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу. |
| Балалардың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | Жеке баламен жұмыс: Исатай Айшаға айналасындағы заттардың міндеттерін білуге дағдыландыру ды | Жеке баламен жұмыс: Данияр Жасминаға күрделі емес сюжеттік композициялар құрастыра білуге үйретуді жалғастыру. | Жеке баламен жұмыс: Ерлан Кәусарға салыстыру нәтижесін сөзбен жеткізе білуге үйретуді жалғастыру. | Жеке баламен жұмыс: Сағындық Аспандиярға өлеңдерді саналы, эмоционалды түрде жатқа айтауды | Жеке баламен жұмыс: Жарылғасын Нұрәліге үлгі бойынша сурет салдыру, қарандашты дұрыс ұстауға үйрету |

| | | | | | |
|--|---|---|--|---|---|
| | жалғастыру. | | | үйрету. | |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. | | | | |
| Серуендеу | Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| Кешкі ас. | Балалады мәдениетті тамақтануға, оң қолмен тамақтануға, үстел басында артық сөйлемеуге тәрбиелеу. | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті. | Үстел-үсті ойыны картотека №22 «Лабиринт» ойыны Мақсаты: ойлауын дамыту, логикалық байланыстарды нығайту және қолды жазуға үйретуге мүмкіндік беру. (Құрылымдалған ойын) | Үстел-үсті ойыны картотека №4 «Дымбілместің шоты» Мақсаты: ойын балаларды кемпірқосақтың барлық түстерімен таныстыру, 1-ден 5-ке дейін санауды үйрету. (Педагог жетекшілігімен ойын) | Үстел-үсті ойыны картотека №6 «Қар ханшайымы» Мақсаты: ертегі кейіпкерлерімен бірге балалар ойын алаңында қозғалады және ертегі сюжетінің әртүрлі жағдайларына түседі. (Құрылымдалған ойын) | Үстел-үсті ойыны картотека №8 «Сүйікті ертегілер» Мақсаты: баланы сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құрастыруға, сондай-ақ таныс мәтінді қайталауға үйрету. (Еркін ойын) | Үстел-үсті ойыны картотека №9 «Эмоциялар» Мақсаты: сезімдерді ажырата білуді бекіту; мимикалық дағдыларды бекіту; балалардың өзіне деген сенімділігін арттыру; өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру. (Еркін ойын) |
| Балалардың үйге қайтуы Тұтас бала бейнесі | Кері байланыс: Ата-аналарға кеңес: «Бала денсаулығына пайдалы қағидалар» | Кері байланыс: Балалардың үйдегі әрекеті бойынша әңгіме. | Кері байланыс: Төлеубай Қадырға тәртібі жөнінде анасымен сөйлесу. | Кері байланыс: Ауа райына байланысты баларды сай киіндіруге кеңес беру. | Кері байланыс: «Баланың күн тәртібі» |

**«Болашақ» ересек тобы балаларының өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы
«Балдырған» бөбекжай» КМҚК**

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Тақырыпша: «Қош келдің, Жаңа жыл!»

Уақыты: 27-31 желтоқсан 2021 жыл **II апта**

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 27.12.2021ж. | Сейсенбі 28.12.2021ж. | Сәрсенбі 29.12.2021ж. | Бейсенбі 30.12.2021ж. | Жұма 31.12.2021ж. |
|--|--|--|--|--|---|---|
| <p>Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар: (үстел үсті, саусақ және т.б.) 4К моделі Бала үні Ойын</p> | <p align="center">Үстел-үсті ойыны картотека №8 «Сүйікті ертегілер» Мақсаты: баланы сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құрастыруға, сондай-ақ таныс мәтінді қайталауға үйрету. Қосымша ойын дамытып, зейін, бақылаушылық, жады жаттықтыру. (Педагог жетекшілігімен ойын)</p> | <p align="center">Үстел-үсті ойыны картотека №9 «Эмоциялар» Мақсаты: сезімдерді ажырата білуді бекіту; мимикалық дағдыларды бекіту; балалардың өзіне деген сенімділігін арттыру; (Еркін ойын)</p> | <p align="center">Үстел-үсті ойыны картотека №10 «Зоологиялық лото» Мақсаты: жануарлардың атауын, жануарлардың сыртқы түрінің ерекшеліктерін бекіту. Зейінді, байқағыштықты, реакция жылдамдығын дамыту. (Құрылымдалған ойын)</p> | <p align="center">Үстел-үсті ойыны картотека №11 «Өсімдіктер, жануарлар» лотосы Мақсаты: жануарлар мен өсімдіктер әлемімен таныстыру, көкжиегін кеңейту, заттардың жалпы ерекшелігін бөліп көрсетуге және оны атрибут бойынша топтауға үйрету. (Құрылымдалған ойын)</p> | <p align="center">Үстел-үсті ойыны картотека №12 «Магниттік тарих. Жыл мезгілдері» Мақсаты: жыл мезгілдерімен танысуға, қыс, көктем, жаз және күздің бір-бірінен қалай ерекшеленетінін түсінуге мүмкіндік беру. (Құрылымдалған ойын)</p> | <p>Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу. Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру.</p> |

| Танертенгі жаттығу | №11 КЕШЕНДІ ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА | | | | |
|---|--|---|---|---|---|
| Таңғы ас | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық 4К моделі Бала үні Ойын | Картотека №4 «Бір апта» санамақ Дүйсенбіде доп ойнадық қорада, Сейсенбіде серуен құрдық далада. Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп, Бейсенбіде биледік әндетіп. Жұма күні жидек тердік қыратта, Сенбі күні кино көрдік клубта. Жексенбіде үйде болып дем алдық, Осылайша өте шықты бір апта. | Картотека №5 «Бес саусақ» санамақ Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ. Оң аяқта бес бақай, Сол аяқта бес бақай. Қосып едім екеуін Болып шықты он бақай Беске дейін санау | Картотека №6 Санамақ Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ. Оң аяқта бес бақай, Сол аяқта бес бақай. Қосып едім екеуін Болып шықты он бақай | Картотека №8 Саусақ санау ойыны Қуыр-қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш! Тауықтарға тары шаш! Бас бармақ, Балалы үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. | Картотека №10 «Нешеуміз?» Бір үйде нешеуміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармағым – әкем, Балалы үйрек – анам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкене бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. |
| Мектепке дейінгі ұйымның ұйымдастырған оқу қызметі 4К моделі Бала үні Ойын Саралау Бақылау | 1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Епті болуға үйренейік» таза ауада Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру. | 1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Аяз атаны біз қалай қарсы алдық?» (Өз тәжірибесінен әңгімелеу) Мақсаты: Жаңа жыл мерекесі жайлы түсінік беру. Өз тәжірибесіне сүйене отырып, әңгімелеуге үйрету. Сыни ойлауға тәрбиелеу, баланың | 1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Құртақанға күлуді үйретейік» Мақсаты: баланың денсаулығын қорғау және нығайту, дене тәрбиесіне қызығушылығын дамыту, денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып, қозғалыс қабілеті мен икемділігіне талпындыру. | 1. Музыка Музыка жетекшісінің жоспарына сәйкес 3. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жасыл шырша» өлеңі К. Әзірбаев Мақсаты: баланың пікірін қалыптастырмас бұрын білім алуға | 1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ағаларымыз сияқты күшті болайық» Мақсаты: доппен жаттығу жасау және еңбектеу арқылы салауатты өмір салтына машықтарын қалыптастыру. Орыс тілі мұғалімінің жоспарына сәйкес |

| | | | | | |
|--|---|--|---|---|---|
| | <p>2.Жапсыру Тақырыбы: «Жаңа жылдық ойыншықтар» Мақсаты: Ұқыпты жұмыс істеуге, еңбек ете білуге тәрбиелеу. Бейнені қабылдауын дамыту, түстер мен ырғақты сезіне білуге баулу. Мереке ерекшелігін сезіне білуге үйрету. Командада жұмыс істей білуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Түсін ажырат!» картотека №48</p> | <p>пікірін қалыптастырмас бұрын білім алуға деген ұмтылысын ояту; баланы тәрбиешінің сұрақтарына жауап беруге, өз сұрақтары мен мәселелерін ойлануға үйрету; баланы дайын білімді қолданбай, әрекет процесінде туындайтын білімін қолдануға деген ынтасын тәрбиелеу ересектермен қарым-қатысты жетілдіру. Бір-біріне жақсылық тілеуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Шыршаны безендірейік» №17</p> <p>2.Музыка Музыка жетекшісінің жоспарына сәйкес</p> <p>2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Жануарлар қысқа қалай дайындалады?» Мақсаты: Орман жануарларының тіршілік ету қалпы туралы түсініктерін</p> | <p>2. Математика негіздері Тақырыбы: «5 цифры мен саны. Сол жағында, ортасында, оң жағында» Мақсаты: 5 цифрымен таныстыру; кеңістікте бағдарлау. математикалық жұмбақтарды шешуді үйрету; 5 цифрымен таныстыру; 5 цифрын нүктелер арқылы салу; жануарларға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Дидактикалық ойын: «Екі шапалақ»</p> | <p>деген ұмтылысын ояту; баланы тәрбиешінің сұрақтарына жауап беруге, өз сұрақтары мен мәселелерін ойлануға үйрету; баланы дайын білімді қолданбай, әрекет процесінде туындайтын білімін қолдануға деген ынтасын тәрбиелеу Жаңа жыл мерекесіне байланысты ертегі арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Дидактикалық ойын: «Жасыл шыршаны құрастыру» картотека №53</p> | <p>3.Сурет салу Тақырыбы: «Біздің әсем шыршамыз». (Шырша мен ойыншықтар.) (Мазмұнды сурет.) Мақсаты: балалардың шығармашылық ойлау мен қиялын дамыту. Жаңа жыл шыршасының бейнесін сала білуге үйрету, шыршаның бұтақтары мен оның тікендерін көлбеу сызықпен үзіліссіз сызып салуға жаттықтыру, қосымша өз бетінше шыршаға ойыншықтар салдыру, саусақпен сурет салу әдісін жалғастыру, бейнені қабылдауын дамыту. Командада жұмыс істей білуге тәрбиелеу. К- №38 Д/ойын: «Жұбын тап»</p> |
|--|---|--|---|---|---|

| | | | | | |
|--------------------------|--|--|---|--|--|
| | | кеңейту; жабайы жануарлардың қысқа дайындықтарымен танысу. Жабайы жануарлардың кейбір түрінің табиғат жағдайларында тіршілік етуі туралы білімдерін кеңейту. Қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Білімге құштарлық, жануарларға махаббат сезімін тәрбиелеу Дид-қ ойын: К- №14 «Ненің құйрығы?» | | | |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау, киіміндегі олқылықтарды ретке келтіруге баулу. Киімді шкафқа ретімен жинау | | | | |
| Серуен | Боранды күнге бақылау жасау К-№19 Мақсаты: Боранды күнге бақылау жасай білуге үйрету. Еңбек: Жаңа түскен қардан жолды тазалау. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Жыланша | Қыстап қалатын құстарға бақылау жасау К-№20 Мақсаты: қыстап қалатын құстар туралы түсінік беру. Еңбек: Құстарға жем шашу Мақсаты: Қыстап қалатын құстарға қамқорлық жасау. Көркем сөз: Қарға, қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар. Боран соқса қар болар, | К-№3 Қар жауып тұрған құбылысты бақылау. Мақсаты: қар жауып тұрған құбылысты бақылай білуге үйрету. Көркем сөз: Шанамен зырлап желетін, Шаңғы, коньки тебетін, Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? | К-№4 Қырауды бақылау Мақсаты: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып түсіндіру.. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Көркем сөз. Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады. Еңбек: Аяқ киімдері | К-№2 Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу. Мақсаты: балаларға қар ұшқындарының қалай пайда болатыны жайлы айту, олардың құрылысымен таныстыру. олардың құрлысымен таныстыру, Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді. Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. |

| | | | | | |
|------------------------|--|--|---|---|---|
| | ирелеңдеп жүруге үйрету. Қ/қозғалыс ойыны: «Қоян» К-№9 Балалардың өзіндік іс-әрекеті. | Бұтаға қонар қарғалар. Қ/қозғалыс ойыны: «Қарғалар» К-№15 Балалардың өзіндік іс-әрекеті. | Еңбек: участкені тәрбиешінің көмегімен сыпыру. Мақсаты: Үлкендерге көмектесе білуге тәрбиелеу. Қ/қозғалыс ойыны: «Ақ қоян» К-№3 Мақсаты: Жеке жұмыс: «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру. Жұмбақ: Құм сияқты ұсақ болғанымен, жер бетін жауып үлгереді. (қар) Балалардың өзіндік іс-әрекеті. | мен тондарын қардан тазалау. Мақсаты: ұқыптылыққа, тазалыққа үйрету. Қ/қозғалыс ойыны: «Қасқырлар мен лақтар» К-№4 Мақсаты: Жеке жұмыс: Жаңылтпаш жаттау. Ақ, ақ Аң-аң Секендейді лақ. Аң патшасы-арыстан. Балалардың өзіндік іс-әрекеті. | Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі. Көркем сөз: Қыста көлге мұз қатты, Табанымды мұздатты. Мұз ойылып кетті тез, Күліп едік, біз қатты. Еңбек: Ойын алаңын қардан тазарту. Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Мәтел: Қар көп болса, астық көп болады. Қ/қозғалыс ойыны: «Түсті автокөліктер» К-№2 Балалардың өзіндік іс-әрекеті. |
| Серуеннен оралу | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық шаралардың орындалуын бақылау | | | | |
| Түскі ас | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. | | | | |
| | Ас - адамның арқауы. | Ас атасы – нан. | Жасамас үшін ағаттық, Тыңда ақылды, қабылдап. Алдында ішер | Нан қиқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар | Нан – тамақтың атасы, Ынтымақ- көптің батасы Тістем нанның қадірін, Тарыққанда білерсің. |

| | | | | | |
|---|--|--|---|---|---|
| | | | тамақтың, Қолыңды жу сабындап | Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар | |
| Түскі ұйқы | Ертегі оқып беру №18 «Торғай мен тышқан» | Ертегі оқып беру №19 «Түлкі мен қасқыр» | Ертегі оқып беру №20 «Үш жалқау» | Ертегі оқып беру №21 «Сауысқан мен көкек» | Ертегі оқып беру №22 «Төлдер айтысы» |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары | Түйме қадалған кілем үстімен жүргізу, жалпақтабандылық ты болдырмау | Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау | Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, жалпақтабандылықты болдырмау | Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау | Түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру |
| Бесін ас | Дастархан басындағы әдептілікке үйрету, тамақты тауысып жеуге, сүттің, айранның, ірімшіктің, құрттың пайдасы туралы әңгімелесу | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет | «Дәрігер» сюжеттік рөлді ойыны | Вариативтік компонент «Экологиялық соқпақ» Мақсаты: экологиялық мәдениеттің негізін қалыптастыру, табиғатқа деген саналы, дұрыс көзқарасты қалыптастыру, экологиялық соқпақ бойынша экскурсияларды пайдалана отырып, оны қорғауға үйрету. | Вариативтік компонент «Ұлттық қазына» Мақсаты: Халқымыздың салт- дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдарын және ұлттық ойындарды және ұлттық ойындарды тәрбиенің көзі ретінде пайдаланып, ата – бабаларымыздан қалған асыл мұра, алтын қазынасын кейінгі жас ұрпаққа үлгі етіп, санасына жеткізу.. Тәрбиеленушілер бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру. | Мақал-мәтел айтып тілін жаттықтыру. | Жұмбақтың жауабын таба білуге үйрету. |
| Балалардың жеке даму картасына сәйкес жеке | Жеке баламен жұмыс: Төлеубай Қадірге айналасындағы | Жеке баламен жұмыс: Абдулла Айаруға күрделі емес | Жеке баламен жұмыс: Исатай Айшаға салыстыру нәтижесін | Жеке баламен жұмыс: Жанар Дінмұхаммедке | Жеке баламен жұмыс: Данияр Жасминаға шарбақтың |

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|--|
| жұмыс | заттардың міндеттерін білуге дағдыландыру ды жалғастыру. | сюжеттік композициялар құрастыра білуге үйретуді жалғастыру. | сөзбен жеткізе білуге үйретуді жалғастыру. | өлеңдерді саналы, эмоционалды түрде жатқа айтауды үйрету. | суретін үлгі бойынша салдыру, қарандашты дұрыс ұстауға үйрету |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. | | | | |
| Серуендеу | Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| Кешкі ас. | Балалады мәдениетті тамақтануға,оң қолмен тамақтануға,үстел басында артық сөйлемеуге тәрбиелеу. | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті. | Үстел-үсті ойыны картотека №22 «Лабиринт» ойыны Мақсаты: ойлауын дамыту, логикалық байланыстарды нығайту және қолды жазуға үйретуге мүмкіндік беру. (Құрылымдалған ойын) | Үстел-үсті ойыны картотека №4 «Дымбілместің шоты» Мақсаты: ойын балаларды кемпірқосақтың барлық түстерімен таныстыру, 1-ден 5-ке дейін санауды үйрету. (Педагог жетекшілігімен ойын) | Үстел-үсті ойыны картотека №6 «Қар ханшайымы» Мақсаты: ертегі кейіпкерлерімен бірге балалар ойын алаңында қозғалады және ертегі сюжетінің әртүрлі жағдайларына түседі. (Құрылымдалған ойын) | Үстел-үсті ойыны картотека №8 «Сүйікті ертегілер» Мақсаты: баланы сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құрастыруға, сондай-ақ таныс мәтінді қайталауға үйрету. (Еркін ойын) | Үстел-үсті ойыны картотека №9 «Эмоциялар» Мақсаты: сезімдерді ажырата білуді бекіту; мимикалық дағдыларды бекіту; балалардың өзіне деген сенімділігін арттыру; өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру. (Еркін ойын) |
| Балалардың үйге қайтуы Тұтас бала бейнесі | Кері байланыс: Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын дайындаңыз». | Кері байланыс: Балалардың үйдегі әрекеті бойынша әңгіме. | Кері байланыс: Ағзамсофа Ақсұңқарға тәртібі жөнінде анасымен сөйлесу. | Кері байланыс: Кеңес «Ойыншықтың бала өміріндегі маңызы». | Кері байланыс: «Баланың күн тәртібі» |

**«Болашақ» ересек тобы балаларының өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы
«Балдырған» бөбекжай» КМҚК**

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

Тақырыпша: «Қызықты қыс мезгілі»

Уақыты: 05-06 қаңтар 2022 жыл I апта

| Күн тәртібі | | | Сәрсенбі 05.01.2022 ж. | Бейсенбі 06.01.2022 ж. | |
|--|--|--|---|--|--|
| <p>Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар: (үстел үсті, саусақ және т.б.) 4К моделі Бала үні Ойын</p> | <p>Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу. Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ат-аналарға кеңес беру.</p> | | | | |
| | | | <p align="center">Үстел-үсті ойыны картотека №11 «Өсімдіктер, жануарлар» лотосы</p> <p>Мақсаты: жануарлар мен өсімдіктер әлемімен таныстыру, көкжиегін</p> | <p align="center">Үстел-үсті ойыны картотека №13 «Дамыту лотосы»</p> <p>Мақсаты: ойын барысында балалар «пішін» және «түс» ұғымдарымен</p> | |

| | | | | | |
|--|---|--|--|--|--|
| | | | кеңейту, заттардың жалпы ерекшелігін бөліп көрсетуге және оны атрибут бойынша топтауға үйрету. (Құрылымдалған ойын) | таныстыру. Ойын зейінді, пішін мен түстерді салыстыру қабілетін, сонымен қатар логикалық тізбекті анықтау қабілетін дамыту. (Еркін ойын) | |
| Таңертеңгі жаттығу | №5 КЕШЕНДІ ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА | | | | |
| Таңғы ас | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық 4К моделі Бала үні Ойын | | | Картотека №19 Санамақ Мына саусақ-анашым! Мына саусақ-әкешім! Мына саусақ-әжем ғой! Мына саусақ-атам ғой. Мына саусақ-мен өзім! Осы менің отбасым. | Картотека №2 Санамақ Екі көз бен қос құлақ Бір бас пенен бір мұрын Нешеу болды қос шырақ, Санап шығар кім бұрын?! Екі аяқ пен екі қол, Бір ауыз бен бір тілің... Нешеу болды қане, бол, Санап шығар кім бұрын?! Сұқ саусағым суға барды Ортаң қолым орақ орды. Аты жоғым ағаш жарды, Жұмсамапты алақаным, Тек шынашақ– | |

| | | | | | |
|---|--|--|--|---|--|
| | | | | балапанын. (М. Қуанышбеков) | |
